Жалпы адамзаттық құндылығы бар тәлтума мәдениетімізді қалыптастыратын өнердің өміршендігі, жан-жақтылығы адамзат баласының қоғам мен тарихқа деген объективті көзқарасынан бастау алады. Халықтың санасы қоғам дамуы мен тарих заңдылығынан тыс қала алмайды. Рухани құндылықтар ел санасына сіңіп, жаңғырған бүгінгі таңда өткенге үңіліп, ұлт тәуелсіздігі жолындағы сал-серілердің қоғамда, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде өзіндік орны бар екенін айта аламыз.

Сал-серілер қашанда халықтың ойын-сауық өнерін жаңа көркемдік сипатта дамыта отырып, ұлт мүддесіне, халық игілігіне жаратты. Сұлулықты сүю, жан сұлулығын сезіну — сал-серілерге тән қасиет. Табиғатынан ерекше, текті өнер адамдарының сыртқы келбеті мен жан әлемінің кіршіксіз тазалығының үйлесуі заңды құбылыс. Ел алдында актер болып, сайқымазақ ретінде әзіл мен қулық элементтерін жетік меңгерген сөз тапқыш, суырып салма, яғни өнердің хас шеберлері, ел аралап, биік парасаттылықты, адамгершілік негізін, ұлт келбетін көрсете білген.

Сал-серілердің ішінде аты аңызға айналған, өмірі жұмбақ ертегідей, ел еркесі, ұлт мақтанышы, сұлулық пен пәктіктің символына айналған Ақан сері Қорамсаұлы болды. Ол жастайынан домбыраның үнімен жанын тебіренітіп, қазақ музыкасына ден қойып өсті. Серіге тән кербездік, жинақылық, сезімталдық Ақанға тән. Серіліктің алғы шарты сыртқы формасы (пішіні) — әсем киіну болғандықтан, өзінің дене бітіміне, денесіне киімнің сай келіп, жарасуына, оны жұрт қабылдап, ерекше назар аударуына Ақан қатты көңіл бөлген. Рыцарь кейіпіндегі қазақ серісінің ат спортына да қызығушылығы кейбір деректерде кездеседі. Эстетикалық идеалы, талғамы жоғары Ақанның адам ретінде өмірді тануы, қабылдауы ғажап құбылыс. Сондықтан ол өз ортасынан оқшау. Ақан серінің өзгелерде қайталанбас эмоциялық, психологиялық ерекшеліктері оның жеке индивид ретінде қалыптасуына себеп болды. Жазушы С.Жүнісов Ақанның қоғамдағы ролін оқырман сұранысына сай дер кезінде көркем шығармаға арқау етіп, ұлттық тұлғаны биік деңгейге көтерді. Сал-серілердің жинаған байлықты саналы ғұмырына, сәнді де мәнді тіршілігіне жұмсау қазақ халқының ежелден келе жатқан дархандығы, жомарттығы болса керек.

«Ақан ешбір дәуірдің меншігі емес, ол — барша халыққа, барша дәуірге қызмет ететін ұлы тұлға. Ең бастысы — ол адамды, адам сөзімен жалтақсыз жырлаған әнші-ақын. Жақсылық, сұлулық, әсемдік атаулы адамға қызмет етсе, әділ заман орнаса, әділетті ел басшылары болса, сұмдық, зұлымдық атаулының жолы кесілсе, сұлулыққа сұқтана қараған көздер жұмылса, Ақан арманы осы болды» [6].

Сәкен Жүнісовтің әлеуметтік мәселелерге арнайы тоқталып, шымыр жазу мәнері қанау мен әлеуметтік теңсіздік жайлаған қоғамда, нағыз творчество адамының қиын тағдыры бүкілхалықтық трагедияға айналатындығын айқын көрсетеді. Аса көрнекті халық композиторы, әрі әнші Ақан серінің өмірбаянын қазбалап жатпай-ақ, автор халықтың жасампаз рухының сарқылмас күші мен жеңілмейтіндігін, оның бостандық сүйгіш қасиеті мен талантын ешқашан өлтіруіне мүмкін еместігін білдіретін барынша шыншыл шығарма туғыза алған.

Ұлттық рухта ұрпаққа эстетикалық нәр беретін көркем туындыдағы Ақан тұлғасы тарихи факт негізінде қаламгердің дүниетанымы мен ізденуінің жемісіне айналды. Адамды зертейтін көркем туынды жеке адамдардың өмірі арқылы қоғам тынысын, әлеуметтік тұрмыстың ахуалын ой таразысына салады.

Қасиетті ата-баба жерін таптап, зираттар үстінен егін салған переселендердің ісіне налып:

*Қай дума комиссия болса дағы
Бұған закон сұраймыз төрелесіп
Жетпіс екі миләтте жол бар ма екен,
Сүйекті, дінді қорлау тепкілесіп?
Россия патшасының мизамында,
Мұндай іске «Інжілде» закон нешік?*

Ақан сері зиялы азамат, озық ойлары үшін Петербург университетінен қуылған Мәмбетәліден пікір алысып, экономикалық жағдайдан хабардар болады. Өз ойын патшаға ескертуінде былайша білдіреді:

*Қазақ малы азайса, халқың азар
Қалайша бай-көпестер дүкен жасар*

*Қазақ малы кемісе, бәрі кемір:
Ірбіт, Мәскеу, Мәкәрші — күллі базар
Сиыр, қой, жылқы қылы, май терісі,
Фабрикте асыл пұлды жүннен тозар.*

Ақан қазақ болмысына тән ұяндық, кішіпейілдік арқылы тәлім-тәрбиеге мән берген. Ел аралап жүргенде көрген келеңсіздіктерді ашық айтып, өлеңге қосып, үлгі-өнеге көрсетіп жүрген. Ол сұлулық пен махаббатты жырлап қана қоймай, өміріне азық етті, қоғамдағы мәңгілік тақырыптарды гуманизм тұрғысынан жырлады.

«Егер өз алдына жеке мемлекетті, сол кездегі қазақ түсінігіндегі жеке елді, өз алдына дербес қоғамды құрайтын не?» — десе, қалың елдің әр үйден, отбасынан құралатыны, сол елдің тағдыры әр отбасының, үй-ішінің әл-ауқатынан, тұрмыс-тіршілігінен байқалатыны айқын, Ақан сері отбасын осылайша түсінді. Отбасының билігі отағасында болса, үй-іші — ошақ басының иесі, берекесі, ата-анасы — әйелде екенін уағыздаған ақын, сол екі иенің татулық, бірлігі, ата-аналық махаббаты, сол шаңырақты ұстап тұратын діңгегі екенін, ел бірлігі, ұлт дәрежесінің де негізгі қазығы осы екеуінің бірлігінен, ірілігінен басталатынын болашаққа ғибрат етті» [7].

Ақан қашанда тылсым дүниені терең түсінуге, зұлымдық пен адамшылықтың ара жігін ажыратуға ұмтылды, ел бірлігінің ажырамауын ойлады, ертеңгі күнге сеніммен қарады.

*Болғанда мұндай күйде заманымыз
Жай жатып сахарада қамаламыз.
Болыс би ет пен шайға мәз болуда
Қайткенде тура жолды таба аламыз.*

Қазақ сал-серілерінің өнерпаздық өнер жолы туралы еңбегінде С.Негимов Ақан серіге жан-жақты тоқталады. «Ақан сері — синкретті өнердің біртуар көрнекті өкілі. Жомарт табиғаттың, киелі топырақтың бекзат тумасы, жемісі. Атам заманда, адамзаттың сәбилік дәуірінде, тарихтың табалдырығында, музыка, поэзия, мифология, магия, гармония, ілім-білім, дін, елшілік — барлығы бір-бірімен тоғыса, ұштаса, біртұтастықта өмір сүрген. Ендеше, Ақан сері — осындай әдемі дәстүрді құбылтып түрлендірген, толық сақтап күнге жеткізген, байыта дамытқан кесек тұлға» [8].

Сол дәуірдегі тарихи оқиғаларды қоғамдық-әлеуметтік, саяси жағдаяттардан бөліп алып қарау мүмкін емес. Ендеше, әр кезеңнің өзіне тән салты, заңы бар десек, Ақан серінің өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жартысы оның жеке басына әсер етпей қоймады.

Ақан — өнер адамы. Оның рухы биік. С.Жүнісов Құлагерінен айырылған Ақанның қайғысы — қазақтың қайғы-мұңы, аспанды қара түнек бұлт шарлаған заманы екенін айтады. М.Жұмабаев 1923 жылы «Сана» журналына Ақанның өмірі жайлы мәлімет беретін мақала жариялады. Ақанды «пері шалды» деп, жұрт шошына қараған кезде Мағжан қарсы ой қозғайды. «Ақанның осы мінездерінің, осы істерінің бәрі жат, бәрі ұғымсыз, ел не деуге де білмей қалады. Жынды деп-ақ қояр еді, қалың қарауылда Ақаннан есті, Ақаннан шешен, Ақаннан көсем кім бар? Ермін деген ерлер шеше алмаған түйінді Ақан шешеді. Екі жақсы бас қосса, сөзді Ақан бастайды. Қандай ұшынған дау болса да, Ақан бітіреді. Ендеше, Ақан жынды емес. Оған мұсылман перісі иеленген болар дейді» [9]. Ақан — өз дәуірінің перзенті. Қазақ ұлтының кесек тұлғасы. Беймезгілдеу заманда ғұмыр кешкен сері дәрменсіздігі, бағыныштылығы заңды да еді.

Өзінің даму жолында қай халықтың әдебиеті болмасын әлем аренасында өзінің көркем құндылықтарымен, өзгеге ұқсамайтын салт-сана, дүниетанымымен ерекшеленеді. Қаламгер С.Жүнісов қоғамның шындық бейнесін жасау арқылы тарихи процестегі жеке адам тағдырын, трагедиялық жағдайын қазақ ұлтының болмысы аясында суреттеді.

С.Жүнісов қалам тартқан көркем шығарманың идеялық-эстетикалық мәнін автор мен басты қаһарман арасындағы тұтас бірліктен көреміз. Ерте заманнан адам баласының айға, күнге табынуы, табиғаттың тылсым күшінен нәр алуына зер салсақ, Ақанның «адам перісі» атануы да ғажап құбылыс. Адам жанынан таба алмаған қамқорлықты, жанашырлықты Ақан Қоскөлді кимай жағалап жүрген Атақаздан іздейді. Қанат қайырылып жанұшырған құс тағдыры — Ақанның тағдырындай. «Жалғыз қараша қаз түні бойы қаңқылдай-қаңқылдай шаршады ма екен, әлде тіршіліктен енді күдер үздіме екен, тағдырына мойынсұнып төніп қалған өлімді мойындағандай анда-санда бір қиқ етіп әлсіз үн қатады» [10].

С.Жүнісовтің «Ақан сері» дилогиясы — философиялық тереңдігімен, кез келген адам көне беретін нәрсе емес қой, өткен-кеткен көре берсе не болады? Оны құдіреттің немесе халықтың гуманизм тұрғысынан адам рухының, қасиеттерінің құндылығымен, бір ұлттың рухани келбетін көрсете алатын Ақан сынды типтік бейнені сомдаған өнер туындысы. Жазушы әншілік, акындық, серіліктен бастау алған Ақан серінің өмір жолын азаматтық тұлға, ұлт өкілі ретінде биік деңгейге көтеріп, әдеби процестегі ежелгі дәстүрді дамытты.

Жаһандану, яғни әлемдік үрдісте ұлттық сананың оянуы, ұлттық зерденің жаңғыруы — ұлттық менталитет ерекшеліктерін айқындап береді. Ақан — ұлттық болмыс тұтастығын жинақтаған ұлттық образ. Қаламгер танымдық тұрғыдан таразылап, Ақан бейнесі арқылы қазақ қоғамындағы қоғам мен адам арасындағы байланыс проблемасын көтерді, өз қаһарманын поэтикалық деңгейге көтеру арқылы жазушы ұлттық болмысты, өнер адамдарына тән асыл қасиеттерді жарқыратып көрсете білді.

Қазақтың өнерпаз ұлы тұлғалары жайлы жазылған көркем шығармалар жайында зерттеп жүрген ғалым Қ.Әбдешұлы «Қазақ жазушыларының өз туындыларында қазақ тарихында, қазақ қоғамында елеулі орын алған тұлғалардың елдігіміз, ұлттық бірлігіміз, рухани ынтымағымыз үшін сіңірген еңбегін әдеби кейіпкерлер арқылы жарқыратып ашуы оқырман назарын бірден өзіне аударды... Қазақ қаламгерлері осынау әдеби тұлғалар арқылы қазақ тарихының тереңіне бойлады. Ұлтымыздың, халқымыздың тәуелсіздік, азаттық жолындағы сан тарапты күрес-тартысын нақты оқиғалар арнасына сыйғызуға мүмкіндік алды», — деп өз ойын түйіндейді [11].

Ендеше, бүгінгі тәуелсіздігіміздің негізі — заман шындығын көрсете білген ата-бабаларымыздың ігі мұраттар жолындағы өмірі, әлемдік өркениетке бет алған Қазақстан мемлекетінің өткен тарихы, қазақ ұлтының тұтас бейнесі деп білеміз.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н. Ғасырлар тоғысында. — Алматы: Өнер, 1996. — 129-б.
2. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі / Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңғытбаев. — Алматы: Ана тілі, 1998. — 255–256-б.
3. Тұрсынов Е. Қазақ ауыз әдебиетін жасаушылардың байырғы өкілдері. — Алматы: Ғылым, 1976. — 148-б.
4. Ысмайылов Е. Ақындар. Алматы: Қазмемкөркемәдеббас, 1956. — 66-б.
5. Марғұлан Ә. Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер... Қазақтың сал, серілік дәстүрі // Жұлдыз. — 1983. — № 9. — 179-б.
6. Қирабаев С. Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет. — Алматы: Ғылым, 2001. — 82-б.
7. Сәкен сері (Жүнісов С.) Ақан сері — алыптардың бірі // Егемен Қазақстан. — 1993. — 31 шілде. — 2-б.
8. Негимов С. Қазақтың сал-серілері. Ғылыми эсселер. — Алматы: Ана тілі, 2005. — 94 б.
9. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер / Құраст. Х.Абдуллин, Б.Дәрімбетов, З.Жұмабаев. — Алматы: Жазушы, 1989. — 323-б.
10. Жүнісов С. Таңдамалы шығармалар: Екі томдық. — 2-к. Ақан сері. Роман. Повесть және әңгімелер. — 2-т. — Алматы: Жазушы, 1981. — 395-б.
11. Әбдешұлы Қ. Қазақ прозасы және ұлттық идея. — Алматы: Қазақ ун-ті, 2005. — 5-б.

С.Сейфуллиннің «Айшасы» және романтизм эстетикасы

Жарылғапов Ж.Ж.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

В данной статье исследуется проблема художественного метода в казахской прозе, а также анализируются роль метода романтизма и его жанровые особенности. На основании анализа повести С.Сейфуллина «Айша» автор раскрывает особенности романтизма, которых придерживается писатель, показывает мастерство писателя в использовании художественных методов для создания романтических образов. Определены стилистические сходства и различия творческой лаборатории С.Сейфуллина и его современников.

In given article the problem of an art method in the Kazakh prose is considered, and also the role of a method of romanticism in the Kazakh prose and its perfection from the point of view of genre features is analyzed. On the basis of the analysis of S.Sejfullin's story «Ajsha» the author of article opens features of romanticism which the writer adheres. There in the article is shown skill of the writer in use of art methods for creation of romantic images. There are also defined stylistic similarities and distinctions of creative laboratory of S.Sejfullin and its contemporaries.

Романтизм әдісі әсіресе поэзиялық жанрлардың құрылымынан маңызды орын алды. Өйткені поэзиялық дәстүрдің қуаты жаңа мүмкіндіктердің ашылуына ықпал етті. «Көркемдік дәстүр, көркемдік-эстетикалық сана өнердің күрделі құбылысы ретінде көрінеді. Бұл көне әдеби мектептермен, ағымдармен, бағыттармен және қазіргі көркемдік өлшемдермен арқаулас құбылыс», — деп С.Негимов айтқанындай, халық ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі романтизм, «Зар заман» ақындарындағы әлеуметтік-консервативті романтизм, Абай шығармаларындағы романтикалық бейнелеу қалыптары жаңа дәуірдегі поэзияның эстетикалық-философиялық тұғыры бола алды [1]. Десек те, ұлттық және әлемдік дәстүрлерден тамыр тарта бастаған қазақ прозасы айналадағы дүниеге әсері оқшау, асқақ рухтағы образдар жасау арқылы және авторлық субъективизмді мейлінше тереңдету арқылы романтизмнің эстетикасын игере бастады. Жазушылардың өздері мүлде келісе алмайтын қоғам заңдылықтар, әлеуметтік қатынастарға деген жеке көзқарастарын көркем жеткізудегі романтикалық леп, романтикалық суреттеу амалдары күрделі жанрлармен қатар прозаның ықшам жанрларын да қамтыды. Мысалы, С.Сейфуллиннің 1917 жылы жазған «Жұбату» әңгімесіндегі кейіпкер — Мүслимажанның басындағы ауыр халді суреттеуде романтикалық шарттылықтарға сүйенгендігі көзге бірден шалынады. Қазақ қызының басындағы қиыншылықты бейнелей отырып, әлеуметтік ортаның өктемдігін безбендеуге тырысатын жазушы қаһарман тағдырына ешқандай шектеусіз араласады. Өзінің айрықша субъективтілігімен көзге түсе отырып, Мүслимажанның басындағы қиянатқа араша түседі. Автордың «Қарындасым, шерлі қарындасым, Мүслимажан! Жылама, тый көзіңнің жасын! Өтер қайғылы қара түн! Міне, рауандаған таң белгісі! Ашылар бақытың! Зұлмат қара түнді қуып, жарқырап таң атар! Дүниеге алтын нұрын шашып, жер-көкті шаттандырып, қарсы алдыңнан күн шығар! Міне, ақырындап ескен, беттен сүйген майда жел. Бұл — таң хабаршысы!

Бұл — бақыт хабаршысы. Міне, жарқырап атып келе жатқан ерік таңы... Міне, бұл — бақыт таңы, қара алдыға, күтіп ал бақытыңды» деген жолдардан өршіл үміт пен болашаққа деген кәміл сенім көрініс табады [2; 8]. Әңгімеде Мүслимажанның характерлік ерекшеліктерін ашып көрсетуден бұрын кейіпкер ахуалын жеке көзқарасы мен әсерлері тұрғысынан баяндауға көңіл бөлген суреткер асқақ арманына ерік береді. Көңілі асыққан идеал өміріне бүгінгі шындықты қарсы қоя суреттейді. «Мен білемін қаусаған шалдың құлдығында, күндігінде жүріп сарғайған қазақ қызын. Мен білемін наданның хайуан нәпсісі үшін екі-үш қатынның бірі болып қыспақта жылап жүрген қазақ қызын. Мен білемін шын махаббатпен сүйген ғашығына қосыла алмай сарғайып, «уһ» дегенде көкірегі қарс айрылып жүрген қазақ қызын» деп толғанатын жазушы өзі қабылдай алмаған дүниенің ұнамсыз болмысын жеткізуді бірінші кезекке қояды. Субъективті эмоцияны айғақтап отыратын, әлденеше рет қайталанып келетін «мен білемін», «қазақ қызы» тіркестері шығармаға экспрессивті серпін берген. Мұндай поэтикалық сөз мүмкіндіктері бүгінгі күннен оқ бойы озық тұрған жазушы идеалын айрықшалауға қажет. Шығарманың «Күтіп ал бақытыңды!» деп түйінделуі дүниеге романтик көзімен қараған Сәкеннің максималистік бағытынан хабар береді. «1917 жылы жазған «Мүслима»

(«Жұбату») деген әңгімемде Горькийдің романтикалық әңгімелерінің әсері күшті» деген автордың өз сөзі де төңкеріске дейінгі поэзиялық шығармаларымен қатар, проза жанрындағы алғашқы туындыларының күшті бір буыны романтизм болғандығын дәлелдейді.

С.Сейфуллиннің прозасынан өзіндік орын алатын романтизм сынды көркемдік әдіс ерекшеліктерін «Айша» повесінен де аңдаймыз. Бұл шығармада «Жуандық» әңгімесіндегі идеялық-тақырыптық мазмұн одан гөрі кеңірек арнада жалғасын тапты. Азаттық аңсаған жандары романтикалық әрекеттерге бастаған Жамал, Ғайша, Қамар, Шұға тәрізді әдебиетке өзгеше сипат әкелген кейіпкерлер қатары Айша бейнесі арқылы толықты. Әрине, Сәкен повесінің өзіндік стильдік-көркемдік ерекшеліктері жоқ емес. Академик С.Қирабаев: «Айша — өзі тектес қазақ қыздары Қамар, Шұға, Жамал, Ғайша сияқты емес, өз бақытын өзі қорғауға шыққан батыл, жаңа қыздың типі... XX ғасыр басындағы әдебиетте кең көтерілген әйел теңсіздігі мәселесін жалғастыру дәстүрінде жазылғанымен, «Айша» повесі жаңаша табылған шешіммен, көркемдік ерекшеліктерімен өз кезінің елеулі шығармалары қатарына кіреді», — деп жазған болатын [3]. Дәуірінің қалыптасып қалған заңдылықтарына саналы түрде қарсы көтерілген Айша бейнесінің «бүлікшіл» табиғатынан төңкерісшіл мазмұндағы романтизм белгілерін көреміз. Қазақ прозасындағы осы типтес образдардан Айша бейнесінің айырмашылықтарын жазушының романтикалық бейне жасауы тұрғысынан саралап көруге болады. Шығарма сюжеті бастапқы романдардағыдай бір-біріне ынтық ғашықтар тағдырының айналасында емес, жеке басының еркіндігі үшін күрескен өжет қыздың төңірегінде өрбиді. «Бақытсыз Жамал», «Қалың мал», «Қамар сұлу» романдары мен «Шұғаның белгісі» повесінде басына қара бұлт үйірілген бойжеткеннің қасында сүйген жігіттері сүйеніш болып, көбінесе бостандық үшін күресте бірге жүрсе, мұнда Айша айналасындағы әділетсіздікке жалғыз қарсы тұрады. Өзі мойындамаған қоғам мен өмір талаптарын бұзып-жарып өтуге жалғыз бел байлауы, автордың образ бойына әсіре қайраткерлік дарытуы жеке тұлғаны әбден даралау мақсатынын туғаны белгілі. Қазақ әдебиетінің мысалында теңіне қосылуға ырзалығын бермеген төркініне іштей қарсы болған, еркіндік аңсап, әке үкімін аттап, сүйгенімен бірге қашып кеткен қазақ қыздарының образдары болғанымен, ата-ана шешіміне ашық қарсы тұрған бірбеткейлікті көре алмаймыз. «Тағы да барып айт, — дейді ол Садырбек деген құрбы-замандасын әке-шешесіне жұмсап, — мен Боранбай баласына баруға ақыретте де ырза емеспін. Маған оның байлығының керегі жоқ, қатыны өлген, үйінде жетім балалары жылаған, күшіген сияқты үңірейген, сақалы күректей қара шұбарға мен қатын бола алмаймын. Егер де мұндай адамға мені малға сататын болса, мен тәңір алдында көз жасымды кешпеймін. Және өле-өлгенше менің әке-шешем, туған-туысқаным жоқ деп білем... Міне, бір тәңірге аян болсын, мына батқан күнмен бірге батайын. Тәңір алдында қолым жағаларында болады. Онан соң өле-өлгенше ешқайсысының бетін көрмеймін», — дейді Айша [2; 313]. Ұлттық мораль тұрғысынан алып қарағанда мұндай «безүшілік» тым қатқыл көрінетіні рас. Кейіпкер бойындағы мұндай тосын мінездердің бейнеленуін жазушының субъективті бірбеткейлілігімен түсіндіруге болады. Өйткені Сәкен өзінің идеясын жүзеге асыру үшін заман шындығынан озық, мейлінше дара кейіпкер таңдауға тырысып, оның бойына таза субъективті тілектерін сыйғызуға талпынған. Содан барып, шығарманың реалистік сипатынан гөрі, романтикалық бояуы қалыңдай түседі.

Бірінші дүниежүзілік соғыстың аяқталып, Ақпан төңкерісінің болуы қазақ зиялыларын, жалпы алғанда қырдағы қалың елдің болашаққа деген сенімін күшейтті де, бөлекше саяси атмосфера қалыптастырды. Келер күннің жарқын жаңалықтарына деген риясыз сенім, идеалды болашақ туралы ойлар С.Сейфуллиннің Қазан төңкерісіне дейінгі шығармаларының негізгі арқауы болды. (Тіпті қаламгердің шектен тыс идеяға берілуі бүгінгі өмірден алшақтап кетуіне де соқтырған тұстар да кездеспей қалмайды). «Айша» повесінде бүгінгі шындық пен келешектегі идеал-өмір бір-бірімен ымырасыздықта, қақтығыста суреттеледі. Жазушының шығармадағы оқиғаларға қатынасы, ұстанымы осы романтикалық контрастардан айғақталып отырады. Мұны «Айша» повесіндегі уақыт пен кеңістік категориялары арқылы да саралап көруге болады.

Әр көркемдік әдіс, не әдеби бағыттардың уақыт категориясын өзінше қабылдап, өзінше дамытатынын ғалымдар айтып келе жатыр. Мысалы, «сентиментализм автордың бейнелеуіндегі сюжетікке бір табан жақын уақытты дамытты. Натуралистер болса өздерінің «физиологиялық» очерктерінде шындықтың фотографиялық суретін жасай отырып, уақытты «тоқтатуға» тырысты. «Ашық» уақыт XIX және XX ғасырлардағы реализмге тән» деген сияқты ойлар [4]. Сондай-ақ романтикалық туындыларда автордың субъективті пікірлері маңызды орын алуы себепті реалды, поэтикалық уақытпен (немесе сюжет уақыты) бірге, авторлық уақыт алдыңғы қатарға шығады. Уақыт пен кеңістік байланыстарын көркем әдебиетте игеруге байланысты М.Бахтиннің «хронотоп» (қазір

«мекеншак» баламасы қолданылып жүр) жайындағы идеясы дүниеге келгені мәлім. Бірақ ол хронотоптың көркем әдебиетте жанрлық мағына беретінін дiттеді. Қаламгердің көркемдік әдісін қалыптастырудағы «кеңістік» пен «уақыт» ұғымдарының маңызды екенін атап өткен А.А.Гаджиев болатын. Оның айтуынша, жазушының көркемдік әдісінде «уақыт пен кеңістіктегі әрекеттерді ұйымдастыру принциптері» көрініс табады. Шығармашылықтың романтикалық типіне өмірді бейнелеудің уақыт пен кеңістік жағынан алшақтығы принципі тән [5]. Осы уақыттық ерекшеліктер романтиктердің шығармаларында концептуалдық маңызға ие болды. Реалистер өткен шақ пен осы шақты немесе осы шақ пен болашақты әлеуметтік ортаға бейімделген мінездер арқылы ашып, сюжеттік және реалды уақыттың тепе-теңдігін, «уақыттар байланысының» циклдығын қатаң сақтауға тырысса, романтизмде уақыт мүмкіндіктері көбіне автор идеалын танытуға керек. Сол тәрізді «уақыт образы» С.Сейфуллиннің «Айша» повесінде романтикалық ыңғайға сай қолданылған деп айтуға негіз бар. Шығармада авторлық уақыт мәтіннен тыс өмір сүреді. Бас қаһарманның әлі орнамаған, келешектен күтетін жарқын тұрмысы мен бостандығы қаламгердің өзі идеяландырған уақытында, қиялында ғана. Оның сұлбасы нақты бейнеленбей, символдау арқылы меңзеледі. Таң ата құлағына шалынған зауыт гудогы, өндіріс орны жаңа өмірдің, яғни автор уақытының, символдары. Автордың идеал-уақыты «өмірде әзірше жоқ, бірақ болатын дерекке негізделеді» (З.Қабдолов).

Шығарманың бүкіл құрылымы романтикалық бейнелеу ұстанымдарына бағындырылған деп біржақтылыққа ұрынудың да реті жоқ. Бұл жерде біз романтикалық қаһарман жөнінде ғана сөз қозғап отырғанымызды ескерте кетпекпіз. Өйткені суреткердің нақты тарихи уақыттан ешқайда қашып құтылмайтыны, тарихи өмір шындықтарын мүлде сызып тастай алмайтыны анық еді. Классикалық романтизм үлгілерінде нақты тарихи шындық бітімі шартты түрде бейнеленсе, Сәкен туындысында өзі суреттеген өмір құбылыстары мен қоғамдық жағдай орталық мәселе болатын. Осыдан барып біз аталмыш шығармадан «таза» күйіндегі романтизмді ұшырата алмаймыз. Әңгіме тек реализм жүйесіндегі романтизм тенденциялары мен бейнелеу ерекшеліктерінің қаншалықты дәрежеде екенін сараптап көру. Қаламгердің кеңістікті реалды уақытқа сай игеруінен оның реалистік талантының деңгейі көрінсе, автор өзінің субъективті идеалы тудырған уақытты ұсынып, оны үлгі ретінде қабылдауы, ақиқат өмірге қарсы қоюы повестегі романтизмнің негізгі тәсілдері қолданылғанының айғағы бола алады. Шығарманың идеялық бітімін әйелдер теңдігі деп қарастырғаннан гөрі, жеке тұлға бостандығы тұрғысынан келіп салмақтағанымыз абзал.

Көп жылдар бойы Сәкеннің дүниетанымдық негіздерін тек қана материализммен байланыстырып келгеніміз белгілі. Оның себептері мен дәлелдері де жоқ емес-ті. Алайда романтистік ұстанымдардың рухани-философиялық көзі — идеализмге тән ойлау бедерлері Сәкен шығармашылығынан мүлде ұшыраспайды деу бекер. Аталған повесте суреткер әлеуметтен гөрі жеке адамның рухын, жарқын өмірді жасаушы жеке тұлғаның ролін биігірек көтереді. Жазушы үшін адам еркіннің шектеулігі өлімнен де қорқынышты. Мысалы, Айшаның ұзатылу алдындағы Бибіжар мен Мұслиманың әніне автор өзінің жеке ұстанымын сыйғызған:

*Уылжыған ақша бет қуарсайшы,
Жылай-жылай мөлдір көз суалсайшы,
Мал орнына қор болып кеткеніңше,
Өліп қана сорлы қыз уансайшы!*

Адамның асқақ рухын ешқандай материалдық дүниемен өлшеуге келмейтіні, жеке адамның өзіндік құндылығы тарихи және қоғамдық қатынастардан биік тұратыны да жазушының өзекті ойларының бірі. Романтиктердің болмысты идеалистік тұрғыдан тануының негізі Гегельдің, Фихтенің, Канттың, Шеллингтердің философиясынан өріс алғаны белгілі. Олардың философиясы жеке тұлғаның шексіз рухани бостандығы мен абсолютті «меніне» негізделді. Жеке тұлға және шексіздік романтиктерді ерекше еліктірді. «Бүкіләлемдік әдебиет тарихында» романтизмнің негізгі ерекшеліктеріне қатысты былай делінген болатын: «Бөлекшеленген және сыртқы әлемге қарсы қойылған қаһарман идеалдандырылады да, оның өмірдің қалыпты жағдайына деген келіспеушілігі «әлем қасіреті» мағынасын иеленеді, күшейтіле берілетін субъективтілік бірте-бірте адамзаттық мән иеленгісі келеді. Міне, осы өзгешелік, бүлікшілік, субъект пен оның биік талаптарын қанағаттандырмайтын, бірақ өз ережелерін ұсынатын әлем арасындағы кереғарлықтарды романтиктердің жырлағаны соншалық, бұл — олардың ең негізгі және жалғыз дерліктей тақырыбы болды»[6].

Бұл шақтағы Сәкен прозасы ағартушылық дәстүрден мүлде қол үзіп кетпеген, реалистік ұстанымдарға енді-енді иек арта бастаған еді. Сондықтан да «Айша» повесінде жеке адам бостандығы мәселесі ұлт бостандығы туралы идеяға ұласып кете алған жоқ. Ал реализмді тудырушы романтизм екенін еске алсақ, ондай тенденциялардың романтизмге қатысты бейнелеу ерекшеліктерінің қаламгердің прозалық туындыларында көзге шалынуы заңды құбылыс дер едік.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуында бадырайып көрінген, әлі күнге дейін тамсандырып келе жатқан көркемдік амал — романтикалық суреттеу тәсілі... Қазақ әдебиетінің әргі-бергі тарихында дүниені риторикалық тұрғыдан танып-білу әдісі реалистік сыңайдан асып түспесе, кем емес. Тіпті көшпелі өмір салтының өзінде романтиканың толып жатқан сілемдері барын аңғармау, оны сөз өнері арқылы жарқыратып көрсетпеу мүмкін емес. Бірақ біз асқақты сөз орамынан іргемізді аулақ салып, көркемдік танымымыздың қуатты бір қанатын қырқып тастадық», — деп жазды Т.Кәкішев [7]. Шындығында төл әдебиеттануымыз романтизм құбылысын тұтас алып қарастыру былай тұрсын, көп жылдар бойы одан ат тонын ала қашуды әдетке айналдырды. Өткен ғасырдың 20-жылдарында романтизм туралы болған айтыс-тартыстар, ұлттық әдебиетіміздегі мұндай эстетикалық құбылыстың мән-мағынасын ауқымды түрде саралауға жол салар деген үміт ақталмады. Сол кезеңдегі әдебиетшілер мен сыншылардың көзқарасында әсіре солшылдық тенденциялар басым болғанымен, таза теориялық-эстетикалық тұрғыдан жасалған болжамдар да біршама еді. Мағжан поэтикасын зерделей отырып романтизм теориясы жайлы дәлелді пікірлер айтқан Ж.Аймауытовтың бастамасы, өкінішке орай, жалғасын таппай қалды. Романтистік ұстанымдар өмірдің шынайы бейнесін танытуға қисық айнадай қауқарсыз, «өткенді көксеу», «жылап-сықтау», «ескілікті дәріптеу» сыңайындағы пікірлер белең алып кеткені баршаға аян.

Әдебиеттер тізімі

1. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясының бейнелілігі. — Алматы: Ғылым, 1991. — 91-б.
2. Сейфуллин С. Өңгімелері мен повестері. — Алматы: ҚМКӘБ, 1958. — 265 б.
3. Қирабаев С. Көп томдық шығармалар жинағы. — 5-т. — Алматы: Қазығұрт, 2007. — 343–344-б.
4. Пожилова Л.В. Романтическое и реалистическое в хронотопе художественного произведения. Хронотоп деревни в ранней прозе И.А.Бунина и А.М.Горького // Романтизм в системе реалистического произведения. — Казань: Изд-во Казан. ун-та, 1985. — С. 134–135.
5. Гаджиев А.А. Романтизм и реализм. — Баку: Элм, 1972. — 347 с.
6. История всемирной литературы: В 9-т. — Т. 6. — М.: Наука, 1989. — С. 22.
7. Кәкішев Т. XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі ағымдар // Әдебиеттану: Сөз өнерінің сырлары. — Алматы: Мектеп, 2003. — 84–85-б.

Қ.Өмірәлиев және қазақ филологиясы

Жұмағұлов С.Б.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Автором анализируются особенности и актуальность филологических трудов К.Омирәлиева. Показано комплексное изучение ученым исторических связей казахской и древнетюркской литературы в аспектах генезиса и типологии жанра, стилей, преемственности художественно-эстетической традиции. Раскрывается методологическая новизна проблемы историко-литературного, лингвистического исследования жанров, стилей, текстологии казахской филологии на основе работ К.Омирәлиева.

The article analyzes the characteristics and importance of philological works of the scientist K.Omiraliyev in a complex study of the historical ties of kazakh literature and ancient literature in the aspects of the genesis and typology of the genre, style, continuity of artistic and aesthetic traditions. Methodological novelty of the problem of historical and literary, linguistic research genres, styles, textual kazakh philology investigated in this article.

Кенес дәуіріндегі маркстік-лениндік ілім түп-төркіні әлемдік өркениетпен тоғысатын терең тамырлы қазақ сөз өнерінің тарихи бастауларын айқындауға идеологиялық қысым жасап келді. 1970–80-жылдардағы ұлттық әдебиеттанудағы санаткерлік және зияткерлік ой-сана әлеуетінің өсуі тарихи танымға күштеп танылған еуропацентризм қалыбындағы қасандық сеңін бұза отырып, қазақ тілі мен әдебиетінің ғылыми өзекті арналарын филологиялық тұтастықта зерттеп зерделеу міндеттерін алға тартты. Ол әлемдік әдебиеттанудағы озық ғылыми-әдіснамалық талаптарға иек артқан жаңашыл ізденістерді қажет етті. Тарихи бастауында Алаш ғалымдары тұрған типологиялық үрдістің бастапқы эстетикалық серпіннен түпкілікті ажырап қалмауға Алаш рухындағы тұлға Б.Кенжебаев күш салса, осынау ілкі қасиетті елдік мұраттағы ой-санасы тұнық, тарихи жады кеңестік идеология озбырына шалынбаған жаңашыл ғалымдар толқыны жаңа өрістегі өреге шығарды. Қ.Өмірәлиевтің ғылыми ізденістері қазақ тіл білім мен әдебиеттануына ортақ көкейкесті мәселелерді филологиялық тұтастықта саралай отырып зерделеудегі талдау сипатымен дараланады. Ғалым еңбектеріне маркстік-лениндік ілім, содан туындап жататын еуропацентристік қасандық сеңін бұзудағы ғылыми принциптілік, объективтілік тән. Мәселен, «Тереңге тартқан тамырлар» зерттеу мақаласында: «Ертедегі Түрік қағанатында жазба әдебиет те, жазба әдеби тіл де болған. Олар VI–VII ғасырларда көршісі соғдылардан алфавит қабылдады. Осы алфавит негізінде түркі тілінің дыбыс жүйесіне лайықтап өз алфавитін жасады. Сөйтіп ертедегі Түрік қағанаты жазу мәдениетін Орта Азиядан қазіргі Монғолия жеріндегі Орхон өзені бойына дейін жеткізді» [1], — деген түйін жасайды. Түрік өркениетінің дамуында айрықша аталатын кезеңдердің басты әдеби ескерткіштерін саралай келіп, Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастанын, біріншіден, түркі халықтарының ауызша әдебиетінде жасалған даналық ойларды, өнеге оқуын ақындық тілдің көрігіне салып жаңартқан, екіншіден, IX–X ғасырларда Тұран өлкесінде араб-түрік ғалымдары жасаған арабша-парсыша әдебиеттердегі ұғымдарды түркі тіліне түсірген шығарма деп бағалайды. Қазақ әдеби тілінің бастауын көне Түркі дәуірі туындыларының генеалогиясымен тамырластықта зерделеген ғалым XV ғасырдағы жыраулар поэзиясындағы толғау жанрының көрінісін дәстүр ұласуының тарихи негіздері деп дәлелдейді. Ғалымның «Ата тарихымызға үңілсек...» этнолингвистикалық зерттеуінің де «Жаңа жұрт», «Енші алу. Жаңа отау», «Жаңа дәуір. Жаңа жұрт», «Жылқы жылғы жылыстың, жылан жылғы ұрыстың алды», «Қазақ шығудың» тарихи негізі» атты тараулары байырғы әдеби жәдігерлерімізді көне тарихпен тығыз бірлікте ауқымды саралауымен құнды.

Әдебиетші-ғалымның проблемалық мақалаларында халық мұрасының ұлттық болмысынан туындайтын жанрлық сипатының келелі мәселелері өткір көтеріліп, терең тамырлы қазақ сөз өнерінде тоғысқан фольклор мен ауызша әдебиет табиғатының ортақ арнасы мен ерекшелігіне ерекше назар аударылды. Алғаш М.Дүйсеновтің «Фольклор ма әдебиет пе?» («Қ.Ә.». 1971. 2.07) проблемалық мақаласында көтерілген маңызды тақырып Б.Кенжебаевтың «Көкейде жүрген мәселе» («Қ.Ә.».1971.16.07), Р.Бердібаевтың «Ақындар мен шайырлар» («Қ.Ә.».1971.6.08), Т.Қожакеевтің «Тиянақсыз тұжырым — тарихқа залал» («Қ.Ә.».1971.10.09), қарақалпақ ақыны Т.Жұмамұратовтың «Жазба әдебиеттеріміздің тамыры тереңде» («Қ.Ә.». 1971. 19.11), К.Сейдахановтың «Байыппен

бағдарласақ...» («Қ.Ә.». 1971.17.12), Қ.Өмірәлиевтің «Иә, терең зерттеу қажет» («Қ.Ә.».1971. 24.12) атты мақалаларында полемикалық сипат алды.

Ұлттық сөз өнерінің өзіндік табиғатынан туындайтын сипатын басты орынға қойған М.Дүйсенов қазақтың ипровизатор-профессионал ақындарының даралық қасиеттері қазіргі әдебиеттану ғылымындағы «фольклор», «әдебиет» деген терминдердің аясына сия бермейтінін екшейді. Фольклор — халық шығармасы екенін зерделей әрі авторы белгісіз, ел ішінде толып жатқан варианттары бар шығармалардың бәрі фольклорға жатады деген көзқарасын білдіріп, қазақ әдебиетін іштей ауыз әдебиеті және жазба әдебиеті деген екі салаға бөліп қарастырады [2]. Әдебиетші қазақтың XV ғасырдан бергі таза ұлттық сипаттағы ақындарының барлығы да ауыз әдебиетінің көрнекті өкілдері саналатынын нығырлап, сонымен қатар аты белгілі ақындардың айтыстарын фольклорға емес, ауыз әдебиетінің туындысы деп тану керектігін де нақты мысалдармен дәйектейді. Ал, жазба әдебиет өзінің дәстүрлі тарихи бастауын бір ғана көне түркі дәуірінен емес, біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырдан алатынын Есік қорғанынан табылған («Алтын киімді адам») жәдігер дәлелдегенін нығырлай келіп, кейін мұсылман дінінің ықпалымен араб жазуы енгенін әрі араб пен парсы қисса-хикаяларының қазақ тіліне аударылып таралуы шағатай тілінде жүзеге асқанын зерделейді. Абай шығармашылығында ерекше тоғысқан және түрленген көркемдік дәстүрлер арнасы мен әдеби байланыс табиғатын да саралай отырып, ұлы ақынның қазақтың жазба әдебиетіне жаңа бағыт, жаңа дәстүр ала келуінің түп тамырына үңілдіреді. Осындай келелі ойларын ғалымдар талқысына салып, өз жіктеуіндегі, яғни, қазақ әдебиетіндегі ауыз әдебиеті және жазба әдебиеттің «ұзақ жылдар бойында бір-біріне әсер-ықпал ете, жақындаса, жанаса, жарыса дамып, өз дәстүрлерін, әдіс-тәсілдерін ширата, ширықтыра отырып» бүгінгі Дәуірге жетуінің күрделі табиғатының эволюциясын ашады. Болатжан Әбілқасымов «Фольклор», «Ауыз әдебиеті» ұғымдары туралы» мақаласында [3; 169–178] «Қазақ әдебиеті» газетінде жарияланған жоғарыда қарастырылған полемикалық мақалаларға тоқтала келіп, мектеп, арнаулы орта және жоғары оқу орындарына арналған оқулықтарда, монографияларда, сондай-ақ ғылыми баяндамаларда фольклорды көп жағдайда әдебиет деп ұғып, әдебиет заңдылықтары тұрғысынан бағалап тексеріп келгенімізді айта отырып: «Қазақ фольклоршыларының көбі фольклорды әдебиет деп қарап келсе, ол үшін ешкімді кінәлай алмаймыз. Себебі бұл одақ фольклористикасының басынан өткен жай» [3; 172], — деп түсіндірді. Міне, ғалым фольклористиканың белгілі бір даму кезеңінде фольклор мен әдебиет айтарлықтай айырмашылығы аз бүтін құбылыс ретінде қаралғандықтан, «фольклор», «ауыз әдебиеті» терминдерінің қатар қолданылуы ол кезде заңды болатынын түйе келіп, ал фольклористиканың қазіргі даму сатысында бұл терминдерді саралай түсу қажеттігін ескертеді. Осы ретте Одаққа белгілі фольклористер пікірлеріне шолу жасап, талдап әрі саралай келіп, Б.Әбілқасымов «фольклор» және «әдебиет» ұғымдарын қатар қою дұрыс еместігін түйеді. Әдебиет тек сөз өнеріне жатса, фольклорда бірнеше өнер (сөз өнері, сахна өнері, музыка өнері) тоғысатынын, онда этнографиялық сипат басым болатынын ұғындырады [3; 177].

Қазақ сөз өнерінде тоғысқан фольклор мен жазба әдебиет байланысын олардағы ортақ сарын, көп нұсқалық табиғатын мәтіндік талдаулар арқылы айқындаудың маңызы ерекше. Міне, XIX ғасырдағы Абайға, Дулатқа дейінгі XV–XVIII ғасырлар аралығындағы қазақ поэзиясы ауызша поэзия дәуірі деп зерделеген Қ.Өмірәлиев «Иә, терең зерттеу қажет» мақаласында ауызша шығарылғанына карамай, авторын сақтау қазақтың өткен дәуірдегі сөз үлгілеріне тән ерекшелік екенін байыптап, оның себебін қазақ ауыз әдебиеті басқа халықтардағы жазба әдебиет атқаратын қызметті өз үлесіне алуына байланысты деп түсіндіреді [4]. Қазақтың ауызша шығарылған азаматтық поэзиясының тарихы XV ғасырда жатқанын айта келіп, қазақтың ауызша шығарылған азаматтық поэзиясының сақтауының басты бірнеше ерекшеліктерін де теориялық жағынан саралайды. Бұл ретте ортақ мотив пен әркілі нұсқалық қазақ поэзиясының негізгі сипаты болып табылатынын зерделей келіп, авторы белгілі-белгісіздігіне қарап, бір жанрдағы егіздің сыңарындай екі, одан да көп өлеңнің бірін «фольклорға», ал екіншісін «ауыз әдебиетіне» жатқызу, сөйтіп оларды екі түрлі тұрғыдан қарау — әлі де мұқият ойластыруды қажет ететін жайлар деп біледі. Мәселен, ғалым Махамбеттің «Орай да борай қар жауса» өлеңіндегі соңғы жолдар мен Шалкиіздің «Асқар, асқар, асқар тау» өлеңдеріндегі ұқсастықтарды нақты мысалға алып, «Телқоңыр» өлеңнің кімдікі екенін анықтау мен айқындауда сол ғасырдың тілдік белгісі басты орынға қойылу керектігіне ой салады. «О баста белгілі бір уақыт аясында туған өлеңдер келе-келе уақыт шиырына көп түсіп, шығарушыларға ғана емес, уақытқа да «Телқоңыр» ортақ өлеңдерге айналған. Сөйтіп, бұл өлеңдер дәуірлер тануға мүмкіндік бермейтін жағдайға келген» деп Асан Қайғының «Құйрығы жоқ, жалы жоқ...» деп басталатын толғауында

кездесетін араб тіліне тән «халық» сөзі бертінгі кезеңнің тілдік белгісі, ал сол дәуірде оның орнында үнемі «жұрт» сөзі айтылатынын зерделегенде де тілдік белгіні басты орынға қояды. Қазақ ауыз әдебиетінің арғы тарихтағы өкілдерін анықтап алмайынша, қазақ ауыз әдебиетінің тарихын жасау да мүмкін еместігін айтып, көркемдік дамудағы көне дәстүрді байыптағанда әрі оған қатысты өз көзқарасын білдіргенде де зерттеушілер тарапынан өз деңгейінде теориялық жағынан ғана емес, асыл мұра тұрғысынан да дәйектелмеген кейбір мәселелерге байланысты батыл түйіндер жасайды. Атап айтқанда, «Алтын Орта дәуіріне дейін және содан бергі дәуірдегі ақындарда «жыр сөзін, өлең сөзді «мен» — кейіпкер атынан айту негізгі дәстүр болған. Ақын-«мен» кейіпкер-«мен» тасасында тұратын болған. Ол мұралар диалогқа, монологқа құрылған» деген ойын «Әділ Сұлтан», «Орақ — Мамай жыры», «Едіге жыры» негізінен «мен»-герой атынан айтылатын жырлар екенін дәлелдей көрсетеді. Ал, Дулат, Шортанбай ауыз әдебиеті емес, жазба әдебиет өкілдері болып табылатынын әдеби әдіс табиғатымен түсіндіреді. Мысалы, Шортанбайдың азаматтық тақырыптағы өлеңдері таза қазақ тілі рухында, ал діни-мораль тақырыбындағы өлеңдері «кітаби тіл» нормасына көп бейім екенін, өз кезегінде Дулат поэзиясының тілін «шағатай әдебиеті», «кітаби тіл» өкілдерімен де әсте қатарға қоюға болмайтынын «бұл жазба әдеби тіл қазақтың жалпы халықтық тіл нормасынан бөлек ерекше нормадағы тіл» [4] деп тұжырымдайды. Ғалымның «XIX ғасырдағы Абайға, Дулатқа дейінгі XV–XVIII ғасырлар аралығындағы қазақ поэзиясы ауызша поэзия дәуірі» деп зерделеген маңызды түйіндері сол кездері барша әдебиетшілер тарапынан толық қолдау таппады. М.Дүйсенов, Қ.Өмірәлиевтер терең білгірлікпен ұсынған «ауызша поэзия дәуірі» деген жаңаша әрі тың ұстаным тәуелсіздік талабына сай жазылған он томдықтың бірінші томында (Қараңыз: 1-томның «Қазақ фольклорының статусы және оның теориялық негіздері» тараушасы) «авторлық ауыз әдебиеті» тұрғысынан түпкілікті орнықты.

Қ.Өмірәлиев зерттеулерінің ғылыми аппараты, талдау әдістері соны. Ғалым «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» (1976) еңбегімен қазақ филологиясының күрделі тақырыбында тың қадам жасады [5]. Еңбекте, біріншіден, қазақ поэзиясының XV ғасырға дейінгі көркемдік арналарының көне дәуірмен сабақтастығы және XV–XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының авторсыз үлгілерінің стильдік, тілдік ерекшеліктері теориялық тұрғыдан талданса, екіншіден, Бұқар жырау, Махамбет поэзиясының тілі филологиялық аспектіде зерттелді. Зерттеуші VIII–XI ғасыр ескерткіштеріндегі мақалдар мен қазақ поэзиясындағы дидактикалық-шешендік толғау өлеңдерінің бірлігін, XI ғасыр ескерткіштеріндегі ауызша поэзия үлгілері мен қазақ поэзиясы арасындағы байланыс белгілерін, XV–XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының авторсыз үлгілерінің стильдік, тілдік ерекшеліктерін осы кезең поэзиясына тән ортақ мотив пен варианттылық негізінде ашуға күш салды. Осынау маңызды ғылыми мәселелерді филологиялық талдауларымен кеңінен саралаған ғалым еңбегі XI ғасыр ескерткіштері мен XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетін ауызша жасалған әдебиет деп қарастыруымен де ерекшеленеді.

Текстологиялық зерттеулер жүргізудің өзіндік қиындықтармен жүзеге асатыны, осы бағытта қолжазба мен оның түрлі нұсқаларын салыстыра-салғастыра қарастыру қажыр-қайратты талап етеді. Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамасын жасау ісі енді ғана қолға алынып жатқан әрі текстология мәселесі ғылыми тұрғыдан бір ізге түспеген сол кезде Қ.Өмірәлиевтің осынау күрделі мәселедегі ғылыми ізденісі ерекше бағалауды қажет етеді. Әрине, ақын-жырау поэзиясын анықтаудағы текстологиялық зерттеулерінде әлі де терең ексеуді қажет ететін мәселелерге қатысты даулы пікірлердің орын алуы заңды болатын. Бұл ретте М.Жармұхамедов ғалымның Бұқар жырау толғауларының лексикалық құрамы мен грамматикалық сипатын, сондай-ақ оның өзіндік сөз қолдану мәнерін, табиғи ерекшеліктерін талдауларының маңызын бағалай отырып, текстологияға қатысты кейбір пікірлерінде орын алған ағаттықтарды ескертеді. Соның ішінде Қ.Өмірәлиевтің жыраудың дау-дамайсыз басы ашық төл өлеңі деп тек 364 жолдық 8 өлеңін табуын («Абылай ханның қасында», «Ай, Абылай, Абылай», «Ханға жауап айтпасам», «Қалдан ханмен ұрысып», «Әй, Абылай, сен он бір жасыңда», «Атам болған жиырма бес», «Керей, қайда барасың?», «Ай, Абылай, Абылай»), ал 100 жолдық үш өлеңіне («Бірінші тілек тілеңіз», «Ай не болар күннен соң», «Айналасын жер тұтқан») «ортақ ой, ортақ мотивке құрылған өлеңдер» деп қарауын, 150 жолдық 10 өлеңіне («Ақсаңнан биік тау болмас», «Ақсұңқар құстың баласы», «Жар басына қонбаңыз», «Алыстан қызыл көрінсе», «Асқар таудың өлгені», «Әлемді түгел көрсе де», «Көкте бұлт сөгілсе», «Батпақты сайға су түссе», «Арту, арту бел келсе», «Қара арғымақ арыса») «жыраудың өлеңі екендігі, иә еместігі белгісіз, шартты өлеңдер» деп бағалауын және 119 жолдық 4 толғауын («Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек», «Ей, айтшы, Алланы айт», «Ақтың үйі мешіт-ті», «Ай, заман-ай, заман-ай») жырауға қисынсыз таңылып жүрген

өлеңдер деген пікірлерін кейінгі ғылыми текстологиялық тұрғыдағы зерттеулерімен түзете отырып, осы даулы мәселеде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының қолжазбалары қашан да басты орында болуы керектігін орынды айтады [6]. Бұл ретте Қ.Өмірәлиевтің «Қазақ поэзиясының жанры мен стилі: XIX ғасырдың бірінші жартысы» еңбегі Дулат ақындығын, тілін зерттеуде айрықша аталады [7]. Ақын мұрасын текстологиялық тұрғыдан қарастырған ғалым аталған зерттеуінде Дулаттың «Өсиетнама» (1880) кітабында басылған өлеңдерінің кейбірі Шортанбай мұрасы деген көзқарас ұстанып, Ы.Дүйсенбаев [8], Х.Сүйіншәлиев [9] зерттеулерінде түйінделген ғылыми пікірлерін терістейді. Мәселен, «Дулатқа әдебиеттану ғылымында ең соңғы әділ де дәл баға берген марқұм Ы.Дүйсенбаев та «Өсиетнаманы» Дулатқа теліген жұрттың дүрмегіне еріп кетті» [7; 218] деп Мәулекей бастырған «Өсиетнама» жинағындағы «Сөздің басы бисмилла» деп басталатын өлең мәтіндері В.В.Радлов, Я.Лютшъ жинап бастырған жинақтарда, «Қисса Шортанбай — Шортанбайдың «Бала зарында» (1888) аталған өлең барын, ал С.Сейфуллиннің «Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларында» (1931) «Шортанбай ақын өлеңдері» деп ат қойғанын, сонымен қатар Қазақ КСР ҒА Орталық ғылыми кітапхана қолжазба қорында «Шортанбай ақынның шығармалары» деген атпен сақтаулы тұрған 780-папкада да аталған өлең барын негізге ала отырып, оны Шортанбай толғауының азды-көпті өзгерген түрі ғана деген көзқарасын ұстанады [7; 220–221]. «Өсиетнаманың» үшінші бөлімі, немесе 260 жол, Шортанбай ақынның мұрасы деп біледі. Өз пікірін мәтіндік салыстырулар жасай отырып дәйектеген ғалым Мәулекей Шортанбай ақынның «Зар заман» толғауын бұза өзгертуін саралай әрі «Өсиетнамада» Шал өлеңі делінетін екі шумақты қосып жібергенін сын тезіне сала отырып, осындай даулы мәселелерді анықтауға стиль, тілдік тұрғыдан, яғни «Өсиетнама» мен Дулат ақын шығармаларының тілдік ерекшеліктері жағынан, салыстыра зерттелмегенін де ескертеді [7; 231].

Ғалымның бұл мәселедегі батыл айтқан сын ескертпелері өте орынды да болатын. Оның үстіне «зар заман» ақындары шығармашылығының ұлт әдебиет тарихында алар маңызды орны санаулы зерттеушілер тарапынан ғана байыпты зерделенгені болмаса сол кездегі тұтас ғылыми-зерттеушілік ой-пікірде әлі дұрыс айқындалмаған тұста әдебиетшілер мәтіндік саралауларға филологиялық аспектіде терең бара бермегені де шындық. Алайда Ы.Дүйсенбаев, Х.Сүйіншәлиев мақсаттары Дулат, Шортанбай, Мұрат сынды айтулы сөз зергерлерінің әдеби мұрасын идеологиялық қате танымнан арашалау болғанын да назардан тыс қалдыра алмаймыз. Сонымен бірге қазақ кітаптар тарихын зерттеуші Ә.Жиреншиннің «Қазақ кітаптары тарихынан» атты іргелі зерттеуіндегі Мұраттың «Бала зары» (1888), Дулаттың «Өсиетнама» (1880) кітаптарына қолжазбалар арқылы да үңіле отырып жасаған әдеби талдауларында «телқоңыр» мәселеге қатысты ой ұшқыны болмағанын ескеруіміз керек [10]. Сондықтан да Қ.Өмірәлиевтің Дулаттың Мәулекей бастырып шығарған «Өсиетнама» жинағындағы өлеңдерін бүтіндей жоққа шығарып, бір ғана Шортанбайға телуімен келісу қиын. Бұл ретте Қ.Өмірәлиев пікіріне қатысты Т.Жұртбайдың «...Барлық пайымдаулар мен тұжырымдар Дулатты тұқырту үшін емес, тұлғаландыру тұрғысынан жасалғанда ғана аманаттың жолын қиянат кеспейді» [11] деген уәжіне тоқталу шарт. Текстология — қазіргі қазақ филологиясындағы ең өзекті тақырып. Бұл бағыттағы ғылыми ізденістер көңіл көншітерлік деңгейде деп айта алмаймыз. К.Әбдіқалықтың «Текстология (Мәтінтану)» (2009) оқу құралынан басқа еңбектің жазылмауы ойландырмай қоймайды. «Зар заман» әдебиеті, соның ішінде Дулат Бабатайұлы мұрасындағы мәтіндік айырымдарға «Өсиетнама» және «Бес ғасыр жырлайды» жинағында басылған өлеңдері негізінде тоқталған зерттеуші К.Әбдіқалықтың «Мінекей, осындай әр нұсқада әр түрлі берілген мәтіндік айырымдарға да мысалдар келтіре отырып, ақын мұралары текстологиялық талдауға зәру екенін байқадық. Олай болса, алдағы уақытта Дулат Бабатайұлының барлық жарық көрген шығармаларына мәтін тарихын зерттеудегі тура және жанама мәліметтерді пайдалана отырып, арнайы текстологиялық жұмыс жасалу қажет» [12] деген пікірі XX ғасырдың 70-жылдарында Қ.Өмірәлиев тарапынан көтерілген проблеманың XXI ғасырдың алғашқы ширегінде өз өзектілігін жоймағанын дәлелдейді.

Қазақ сөз өнерінің генеалогиясы мен типологиясына тарихи сабақтастық тұрғысынан келген әдебиетшінің ежелгі дәуір жәдігерлерін сол кезеңдердегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен бірлікте саралаған «VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері» еңбегінде байырғы мұраның тақырыбы, жанры мен стилі, тілі филологиялық тұрғыдан кешенді зерттелді [13]. Зерттеуші ежелгі дәуір әдебиетінің үлгілерін бүгінгі ұрпақ игілігіне айналдыру, түптеп келгенде қазақ халқының өз «Ояну дәуірі» мен «Ағарту дәуірі» сынды рухани кемелдену кезеңдерін айқындау екенін айта келіп, сол асыл қазыналардың тікелей мұрагері екенімізді дәлелдеу өткен мен бүгінгіні жалғастыру мұраты болып табылатынын нығырлайды. Күлтегін, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің жанрын

айқындауда зерттеуші өзіндік ғылыми көзқарас ұстанды. Егер М.Жолдасбеков Орхон ескерткіштерін ерлік эпосы деген тұжырым жасаса, Қ.Өмірәлиев «Күлтегін», «Тонуқук» ескерткіштерінде поэзияға тән, соған жақын үзіктер бар екенін айта отырып, бірақ та ол аталған ескерткіштерді тасқа түсірген автордың ауызша поэзияға тән тәсілдерді арагидік пайдалануы, кіргізуі ғана деп білді [13; 22].

Ғалым көне түркі жазба ескерткіштеріне мәтіндік талдаулар жасап, оның жанрын «Түркі қағандары мен батырларының ерлік жорықтарын баяндайтын көркем тарихи шығарма, баяндау үлгісіндегі тарихи әңгіме» [13; 22] деп айқындайды. «Олар хан жарлықтары мен шежіренің үлгі-нұсқалары негізінде жазылған көркем шығармалар» дей келіп, VIII ғасырда туған (шартты) бұл жанр XIV–XV ғасырға келіп жеткенін айтады. Осы мәселеге қатысты Н.Келімбетов «Автор бұл көне дәуір мұраларын тақырып, сюжет желісі, синтаксистік-композициялық құрылысы жағынан (яғни текстологиялық тұрғыдан) талдай отырып, мұның өзі поэзиялық туынды емес деген бірден-бір дұрыс қорытындыға келеді» деп Қ.Өмірәлиевтің көзқарасын қолдаса, Р.Бердібаев «Кәусар бұлақ» кітабындағы «Көркемдік дәстүр жалғастығы» зерттеу мақаласында Орхон жазбаларындағы эпикалық дәстүр сарынының көріністерін зерделегенде Қ.Өмірәлиевтің қарастырылып отырған зерттеуіндегі «Оғызнаме» аңызының негізі VI–VIII ғасырларда-ақ қалыптасқан болуы тиіс деген көзқарасын айта келіп, көне мұраның жазба нұсқа ретінде белгілі болғаны XII–XIII ғасырлар мөлшері делінгенімен, оның ауыз екі айтылу тарихы талай ғасыр әріге кететінін түйіп, жәдігердің әдепкіде фольклор шығармасы болып туып, әдеби ескерткішке айналуы соңғы процесс екені күмәнсіз [14] деген пікір білдіреді.

Көне түркі ескерткішінің жанрын айқындаған Қ.Өмірәлиев, сонымен қатар, Махмұд Қашғари сөздігі негізінде ертедегі түркілердің поэзия үлгілерін мазмұнына қарай табиғат-наурыз жырлары, ғашықтық-жастық жырлары, жоқтау жырлары, ерлік-жорық жырлары, тұрмыс-салт жырлары деп қарастырып, оларға шолу жасағанда қазақ әдебиетіндегі дәстүр ұласуын нақты мысалдармен дәлелдейді [13; 49–57]. Көне түркі жазба ескерткіштерінің маңызын тарихи дерек көздерінің қайнары тұрғысынан терең қарастырған ғалым Күлтегін, Тонуқук, Білге Қаған ескерткіштері мен Оғуз қаған аңызынан алынған көлемді мәтіндерді қазақ тіліне аударып берді. Ал, «Оғуз қаған туралы аңыз-әңгіме — түркі халықтарына тән ауыз әңгімелердің (фольклорлық шығармалардың) бізге келіп жеткен ең ежелгі, ең көне үлгісі» деген өзіндік көзқараста болды.

Түркі халықтарына ортақ ең көне мұралардың бірі — «Оғуз қаған» эпосының нақты зерттеу нысанына алынуы да ұлттық әдебиеттанудың түркітанудағы өзекті мәселелерге ерекше ден қойғанын айқындайды. Бұл күрделі тақырыпқа қазақ поэзиясының жанры мен стилін зерттеуде көркемдік дамудағы тарихи сабақтастық принциптерін берік ұстанған, яғни көне жазба ескерткіштерден бастап Абайға дейінгі сөз өнерінің табиғатын теориялық тұрғыда қарастырған, Қ.Өмірәлиевтің баруы да заңды еді.

«Оғуз қаған» эпосының тілі» зерттеуінде көне мұраға тән әр алуан белгілер фольклорлық шығармалардың жанрлық, стильдік ерекшелігі және де лингвистикалық сипаты тұрғысынан жан-жақты талданады. Еңбектің «Оғуз қаған» эпосына негіз болған аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер», «Оғуз қағанның» жанры», «Оғуз қаған» эпосы тілінің грамматикасы», «Оғуз қағанның» баяндау техникасы: эпостық формулалар» атты бөлім, тараулар атауларының өзі зерттеушінің әдеби және лингвистикалық талдауларда ұстанған әдіснамалық негіздерінің сонылығын көрсетеді. Ғалым аталған мұра мәтінінің композициясын және сюжеттік компоненттерін анықтау мақсатында жүргізілген текстологиялық талдаулар негізінде шығарманың үлкенді-кішілі он жеті желіден құрылғанын анықтайды. Олардың негізгілері ретінде Оғуз қағанның тууы, балалық шағы, жігіттік шағы, ерлік көрсетуге аттануы, үйленуі, балалары болуы, ұлы той жасауы, тойдан соң төрт жағындағы жау жұртқа елшілер жіберу, Урумға қарсы аттануы, Урум қағанмен соғысы, Журжітпен соғысы, Сынду, Таңғұт, Шағам жұртына аттануы, соғысуы, қағанның құрылтай шақырып, жұртына үлкен той беруі, балаларына жұртын үлестіру баяндары аталады [15]. Композициялық, сюжеттік компоненттерін теориялық тұтас үйлесімде түзу әрі талдаулар жүргізу барысында ғалым сюжеттік жіктер негізінде абзацтық жіктерді, сөйлемдер тобы жігін, сөйлемдер бірлігін, сөйлем ішілік сөздердің өзара қатынасын анықтап, мәтінді абзацы, тыныс белгісі сақталған қазіргі жазу тәртібі үлгісіне түсірді. Осындай келелі де кемел істер атқарған зерттеуші шығарманың жанрын «Оғуз қаған» — миф атаулыдан таза, ертегілік элементтер жоқ, архаикалық эпостарға (В.М.Жирмунскийше, «батырлық ертегілерге») тән сюжет желісі, геройлары, әрекеті жоқ, эпостық әңгіме. Дәлірек айтқанда, бір кездегі эпостық жырдың қиялға құрылған пафосты сипаты уақыт өте бірте-бірте бәсеңдеп, ұмытыла келіп,

байырғы сипатынан айырылып, баяндау, онда да атап қана баяндау формасына түскен, хронологиялық баяндау формасына түскен эпостық әңгіме» деп анықтайды.

Қазақ филологиясының өзекті арналарында тың ғылыми-әдіснамалық ұстанымдағы ғалым абайтану, дулаттану мәселелеріне де ұлт тарихына терең тамыр тартатын тарихи танымда келді. Мысалы, М.Мырзахметов, Қ.Өмірәлиевтің «Абайды танып біттік пе?» («Қ.Ә.».1985.29.III) мақаласында қазақ филологиясында Абай мұрасын тануда ауқымды жұмыстар жасалғанын айта отырып, соның ішінде абайтану іліміндегі 1945–1965 жылдар аралығындағы ғылыми еңбектерді қарастырып, біріншіден, ойшыл Қара сөздерінің 1958 жылдан кейін соңғы уақыт бедерінде бар-жоғы екі-үш рет қана аударылғанын, «Абайтану» курсы жоғары оқу орындарында соңғы кезде өткізілмейтініне проблемалық тұрғыдан келсе, екіншіден, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Абай мұрасы жөнінде соңғы жиырма жыл ішінде бірде-бір монографиялық еңбек бермегенін, оған білікті мамандар тарту жағы да ақсап жатқанын орынды ескертеді.

Ақынның 140 жылдығына орай мұрасын жариялау, зерттеу деңгейін арттыру керектігіне биік талап деңгейінде келген авторлар М.Әуезовтің Абай шығармашылығын кешенді зерттеу арнасын байыптаған кемел ойларын негіз ете отырып, «абайтанудың ендігі өрістетіле зерттеулер арнасы — түпқазығы адамгершілік мәселесіне барып тірелетін философиялық көзқарастары екен, солар танылуы тиіс екен» деп айқындайды. Әсіресе Абай нәр алған үш арнаның ең бастысы ұлттық төл әдеби қазынаға қатынасы дұрыс сөз болмай жүргеніне де өзекті тұрғыдан келеді. Соның ішінде көркемдік дамудағы дәстүр арнасы мен жалғастық иірімдеріне үнілген зерттеушілер хандық дәуірдегі Бұқар жырау, XIX ғасырдағы «зар заман» өкілдері Дулат, Шортанбай, Мұрат сынды «осы ақындардың жалпы қазақ поэзиясының ақындық сезімде, идеяда, мазмұнда болмағанымен, ақындық лексикада, тілдік өрнекте, тіпті өлең түрінде Абай мұрасына ауыс-түйісі болғанын» дұрыс зерделеп, отаршыл саясаттың қолшоқпары есебінде көрінген озбыр да шен құмар ел әкімдерінің әжуа бейнесі қазақ поэзиясында Абайға дейін ең алғаш рет Дулат шығармаларында ақындық шеберлікпен берілгеніне қатысты өзекті мәселеде ғылыми негізді дұрыс пікір түйеді. Әсіресе Абай және Дулат ақындардың ел билеуші әкімдер психологиясын берудегі ерекшеліктері отаршыл дәуірдің ел билеу жүйесіндегі күрделі саяси өзгерістермен де байланыста екшеледі. Осы арнадағы сабақтастықты дәуір аясында кеңінен зерттеу керектігіне, Абай поэзиясының поэтикасын кешенді зерттеу қажеттігіне ой салған ғалымдар әлі күнге дейін сол тұстағы абайтанудағы басты олқылық ақынның шын мәніндегі академиялық жинағын шығара алмауын ескертті. Абай мұрасын тану мен таныту, ақынды зерттеу ұлттық сананың зор жетістігіне айналған кезде ғана ортақ рухани қазынаға айналады деп түйген ғалымдардың проблемалық мақаласы абайтанудағы басты ғылыми мәселелерді принциптілікпен көтеруінде болып табылады. Ал Қ.Өмірәлиевтің құрастыруы, «Дулаттың дәуірі мен ақындығы» атты алғы сөзімен Дулат Бабатайұлының «Замана сазы» (1991) жарық көрді. Ғалымның ертерек дайындаған жинағы араға бірер жыл салып барып жариялылық талаптарына орай жарық көрді. «Дулаттың дәуірі мен ақындығы» атты алғысөз Дулат мұрасын танудағы жаңа бағыт бағдарын айқындаумен құнды. «Дулаттар отаршылдық дәуірдегі қазақ халқының ар-ожданы» деген пікір әдебиетші талдауларының тұтас ұлттық рухтағы өзегін айқындайды.

Қорыта айтқанда, ғалым Қ.Өмірәлиевтің ғылыми мұрасы қазақ филологиясының ең маңызды да өзекті арналарын жаңаша танымдағы ғылыми-әдіснамалық принципте зерттеп-зерделеуімен құнды. Қазақ сөз өнерінде тоғысқан фольклор мен жазба әдебиет байланысын олардағы ортақ сарын, көп нұсқалық табиғатын мәтіндік талдаулар арқылы айқындау негізінде екшеген «ауызша поэзия дәуірі» деген жаңашыл әрі тың ұстаным тәуелсіздік талабына сай жазылған он томдықтың бірінші томында «авторлық ауыз әдебиеті» тұрғысынан түпкілікті орнықты. «XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі» (1976) қазақ поэзиясының XV ғасырға дейінгі көркемдік арналарының көне дәуірмен сабақтастығы және XV–XVIII ғасырдағы қазақ поэзиясының авторсыз үлгілерінің стильдік, тілдік ерекшеліктері теориялық тұрғыдан талданып, Бұқар жырау, Махамбет поэзиясының тілі алғаш рет филологиялық аспектіде зерттелді. Зерттеуші VIII–XI ғасырлар ескерткіштеріндегі мақалалар мен қазақ поэзиясындағы дидактикалық-шешендік толғау өлеңдерінің бірлігін, XI ғасыр ескерткіштеріндегі ауызша поэзия үлгілері мен қазақ поэзиясы арасындағы байланыс белгілерін, XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясының авторсыз үлгілерінің стильдік, тілдік ерекшеліктерін осы кезең поэзиясына тән ортақ мотив пен варианттылық негізінде талдаудың тың бағдарын айқындап берді. Қазақ сөз өнерінің генеалогиясы мен типологиясына тарихи сабақтастық тұрғысынан келген әдебиетші ежелгі дәуір жәдігерлерін сол кезеңдердегі қоғамдық-әлеуметтік жағдайлармен бірлікте саралауда да тың бағыт ұстанды. «VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері» еңбегінде

байырғы мұраның тақырыбы, жанры мен стилі, тілі филологиялық тұрғыдан кешенді зерттелді. Қазақ халқының өз «Ояну дәуірі» мен «Ағарту дәуірі» сынды рухани кемелдену кезеңдері болғанын түйіп, Күлтегін, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің жанрын айқындауда өзіндік ғылыми көзқарас ұстанды. «Күлтегін», «Тонукук» ескерткіштерінде поэзияға тән, соған жақын үзіктер бар екенін айта отырып, бірақ та ол аталған ескерткіштерді тасқа түсірген автордың ауызша поэзияға тән тәсілдерді арагидік пайдалануы, кіргізуі ғана деп білді. Көне түркі жазба ескерткіштеріне мәтіндік талдаулар жасап, оның жанрын «Түркі қағандары мен батырларының ерлік жорықтарын баяндайтын көркем тарихи шығарма, баяндау үлгісіндегі тарихи әңгіме» деп айқындайды. Ал «Оғуз қаған» эпосының тілі» зерттеуінде көне мұраға тән әр алуан белгілер фольклорлық шығармалардың жанрлық, стильдік ерекшелігі және де лингвистикалық сипаты тұрғысынан жан-жақты талданды. Іргелі еңбектегі «Оғуз қаған» эпосына негіз болған аңыз-әңгімелер мен тарихи деректер», «Оғуз қағанның» жанры», «Оғуз қаған» эпосы тілінің грамматикасы», «Оғуз қағанның» баяндау техникасы: эпостық формулалар» атты бөлім, тарау атауларының өзі зерттеушінің әдеби және лингвистикалық талдауларда ұстанған әдіснамалық негіздерінің сонылығын көрсетеді. Аталған мұра мәтінінің композициясын және сюжеттік компоненттерін анықтау мақсатында жүргізілген текстологиялық талдаулар барысында шығарманың үлкенді-кішілі он жеті желіден құрылғаны анықталды. Осы сипаттағы ғылыми жаңалықтарға негізделген Құлмат Өмірәлиевтің тың ізденістері қазақ филологиясындағы жаңа бағыттың әдіснамалық бағдарын айқындауға қосылған іргелі зерттеулер болуымен құнды.

Әдебиеттер тізімі

1. *Өмірәлиев Қ.* Тереңге тартқан тамырлар // Қазақ әдебиеті. — 1981. — 17 шілде.
2. *Дүйсенов М.* Фольклор ма, әдебиет пе? // Қазақ әдебиеті. — 1971. — 2 шілде.
3. *Әбілқасымов Б.* «Фольклор», «ауыз әдебиеті» ұғымдары туралы // Кіт.: Фольклор шындығы. — Алматы: Ғылым, 1990. — 264 б.
4. *Өмірәлиев Қ.* Иә, терең зерттеу қажет // Қазақ әдебиеті. — 1971. — 24 желт.
5. *Өмірәлиев Қ.* XV–XIX ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. — Алматы: Ғылым, 1976. — 270 б.
6. Қазақ әдебиетінің тарихы. 3-т. (XV–XVIII ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы). — Алматы: Ғылым, 2000. — 395–397-б.
7. *Өмірәлиев Қ.* Қазақ поэзиясының жанры мен стилі: XIX ғасырдың бірінші жартысы. — Алматы: Ғылым, 1983. — 239 б.
8. *Дүйсенбаев Ы.* Ғасырлар сыры: Қазақ әдебиеті тарихынан очерк. — Алматы: Жазушы, 1970. — 192 б.
9. *Сүйіншіәлиев Х.* Қазақ әдебиеті. XVIII–XIX ғғ. — Алматы: Мектеп, 1981. — 169 б.
10. *Жиренин Ә.* Қазақ кітаптары тарихының. — Алматы: Қазақстан, 1971. — 112–113-б.
11. *Жұртбай Т.* Ойсоқты аңсар. («Зар заман» ағымы және көркем ойлау жүйесінің тарихи тамырлары) // Кіт.: Орманбетұлы Н. Кер заман: Өлеңдер. — Алматы: Алаш, 2004. — 26-б.
12. *Әбдіқалық К.* Текстология (Мәтінтану). — Алматы, 2009. — 61–62-б.
13. *Өмірәлиев Қ.* VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. — Алматы: Мектеп, 1985. — 128 б.
14. *Бердібаев Р.* Кәусар бұлақ. Мақалалар мен зерттеулер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 39-б.
15. *Өмірәлиев Қ.* «Оғуз қаған» эпосының тілі. — Алматы: Ғылым, 1988. — 5-б.

Түрік халықтары тағдыры тарихтың алапат үш иірімінде

Мырзахметұлы М.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы

В статье рассматривается вопрос о влиянии поворотных событий в истории тюркоязычных народов на становление их духовных ценностей. Особое внимание автор уделяет исследованию направлений казахской литературы той эпохи. Созданные в разные эпохи произведения великих мастеров становятся объектом предлагаемого анализа. В статье освещены литературно-исторические предпосылки создания выразительности художественного слова, начиная с эпохи тюркского единства и вплоть до эпохи колониализма; рассмотрены роль воспитания и познания и их влияние на историческое осознание мощности искусства слова.

In article there are considered the question on influence of crucial events in history of Turkic peoples on becoming of their cultural wealth. The author of article gives special attention to directions of the Kazakh literature of that epoch. Products of great masters existed in different epoch have become an object of the analysis given in this article. There in the article are shined literary-historical preconditions of creation of expressiveness of an art of Kazakh word, since an epoch of Turkic unity and down to an epoch of colonialism. And also there is considered an influence and a role of education and cognition on historical consciousness of capacity of art of a word.

Көркем өнердің түрлері мен оның жанрлары бойынша дүниеге келген елеулі туындылары ғасырлар қойнауында ғұмыр кешкен халықтың рухани айнасына айналары шындық. Әйтсе де бізде түрік халықтарының қара шаңырағын ұстап отырған қазақтардың көне заман мен бүгінгі дәуірдегі рухани әлемін танып-білу жолындағы ғылыми әрекеті тым кеш басталды. Бұл кезеңде халқымыз Ресей патшалығының отаршылдық жүйесінен босанып, кеңестік заманда тоталитарлық идеологияның қол астында ғұмыр кешіп жатты. Осы себептен де рухани әлеміміздегі құндылықтарды танып білу мәселесі кеңестік биліктің қызметі таптық таным тұрғысында пайда болған тұрпайы социологиялық көзқарастың шеңберінен шыға алмай тұншығумен келді. Көркем әдебиеттің салалары мен жанрлары бойынша дүниеге келген туындыларды танып білу, бағалау мәселесіне таптық таным және әдебиеттің партиялығы тұрғысынан қарап бағалау талабы қатаң бақылауға алынып, шығарма атауларының тағдырын шешу социалистік реализм талабы тұрғысынан қаралып жатты.

Көне дәуірдің рухани мұрасын немесе классикалық деңгейдегі ақын-жазушылардың шығармашылығын зерттеп, ғылыми талдау әрекетінің қандайына болса да, осы идеологиялық талап қатаң түрде алға қойылды. Сондықтан да әдеби-рухани мұраны танып-білуге талпыну мен оны бағалау алғашқы кезде тұрпайы социологиялық, формалистік, компаративистік бағыттар басым түсіп жатты. Ал, бұл танымнан сәл тыс кеткендер болса, аяусыз жазаланып қуғындалып отыр. Бұны Кеңестік дәуірдегі Одақтың барлық халықтары бастан өткерді.

Оның үстіне 1949 жылы СОКП ОК-і қабылдаған космополитизм жөніндегі арнаулы қаулы мәселені одан ары ұшықтыра түсті. Аталған қаулы, әсіресе, түркі халықтарын рухани нәр алған Шығыстық қазына көздерінен қол үздіруді мұрат тұтты. Өткендегі тарих, рухани, әдеби, мәдени мұрамыздың терең тарихи тамырларын ғылыми тұрғыдан барлап танып білуден көз жаздыруға арналған саяси-идеологиялық мақсатты көздеді. Әдебиетші-ғалымдар қаулының саяси ызғарынан бет бұрып, әдебиет тарихының бастау көздерін XVIII ғасырдағы Бұқар жырау мұрасынан бастауға дейінгі шегініс жасауға барды. Қазақстан КП ОК-і де бізді осы шеңберден шығармау әрекетімен тікелей айналысты. Қазақстан КП ОК-нің қазақ әдебиеті мен өнер туындылары жайында қабылданған қаулылардың бәрі де орталық қойған талапты орындауға ұрынып, «шаш ал десе — бас алдың» әрекетін қалтқысыз жүзеге асырып отырудың идеологиялық құралына айналды. Мысалы, Кеңестік Жазушылар одағының Бас хатшысы, атақты жазушы А.Фадеевтің «мен Шаяхметовты түсінбеймін, Жамбылдан басқа ақын-жазушылардың барлығына сенімсіздікпен қарайды» деп сынай жазудың біз біле бермейтін көп мәселенің астарлы сыры жатыр. Немесе Б.Момышұлының 1943 жылы қазақ тілінің тағдыры жайында ҚКП ОК-тіне арнайы шаралар қолдану туралы жазған хаты Орталық Комитет ұйымдастырған мәжілісінде қаралып, тиісті шаралар қолдану жайындағы шешімі не себепті жүзеге аспай қалуында да, яғни, артынша ол мәселені тұншықтырып тастауында да, біз біле бермейтін беймәлім әрекеттің болғаны да көп нәрседен хабар беріп тұр.

Түркістан өлкесін жайлаған байырғы түрік халықтарының бәрін де компартия көсемдері «жабайы, жартылай тағы халықтар» деп еуропацентристік танымның тұрғысынан қарап бағалап тануының өзіндік саяси астары бар болатын. Ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан халықтық барлық рухани қазына көздерін осы өктем еуропацентристік талап шеңберінен шықпай танып білу, осы тұрғыдан ғана насихаттау талабы саяси-идеологиялық өлшемге айналғанын ешкім де терістей алмайды.

1991 жылы тәуелсіздігімізді жариялаған күннен бастап қана ой-таным еркіндігіне шындап бет бұру басталды. Бүкіл рухани қазына көздеріне бөгде жұрттың көзімен қараудан арылып, өзіндік ұлттық таным тұрғысынан танып-білуге мүмкіндік алдық. Тәуелсіздік заманы жаңа ой еркіндігіне бағыт алды. Әдебиет пен тарихымызды, басқа да саладағы рухани қазыналарымызды осы ой еркіндігі мұнарасынан қарап ғылыми зерттеулерге сүйенуге әрі соның тұрғысынан танып білуге, танытуға ойыстық. Бірақ баспандап кірген құлдық санадан арылудың жолы мысқалдап шығатын кеселдей баяу өтетіні өкінішті. Бұған біздің елімізде отарсыздандыру саясатының Прибалтика еліндегідей тегеуірінде түрде жүрмеуі де себеп болған тәрізді. Өйткені ой-танымда тоталитарлық идеология арқылы қалыптасқан стереотиптік жаны сірі қасаң кеңістік ұғымдардың тез арада өзгеріп, санадан тез шайылып кетуі оңтайлықпен жүзеге асатын құбылыс емес еді.

Алдымызға қойылып отырған осы жаңа талап, соны таным тұрғысынан бір-екі өзекті мәселеге назар салып барлай қарасақ та, көп нәрсенің астарлы сыры айқындала түспек.

Осы тұрғыдан қарағанда мәселенің бастапқы басқышы, яғни тұңғыш табалдырығы, қазіргі күндегі түрік халықтарының ежелгі түптөркінін, яғни түріктік түпотанын (прародинаны) ғылыми негізде танып-білу деңгейінің тым аласылығында жатқандай.

Қазіргі түрік халықтарының прототүріктік түпотаны, сол тұстан бері қарай қалыптасып келе жатқан тіліміз бен діліміздің, дініміздің түріктік дүниетаным болмысымыздың пайда болған о бастағы бастау Отаны (прародинасы) қайда деген мәселеде әр түрлі танымдық ой-пікірлер, тұжырымды байламдар айтылып жүр. Сол прототүріктік Отанымызды дәл меңзей алып, ғылыми тұрғыдан адаспай тани алсақ қана, ата-бабаларымыздың рухани қазынасындағы есте жоқ ескі замандағы қара қазанынан дәм татып, табиғи жұпар исін сезінер едік.

Соңғы уақыттағы ғылыми ізденістердің барысында анықталған ата-бабалар қолымен жасалынған тұңғыш рухани қазынамыздың қалыптасқан ошағы, яғни прототүріктердің атамекені, қазіргі Жерорта теңізінің гректер жайлап, өзіндік өркениетін өркендеткен заманының ар жағында жатқаны ғылыми болжам негізде меңзеліп отыр [1].

Прототүріктік атамекен уақыты жағынан б.ж.с.б алты мыңыншы жылдың ар жағында жатқан уақыт межесіне сілтейді, яғни «А» сызықты жазуы» деп аталатын («өлі тілді») өте көне рухани әлеміне қарай меңзейді.

Жалпы гректер әлеміндегі «А» сызықты жазулар мен «В» сызықты жазулары түгел оқылған. Бірақ «В» сызықты жазуының сыры оқылып, ондағы сөздердің мән-мағынасы ашылғанымен, «А» сызықты жазуындағы мәтіндердің мағынасын ашу мүмкін болмай келуі себепті, ол жазу оқылса да, ондағы сөздердің мағынасы ашылмауынан «өлі тілдер» қатарына ысырылды. Осы себепті ол жазуды ғалымдар «өлі тіл» деп қарастырып келді. Ал, бүгіндері ғалымдар ол жазудың құпия сырын ашып, оның түрік тіліне (қазақ тіліне) жататын өте көне жазу таңбасы екендігі анықталуда. Әрине, жаңалық атаулының бәрі де бірден мойындала бермейтіні бар. Мұны көне түрік жазу ескерткіштерін танып білу жолында орын алған машақатты талас-тартыстардың тарихынан хабары барлардың бәрі де біледі.

Бұл «А» сызықты жазу» таңбасы ғажап құбылыс әрі тамаша әлемдік жаңалық ретінде әйгіленіп, бүкіл әлем ғалымдарының назарына ұсынылуда. Олай болатын себебі, көне замандағы прототүріктер жасап қалыптастырған тұңғыш түрік өркениеті, яғни «А» сызықты жазу» табиғатын, қайталанбас дербес рухани әлем ретінде танып-білу міндет күн тәртібіне қойылуда.

Күні бүгінге дейін адамзат баласының теңдесі жоқ өркениет бесігі ретінде танылып келген Грек, Рим, Мысыр, Қытай өркениеттерінің пайда болу, қалыптасу уақыты б.ж.с.д. алты мың жылдық мерзім ішінде қалыптасқан бірігей құбылыс делінсе, түрік өркениеті осы алты мың жылдықтың ар жағында жатқан мейлінше көне тұңғыш рухани құбылыс деп танылуда. Сондықтан «А» сызықты жазу» өркениетті адамзат тарихындағы ең көне теңдесі жоқ тұңғыш өркениет үлгісі болып танылуы заңды құбылысқа айналмақ.

Түрік халықтарының түп ата мекені (прародинасы) саналған Жерорта теңізі аймағын темір құралмен қаруланған басқыншы жаулардың басып алу себептерінен прототүріктік ата жұртынан

кеткен түрік халықтарының соңғы мекені жайында тарихта қилы болжам, пікірлер де бар. Қос өзенді жайлап, артына қайталанбас өркениет белгісін қалдырған шумерлер де сол түрік халықтарының бір сілемі болса керек-ті. Немесе түпотанын тастап шыққан түріктер басынан бұлт айналған Орал тауы мен Еділ-Жайық кеңістігін еркін жайлап, соңынан Алтай-Саянды сағалап тұрақтаған тарихи іздері сайрап жатыр. Халықтардың ұлы көші басталғанда ұлы дала бойын жайыла жайлап, атақты қолбасшы Еділ бастаған жорықтың қарқынына ілесіп, еуропалықтармен де араласа қоныстасып, бұл өлкеге өз мәдениетін ала келеді.

Ал, Алтай мен ұлы дала жонында қалғандары Тұран деп аталатын ұлы өлке кеңістігінде тұрақтайды. Тұран аталымы арабтардың жаулап алуынан кейін Түркістан деп аталды. Түркістан аталымы ол өлкені Ресей мен Қытай империясы жаулап алып отарлаған соң, Орта Азия деген атаумен алмастырылса, бүгінде Орталық Азия деп аталына бастады. Міне, осы Орталық Азиядағы түрік халықтарының тарихи тағдыры көне замандағы жұмбақ сыры мол жер шарының үш тұсында пайда болған **тарихи алапат иірімдер** аумағында тағдыры шешіліп жатты.

Оларды түсінікті болуы үшін нақтылы түрде атап өтер болсақ, ол тарихи алапат иірімдер төмендегіше айқындалмақ

Ғұндар мен сақтардың, одан тараған түрік қағанаттары қытай, парсы жұртымен бетпе-бет келуі, екі арадағы тарихи талас-тартыстардың VIII ғасыр ортасына дейін созылып келіп, бәсең тартып босаңсуы тарту күші алапат зор тарихи иірімнің тоқырауына алып келді. Бар тарихи тағдырымыз VIII ғасырға дейін осы алапат тарихи иірім ауқымында шешімін тауып жатқаны түрік қағанаттарының тарихында өз болмысын толық көрсетті. 751 жылы Талас өзені бойында болып өткен соғыста қытай әскерінің күйрей жеңілуінен кейін бұл алапат тарихи иірімнің тартылыс қуаты әлсіреп, әрекет өрісі мүлде тоқтауға бет алды.

Түрік халықтары тарихтың алғашқы алапат иірімінің тарту күшінен босанып қана қоймай, өзінің бүкіл рухани болмысындағы халықтық жадының болмысын толық сақтап шығуымен де ерекшеленді. Түрік халықтарының тілін де, ұстанған дінін де, жазу таңбасы мен елді мекен жер атауында ұлы хандық, яғни қытайлық, мәдениеттің еш белгісі әсер етпей бастапқы табиғи қалпында сақталып, өзгеріске түспей өз қалпында жетті. Керісінше, музыкалық өнер жағынан қытайларға түрік халықтарының әсері болғанын тарихшы-ғалым әрі қытай тіліне жетік Әлімғазы Дәулетхан атап өтеді («Ақжол», 16.11.2006). Ә.Дәулетхан хундар пайдаланған «...қобыз аспабы 2000–3000 жылдан бері айтарлықтай өзгеріске түспей-ақ Қорқыт бабамызға, одан бізге жеткен» деп жазуында үлкен тарихи дерек көзі жатыр. Қобыздың шығу көзін біздердің Қорқыт атадан қайырып жүруіміз әбестік екенін аңғартады. Хундар заманында сахналық ән-би өнері болғанын қытай ғалымдарының өз аузымен атап өтетіні бар. Әрине, ән-би болған жерде өлең мәтіндері де болатыны табиғи нәрсе.

Дәулетхан Алып Ер Тоңа туралы жоқтау өлеңінен кейінгі тарихтағы нақты дәлелді көлденең тартады. Яғни қытайлар хундар пайдаланған «ху киімі, ху шатыры, ху төсегі, ху биі, ху театры, ху сыбызғысын» күнделікті тұрмысында астана ақсүйектері қажетіне жаратып пайдаланып отырған дерек көзін дәлел ретінде келтіреді. Ә.Дәулетхан, қытай деректеріне сүйене отырып, Қытайдың «Батыс хан патшалығы» дәуірінде өмір сүрген бегілі саясаткер әдебиетшісі Жия И (б.ж.с.д. 200–168 жж.) 10 томдық «Жаңа кітап» деген еңбегінің төртінші томында: «...Хундарда бұдан басқа «ху-шы» деп аталатын сахналық ән-би түріндегі өнері бар деп жазған айғақты дерек көзін келтіреді. Бұлардың бәрі де түрік халықтары әдебиет тарихының бастау көздері қайда жатқанын меңзейді. Әдебиет тарихындағы бұл іспеттес нақтылы дерек көздерінің б.ж.с.б. 726–168 жж. аралығында жатуы — кейбір менменсіп көкірегін көтере керген ұлы державалы астамшыл халықтардың түсіне де кірмейтін дерек көздерімен «тағы, жартылай тағы халық» атансақ та, заңды түрде мақтануға құқымыз бар халықпыз.

Бұл заман ауқымында түрік халықтарының рухани болмысы мен әдебиетінде, өнерінде өзінің түріктік белгілері де сақталып, олар бүгінгі ғылыми-зерттеу еңбектерінің нысанасына алына бастады. Жалпы түрік халықтары әдебиет тарихының бастау көздерін ғұндар мен сақтардың және көне түріктердің рухани ескерткіштерінен бері қарай тарту әрекеті жыл өткен сайын бел алып келеді.

Түрік халықтарының кара шаңырағын ұстанып қалған қазақ халқының әдебиет тарихын дәуірлеу жүйесін жоғарыда айтылған алапат тарихи иірімдер шеңберінде алып жүйелеуге табан тіреген орынды болмақ деп, төмендегідей қалыпты ұсынамыз. Бірақ біз бұл танымды тұжырымдамалық тұрғыдан ұсынғанда кейбір ұлт әдебиеттерінің (ұйғыр, түрік, эзербайжан т.б.) өзіне тән ішкі даму ерекшеліктері болатынын назарда ұстаймыз. Бұл жайында әрқилы пікір танымдардың болу ықтималы да бар.

Қазірдің өзінде менің шәкірттерімнің бірі — Иманғазы Нұрахмет жақын арада қорғалған «Қазақ әдебиетінің төркіні мен тарихын дәуірлеу» деп аталатын кандидаттық диссертациясында қазақ әдебиеті тарихының бастау көзін б.ж.с.б. ғасыр ішінде жатыр деген ғылыми танымын ұсынды. Бұған дәлел қытай тілінде жазылған нақтылы өлеңдері мен көптеген шашыранды өлең жолдарымен айғақты да нақтылы дәлелдер келтіруде.

Бұл тақырыпты тереңдеп зерттеу арқылы жаңа танымның орнығуына негіз болып қаланатын талай әдеби қайнар көздерін ашып беретін айғақты дәлелдер де баршылық. Бұл күрделі ой танымды деректі әдеби қайнамадар көзімен салыстыра отырып сарапталғанда келетін ой түйіні, әсіресе, жалпы түрік халықтары әдебиет тарихының жүріп өткен ұзақ ғасырларға созылған жолдары тәрізді қазақ әдебиеті тарихын дәуірлегенде де оның ыза тартар бастау көзі тым алыста көне заман деректерінде жататыны алдымыздан шығады. Әрине, оларды халқымыздың басынан өткен алапат тарихи иірімдермен тікелей байланыста жатқан рухани құбылыстар ретінде қарау жөн сияқты. Ол құбылыстарды рет-ретімен қарастыратын болсақ, әдебиет тарихын жүйелеудің желісі төмендегідей қалыпта көрініс беретіні заңдылықты байқаймыз:

I. Біздер ендігі заманда қазақ әдебиетінің о бастағы ыза тартар бастау көзін барлық түрік халықтарына ортақ рухани мұра ретіндегі б.ж.с.б. VII ғасырдағы Алып Ер Тоңа туралы жоқтау жырынан бастау — заңды құбылыс деп қараймыз. Өйткені тарихи рухани туынды «Авеста» мен Фирдоусидің «Шаһнама» дастанында қатар өріліп бас кейіпкер ретінде жырланатын Алып Ер Тоңа (Афрасияб) туралы эпикалық тарихи жырдың бір көрінісі — шумақты он екі жолды өлең жолымен, бірыңғай желілі ұйқас түрімен ерілетін таза жоқтау өлең үзіндісі негіз болатын әдеби мәтіннің өзі-ақ ғылыми тұрғыдан қарағанда тарихи тұрғыдан әдеби құжат ретінде айғақтайды. Тарихтың алапат тұңғыш иірімі Тұран-Иран арасындағы көне замандағы тарихи тартыстан басталып, ғұндар мен қытай арасындағы тарихи алапат иірімінде жалғасын тауып жатқаны көп нәрсенің сырын аңғартады.

Ал, қазіргі ғылыми ойдың үдере жылдам дамуы бізге бұл мәселені жаңаша дүниетаным тұрғысынан шешу қажеттілігін алға қоя бастады. Тәуелсіздік заманы талап еткен ой-танымдағы өзгерістер біздің алдымыздағы күрделі мәселелер мен міндеттер қоя бастағаны күн өткен сайын айқын сезілуде. Мысалы, мен «Тұранның ұлы қағаны» деп аталатын Афрасияб (Алып Ер Тоңа) туралы ғылыми мақала (Ақжол. 2004) жарияладым. Мақалада б.ж.с.д. VII ғасырдағы Алып Ер Тоңа туралы жоқтау жырының өлең үзініндегі («көг») желілі ұйқас түрінің дәстүрі Дулат ақын (1802–1872) мен Абай (1845–1904) өлеңдерінде жалғастық тауып, «көг» өлең үзініндегі есте жоқ ескі замандағы көне өлең өрнегінің дәстүрлік жалғастық тұрғыдан жаңаша дамытылуы өлең өрнектерінің болмысын ғылыми тұрғыдан талдау арқылы дәлелденді. Осы мақала Түркістандағы Түркология институтының жетекші ғылыми қызметкері Сайран Әбушәріпке түрткі салып, ол «Афрасияб» деп аталатын үлкен ғылыми монографиясын жариялады. Белгілі ғалымдардың бәрі де Афрасияб туралы көне дерек көздеріне назар сала бастады.

М.Қашғаридің «Түрік сөздігіндегі» Алып Ер Тоңа туралы эпикалық тарихи жыр сілемдерін жинастырып (600 өлең жолы, немесе 150 шумақ өлең), осы дерек негізінде түрік халықтары әдебиеті тарихын б.ж.с.д. VII ғасырдан бастаудың ғылыми негізі бар деп сеніммен ұсынып отырмыз. Сүйенер дәлеліміз — «көг» деп аталатын байырғы бармақ өлең үзініндегі желілі ұйқастың қазақ әдебиетінде дәстүрлік жалғастық тауып, бүгінге дейін даму жолында түрленіп өзгерістерге түссе де, бастапқы табиғи қалпын таза сақтауында жатыр. Бұл көне дәстүр түрік халықтарының өлең құрылысында әрқилы түрде қолданылып келе жатқан өлең өрнектерінде өз белгісін танытып келеді.

II. Қазақ және түрік халықтары әдебиеті тарихының екінші дәуірі V–VIII ғасырдағы түрік жазба ескерткіштерінен басталады. Дәл осы жазу тағбасындай шығысымыздағы сонау Енисей өзенінен басталып, Еуропаның Балқан тау сілемдеріне дейін созылған кең көлемдегі кеңістікті қамтитын әлемде басқа жазу таңбасы болған емес. Мұндай алапат рухани құбылыс мейлінше қалыптасқан мемлекеттік құрылыстан туындайтын болмысы бөлекше жатқан құпия толы дүниеліктер. Еуразия өлкесінде шашырап жатқан әр тұстан кездесетін тасқа жазылған ескерткіштерді әлі де жанры жағынан толық айқындап ала алмай жатқан жазба ескерткіштерінің жанрлық табиғатын терең танып анықтау мәселесінде екі түрлі ой-пікір тұжырымдары орын алып, пікірталасы толастамай келеді.

Бір топ зерттеуші-ғалымдар еуропацентристік танымның ықпалынан шыға алмай көне түрік жазба ескерткіштерін «поэзиялық туынды» деп өлең жанрына жатқызудың басында проф. И.В.Стеблеваның «Поэзия тюрков VI–VIII веков» (Москва, 1965) деп аталатын ғылыми монографиясы тұрады. Бірақ тас бетінде бедерленген көне түрік жазба ескерткіштерін ой жотамен өлең өрнегіне салудың дәлелді ғылыми негізі бар деуге келмейді. Өйткені проф. И.В.Стеблева —

еуропацентристік иірімнің тартымынан шыға алмай қалған ғалымдардың бірі. Бұл түгіл ертедегі түрколог-ғалымдар көне түрік жазба ескерткіштерін әуелгі кезде түрік халқының рухани мұрасына қия алмай, оны еуропалық халықтардың ата мұрасына жатқыза қарағаны есімізде. Қашан тастағы жазулар түрікше сөйлегеннен кейін ғана олар лажсыз райынан қайтып, мойындауға мәжбүр болды емес пе?

И.В.Стеблеваның көне түрік жазба ескерткіштерін «поэзиялық туындыға» жатқызуының астарында осы еуропацентристік танымның ызғарлы табы жатыр. Олар түрік халықтарын жабайы, жартылай тағы халықтар деген танымды ұстанып келгенін бүгінде жасырып болмайтын шындық. И.В.Стеблева да осы таным тұрғысынан түрік поэзиясының көне заманда туып қалыптасқан «көг» (бармақ уәзіні) деп аталатын өлең өлшемі болғанын аңғарып біле алмаған. Сондықтан VI–VIII ғасырлардағы түрік өлең өрнегінде бір қалыпқа түсіп, жетілген өлең өлшемінің болуы мүмкін емес деп тұқырта қарауы себепті, баяндау үлгісіндегі **тарихи шежіре жанрын** «поэзиялық туынды» деген қорытындығы алып келген. Мұндағы мақсаты V–VIII ғасырға дейінгі түрік өлең өрнегі әлжуаз, дамып жетілмеген, бар даму деңгейі осы ғана деген балаң танымды алға тартады.

Түрік **өлең сөз мәдениетінің** басы б.ж.с.д. VII ғасырында Алып Ер Тоңа туралы бізге жеткен жоқтау өлең жолдарында жатыр. Ондағы өлең шумақтарын қай жағынан алып талдасаң да, шұқшия қарасаң да қалыптасқан өлең өлшемі негізінде шығарылған ауызша поэзиялық туынды екеніне көзің анық жете түседі.

Осы айтылған ой пікірлері ескере отырып дарынды ойшыл ғалым Құлмат Өмірәлиев: «... орхон ескерткіштерін «түрік поэзиясы» деп тану — бізге жеткен дүниені (табылған барды) түркі халықтарының **сөз мәдениетінің басы** деп түсінуден барып туған қате пайымдаулар», — деп жазған болатын [2].

Шындығына келсек, тас бетінде бедерленген көне түрік жазба ескерткіштерінің бәрі де проза жанрының өзіндік бір уақыт талабы тудырған қайталанбас түріне жатпағы жөн сияқты. Өйткені ол жазба тас ескерткіштеріндегі көне түріктік «көг» өлең уезініне сай жыр өрнектері, яғни буын, бунақ, ұйқас, шумақ, ішкі ұйқас түрлері табиғи қалпында өз ерекшелігін көрсете бермейтін жағын қайда қоямыз?

Б.ж.с.д. VII ғасырда «көг» өлең уәзіні, яғни бармақ уәзіні, сияқты қалыптасқан өлең өлшемін көне түрік жазба ескерткіштері не себепті ата дәстүрі ретінде қабылдап жалғастырып әкетпеген? Өйткені олар проза жанрында жазылуы себепті ол өлең дәстүрін жалғастырып әкетудің реті келмейді. Егер көне түрік жазба ескерткіштері өлеңмен жазылғанда, сөзсіз, ол дәстүр міндетті түрде қолданысқа түсер еді. Егер ол ескерткіштер өлең түрімен жазылғанда, желілі ұйқасты бармақ уәзінімен жазылған дәстүрдің жалғастық тапқан ғажап үлгілерін көрген болар едік.

Көне түрік жазба ескерткіштерінің табиғи жанрын дәл анықтап алмай жатып, проза түріндегі туындыны жасанды түрде поэзия жанрына жатқызып танытуымыздың қисыны жоқ. Түбінде жасанды танымды әр кезде-ақ табиғи таным өз қалпына түсіріп отыратын заңдылық үстем болса керек-ті.

V–VIII ғасырлардағы көне түрік жазба ескерткіштері дәуіріндегі аласапыран тарихи оқиғалардың болмысынан терең мазмұнды сыр шертетін тарихи шежіре жанры тілімен жазылған көне түрік жазба ескерткіштері дүниеге келді. Осы себепті бұл **бірінші әлемдік алапат тарихи иірімнің** шеңберінде көк түріктер қағанаты мен Қытай империясының арасында болып өткен сан қилы талас-тартыстардың шеңберінде қаралуы жөн. Бұл тартыс сонау көне замандағы Ғұндар мен Қытай империясы арасында болып өткен тарихи тартыстардың заңды жалғасы болып табылатын алғашы алапат тарихи иірімнің өзіне айналып кетті десе болғандай.

Бұл таным бізді бүгінге дейін қазақ әдебиеті тарихи белгілі ғалым профессор Б.Кенжебаевтың тұжырымдамасы негізінде басқа туысқан түрік халықтары тәрізді VIII ғасырдағы ойма жазу ескерткіштерінен (Орхон, Енисей жазба ескерткіштері) бастау алып, даму үстінде келеді.

Түрік халықтары көне замандардағы парсы жұртымен (VIII ғасырдан бастап парсыларды жаулап алған арабтармен) бетпе-бет келіп, соңыра олармен бар салада мидай араласып, құндылықтар алмасуымыз VIII–XVIII ғасыр аралығына дейін мың жылдан астам уақытқа созылған осы **екінші тарихи алапат иірім** ауқымында өтіп жатты. Он ғасырдан астам ұзақ мерзімге созылған осы аралықта түрік халықтарының тағдыры шешіліп, рухани құндылықтары талай рет сапырылысқа түссе де, өзінің халықтық әдет-ғұрыптың тамырынан қол үзбеген өміршең дәстүр жалғастығын бастан кешіп жатты. Дегенмен түрік халықтарының рухани дүниетанымында елеулі өзгерістер орын алып, қоғамдық ғылымдар мен көркем әдебиет туындыларында сырттан енген маргиналдық сананың белгісі анық аңғарылып тұратыны бар. Мысалы, атақты түрік халықтары әдебиетінің классикалық

туындысы Жүсіп Хаскаджиптің «Құтадғу білік» дастанында молынан сөз болатын мұсылмандық дүниетаным салаларынан елеулі көріністері осы айтылған пікірдің айғағындай алдымыздан шығатынын терістей алмасақ керек.

Қазақ жеріне мұсылмандық дін VIII ғасырдың орта тұсында біртіндеп ене бастады. Халқымыз ұстанған монотеистік танымдағы Тәңірлік дін осы танымды ұстанған ислам дінімен үйлесім тауып, жаңа діннің бейбіт жолмен халық санасына сіңісуіне мүмкіндік тудырып отырды. Осы ерекшеліктен болса керек тәңірлік діннің кейбір атрибуттары бүгінге дейін халқымыздың салт-санасында жиі ұшырасып отыратыны жай нәрсе емес-ті.

Ислам діні дендеп енумен бірге қазақ даласына араб әлемінің ғылымы мен мәдениеті де кеңінен тарап, мектеп медреселер арқылы кеңінен тарап өрісін жая түсті. Араб ғылымы мен философиялық ойын дамытуға түрік елінен шыққан Әл-Фараби, Бируни, Ж.Баласағұни, Ясауи, тағы басқа саңлақтар айтарлықтай үлес қосып жатты.

VIII–XVIII ғасыр арасында мәдениет пен философиялық ой танымдағы, өнер мен ғылымдағы бүкіл адамзаттың ой-танымы деңгейін биікке көтерген өнер, ғылым саңлақтары туындыларында көрініс берген өмір шындығын әлемдік алапат тарихи екінші иіріміне тартылған құбылыс ретінде қараймыз. Бұл аталып өткен тарихтың алапат иірімінің тарту күші он ғасыр бойы түрік халықтары әлеміндегі мәдени, рухани болмысымызды қалыптастыруы себепті бұл кезең ішінде болып өткен әдеби болмысымыздың даму жолындағы іштей байланыстағы үш кезеңін қамтитын құбылысты көреміз.

IX–XII ғасырлар арасындағы Қараханидтер дәуіріндегі түрік халықтарының бәріне ортақ тұңғыш жазба әдебиетінің классикалық туындыларын қамтиды. Осы кезеңнің маңдай алды ұлы туындылары Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны, М.Қашқаридің көп томды «Түрік сөздігі», Ясауидің «Хикметтері», Бақырғани мен Сопалаярдың, тағы басқа ақындар мен ойшылдардың туындыларында сол заманның рухани әлеміндегі өзгерістер өз көріністерін беріп жатты. Түрік халықтарының рухани әлемінде бүкіл адамзаттық жәуан мәрттілік ілімінің негізі салынып, адам жанын рухани жағынан тазаруы жайындағы ар ғылымы қанат жайып, өрісі кеңі түсті.

XIII–XV ғасырлардағы Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет тарихында ортақ рухани тұтастықтың болмысын жырға қосып әспеттейтін жазба әдебиет үлгілері дүниеге келді. Алтын Орда заманында туындаған ортақ рухани тұтастықты жырға қосқан әдебиет туындыларын танып білу бізде көпке дейін қолға алынбай келуіне ұлы державалық таным ырық бермей келді. Тіпті Алтын Орда дәуіріндегі әдебиет деген атаудың өзін тұншықтырып қуғынғы салып отырды.

Түрік халықтарын рухани бір тұтастыққа түсіріп билеп отырған Алтын Орда империясы ыдырап, түрік халықтары көптеген ұсақ хандықтарға бөлініп, тарыдай шышылып бөлшектеніп кетті.

Дербес халықтардың билігіндегі түрік халықтарының өздеріне тән ұлттық әдебиеттері пайда болып, өріс ала бастады. Осы себепті Алтын Орда ыдырап кеткенге дейінгі түрік халықтары әдебиетін солардың бәріне тән ортақ әдебиет ретінде танып, қарастыруға бағыт алдық. Осы таным тұрғысынан бүкіл түрік халықтарына ортақ әдеби мұраларды, яғни Алып Ер Тоңа туралы эпикалық тарихи жырды, ойма жазу ескерткіштерін, Оғыз қаған эпосы мен Қорқыт мұрасын, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Ясауи, Бақырғани және тағы басқа әдеби құндылықтарды, түрік халықтарының бәріне ортақ әдеби мұра ретінде тану мәселесі мақұлдануда. Осы жағдайға орай XV ғасырдан бастап Алтын Орда империясы құлап, түрік халықтары бірнеше ұсақ хандықтарға бөлініп, өмір сүре бастаған заманды ұлттық әдебиет тарихының Басталу кезеңі деп тану мәселесі де алға қойылып отыр. Міне, осы ортақ таным тұрғысынан келіп, әдеби мұраны әркім өз ұлтына қарай тартқылып таныту әрекетіне тосқауыл да қойылмақ.

XV–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығы тұсындағы абыздардан өріс алған жыраулық әдебиет үлгілері біздің әдебиет тарихында Қазақ хандығы тұсындағы қазақ әдебиеті деп аталып жүр. Қазақ ұғымындағы абыздар интуитивтік сана-сезімнің өкілі болуы себепті келешекті алдын ала болжай білетін көріпкел сөз өнері жағынан қазақ көркем өнерінің синкреттік табиғатын орнықтырған белгілері мен көріпкелдік қасиет жыраулар поэзиясында көрініс беріп отырды. Мысалы, Асан Қайғыдағы интуитивтік сана-сезімнің орын алған белгісі оның көріпкелдік, алдын болжағыштық сөздерінен көрінеді. Мысалы, оның «Мұнан соң қилы-қилы заман болар» толғауындағы болжамын Бұқар жыраудың Абылай хан сұрауына берген жауабында анық сезінеміз. Біздің қазақы ұлттық әдебиетіміз Қазақ хандығы тұсында қалыптасты. Бұл кезеңдегі рухани тұтастығымыз, қалыптасқан бір бүтін мәдениетіміз, монолитті тіліміз, исламдық дініміз, ұлттық дүниетанымымыз бен салт-санамыз, әдет-ғұрпымыз мызғымас бір ізділікке түсті. Бұл ерекшеліктің бәрі де арғы басы абыздардан

басталатын жыраулар поэзиясының табиғатында тұнып тұр. Бұл асыл қасиеттерден біз отаршылдық заманда сырттан енген қысымның күшімен біртіндеп айырыла бастадық.

Тұран өлкесі халықтарының тағдыры XVIII ғасырдан бастап Ресей империясымен бетпе-бет келіп, сол арқылы еуропалықтармен жалғасып, тікелей қарым-қатынасқа түсуіміз бүгінге дейін созылып отырған тарихтың аса қуатты үшінші иірім шеңберінде шыр айналып, тағдырымыз осы иірімнің тарту күшімен шешіліп келеді.

Тұран өлкесін жайлаған барлық түрік халықтарының тарихи тағдыры мен рухани болмысы, ондағы болып өткен түрлі тарихи сапырылыстардың бәрі де осы аталып өткен тарихтың сырға толы үш бұрышындағы адуынды тарихи иірімдірдің тартылыс шеңберінде өтіп келеді. Біз үшін енді тарихтың үш бұрышы саналған осы кеңістікте пайда болып қалыптасқан рухани қазынамызды (біртіндеп қалыптасқан жалпы түрік халықтарының рухани әлемі, оның ішіндегі әдеби-мәдени қазынасы) осы кеңістік аумағында қарастырып таныту міндеттері алға қойылып, жаңаша дүниетаным негізінде сарапталған шешімдер негізін танып білуді филолог, тарихшы ғалымдар мен қазақ философтарынан күтудеміз.

Жалпы түрік суперэтностының (қазіргі күнде 49 ұлт пен ұлыс) бір әлеуеттің бұтағы — қазақ әдебиеті тарихының дәуірлеуін аталып өткен тарихи тағдырымызбен бірлікте алып қарастыру мәселесі бүгінде күн тәртібіне қойылып, ғылыми тұрғыдан шешімін күтуде. Өйткені бүкіл болмысымыз бен рухани әлеміміздегі жақсылы-жаманды бүкіл өзгерістеріміз түрік халықтарының Ресей мен Қытай империясы отаршылдық саясатының желісінде шешіліп келді. Осы себепті бодандық дәуірде дүниеге келген әдебиетімізді **отаршылдық дәуірдегі әдебиет** деп атауды ұсынып келеміз.

XVIII–XX ғасырдағы **отаршылдық дәуірдегі әдебиет** төмендегідей қалыпты жүйеге түсіріліп сараланбақ.

XVIII ғасыр басындағы вассалдық дәуірдегі, яғни, сырттай Ресей мен Қытай империясы билеген, ал ішімізді өзіміз билеген кезеңнің әдебиеті. Бұл тұстағы ұлттық идеяның ұраны қалмақтарға қарсы Ұлы Отан соғысында халықтық деңгейге көтере алды. Бұл замандағы өмір шындығы Бұқар жырау бастаған жыраулар поэзиясында өз көрінісін тауып жатты.

XIX ғасырдың **алғашқы жартысындағы** бір тұтас қазақ әдебиетінің отаршылдық ырқына түсіп, бөлшектену, бұрынғы тұтастығынан айрылу заманы басталды. Осының нәтижесінде Қазақ хандығы кезінде бір тұтас, біркелкі дамып келген қазақ әдебиеті отаршылдардың кәнігі «бөлшекте де билей бер» саясаты нәтижесінде үшке бөлініп, арасы ашылып, алшақтап кеткен қалпын көреміз:

- Кіші жүздегі сұлтан-правительдер билігі тұсындағы саяси-әлеуметтік жағдайдан туындаған қайталанбас өмір шындығы Махамбет бастаған ақындар поэзиясында толық бейнеленді. Бұл ақындар жырындағы ортақ белгі сұлтан-правительдер образын жасаудағы ақындық бағыт пен сатиралық сарын мығым түсіп жатты. Бұл өлкенің орталығы Орынбор қаласы болып табылады;
- Орта жүздегі отаршылдық ел билеудегі өзіндік ерекшелік аға сұлтандар билігі тұсындағы өмір шындығын әшкерелей жырлап аға сұлтандар образын сомдаған Дулат ақын бастаған ақындар шығармаларында қайталанбас өз көрінісін беріп жатты;
- Қоқан хандығы қол астындағы Ұлы жүздегі ел билеу жүйесіндегі датқалар билігі дәуіріндегі әдебиет дәуіріндегі әдебиет Жанкісі жырау мен Сүйінбай бастаған ақындар поэзиясында датқалар образын сомдап бейнелеудегі ортақ сарынды ұшыратамыз.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресей империясы мен Қазақ жері мен Түркістан өлкесін тұтас жаулап алған соң, оларды Ресейдің ел билеу жүйесіне жақындату мақсатымен ел билеудің бірыңғай территориялық принципті ұстанған **болыстық жүйесін** ендіру дәуіріндегі әдебиет кезеңі 1867 жылдан 1917 жылға дейін созылды. Қазақ әдебиетінің ұлы классигі Абайдың саналы өмірі осы билік жүйесінің шеңберінде өтті. Осы дәуірдегі саяси-әлеуметтік өмірде болып өткен өмір шындығы тудырған құбылыс атаулының бәрі де Абай шығармаларында реалистік тұрғыдан дәл суреттеліп, өз көрінісін толығымен беріп, әдебиетті жаңа өріске бастады. XX ғасыр басындағы, яғни, **Ояну дәуіріндегі әдебиет** деп атауымыздың мәнісі осы тұста әдебиет майданына қызу араласқан ақын-жазушылар шығармасындағы ортақ сарын қазақ халқының ұлттық санасын оятуға жұмыла кірісуіне байланысты осылай атап отырмыз. Бұрындары осы тұстағы әдебиет тарихын жүйелуде оны екі бағытқа бөле қарайтын. Біріншісі, бұржуазиялық ұлтшылдық әдебиет деп аталса, екіншісі, ағартушылық-демократиялық бағыттағы әдебиет деп бөлінетін. Әрине, бұл ғылыми танымға шалыс

келетін әдебиеттің партиялығы мен таптығы деген марксистік дүниетаным тұрғысынан қабылданып саясаттанған байлам болатын.

Алаш ұранды әдебиет таптық, партиялық танымды қабылдамауы себепті, олардың артына шам алып түскен ұр да жық солақай сындар жазған әдебиетшілер де баршылық еді.

Кеңестік билік дәуіріндегі әдебиет 1917 жылдан 1991 жылға дейін созылды. Қазақ совет әдебиетін дәуірлеу мәселесі туралы ой-танымдар совет ғалымдардың ой-пікірі мен ұстанған жолдары қалың оқырман қауымға кеңінен мәлім.

Кеңестік билік заманындағы әдебиет әлемінде болып өткен халық санасының мәңгірттеніп, жас ұрпақтың тарихи жадынан айрылып, коммунистік партияның бір текті кеңес адамын қалыптастыру саясатының теріс әсері жайында айта кетудің де жөні бар.

Қазақстанның тәуелсіздік жолына түсуіне байланысты ой-сана мен танымдағы түбірлі өзгерістердің ұлттық сананы оятуына орай өткен заман мен кеңестік дәуірдегі әдеби-мәдени құндылықтардың бәрін де ояңған ұлттық сана мен бүгінгі заман талабы тұрғысынан халықтық тарихи жадымызды жаңғыртуына қарап бағалайтын бағыт-бағдар күн өткен сайын күш алып үдей дамып келеді.

Кеңестік дәуірдегі әдебиет тарихын сөз еткенде, онда айрықша орын алған әдебиеттегі бір рухани құбылыстың қайталанбас өзіндік ерекшелігіне назар аударып, оның орын алу себебін айқындап алудың орны да, жөні де бар. Өйткені қазақ халқының бір ғасыр ішіндегі, яғни XIX ғасыр ішінде, өмір сүрген төрт түрлі ұрпақ аралық алмасудың төрт кезеңі де рухани тұтастық желісі үзілмей ұрпақ дәстүрі жалғасын тауып бірінен-біріне өтіп отыратын заңдылық сақталған. Өткен ғасырлардың бәрінде де осы заңдылық үстем болып толассыз жүріп жататын. XIX ғасыр ішіндегі отарланған заманның өзінде де саяси-әлеуметтік жағдайдың отаршылдық саясат арқылы бұзыла бастаған өзгерістерге орай ұлттық рухани дәстүрде үзіліс болмай, ұрпақтар заңды жолмен алмасып отырған дәстүрлі тұтастықтың жалғасын көреміз. Бұл құбылыс ғасырлар бойы қайталанып, үзіліссіз жалғасын тауып отыратын табиғи қалпы жайында Бауыржан Момышұлы: «У нас есть последственная преемственность всего благородного от поколения к поколению. Именно в этом достоинство нашего народа. Именно в этом суть нашего прогрессивного мышления и стремления к идеалам...», — деп өзінше жаңаша танымдағы ой толғанысынан ұрпақтар алмасуы арасында дәстүрлі жолмен болып жататын табиғи заңдылыққа айрықша мән бере қарайтын ғылыми ой танымын ортаға тастайды. Кеңестік дәуірде айтылған бұл көреген әрі батыл пікірде саналы ұрпақ сабақ алар ғылыми ой-өнегесі жатыр.

Кез келген ұлттың бойындағы осы тұрақты табиғи заңды құбылыс XX ғасыр ішіндегі қазақ қауымы арасындағы ұрпақ алмасу тұсында елміздегі саяси-әлеуметтік алапат өзгерістерге байланысты ұрпақтар арасындағы рухани дәстүр жалғастығы алғаш рет зорлықпен **күрт үзіліс тауып, қасіретті рухани құбылысқа** айналып жүре берді. Бұл қазақ қауымының басына алғаш рет түскен аса ауыр қасірет XX ғасыр ішіндегі ұрпақтар алмасу жолында айрықша қайталанбас өз көрінісін берді. Бұл өзгерісті еске алмай кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінде болып өткен адам жанындағы рухани өзгерістердің табиғатын терең танып біле алмаймыз. Бұл құбылыстың сырын танып білу ғана бізді шындық жолға тура бастайды.

Қазақтардың «Елу жылда — ел жаңа, жүз жылда — қазан» деген өмірлік тәжірибеден туған даналық сөзінің терең мән-мағынасы барлығына ой жүгіртіп, жүз жыл ішінде алмасатын ұрпақтар буынындағы ерекшелікке айрықша мән бере қарау қажеттігі алдымыздан шығады. Мысалы, қазақ халқының XIX ғасыр ішіндегі ұрпақтар буынының алмасу ерекшелігіне назар аударсақ, дүниетанымдағы ұлттық салт-санадан, әдет-ғұрыптан дәстүрлік жалғастықтың бұрыннан қалыптасып келе жатқан табиғи болмысы толассыз бір ұрпақтан келесі ұрпаққа тоқтаусыз өтіп отырған табиғи қалпын көреміз. Бұл дәстүр әр халықтың жүз жыл ішінде **ата буын, аға буын, орта буын, жас буын** болып, бұлар кезекпен алмасып отыратын тұрақты табиғи заңдылығын айғақтайды. Халықтық дүниетаным, әдет-ғұрып, салт-санадағы ұлттық таным бір ұрпақтан келесі ұрпаққа дәстүрлік жалғастық тауып отырды. Мұны ұлы Абайдың сөзімен кестелеп айтар болсақ:

*Дүние — үлкен көл,
Замана соққан жел.
Алдыңғы толқын ағалар,
Соңғы толқын інілер,
Кезекпенен өлінер,
Бәрі бірдей көрінер, —*

деп бұл табиғи құбылыстың ұрпақтар арасындағы заңды түрдегі алмасуының өзі болып шығады. Толассыз өмір ағысындағы үнемі қайталанып отыратын ұрпақтар арасындағы тұрақты рухани дәстүрлік жалғастықтың мәңгілік тұрақты құбылысқа айналған заңдылығы ашық көрініп тұр. XVIII ғасырдағы Бұқар жыраудан Жанак ақынға дейінгі өнер саңлақтарының бірінен-біріне өткен дүниетанымдағы рухани ұлттық дәстүр жалғастығына қылау түспеген. Ал, XIX ғасырдағы Махамбеттен (1804 жылы туған) басталып, Абаймен (1904 жылы қайтыс болған) екі аралықтағы бір ғасырға созылған төрт буын ұрпақтың заман сазына сай пайда болған туындыларында да буын арасындағы рухани дәстүрлік жалғастық табиғи қалпын бұзбай сақтаған ерекшелік те айқын із тастап тұр.

Ұрпақтар арасындағы сан ғасырлар бойы қайталанып келген осы тұрақты табиғи рухани дәстүрлі жалғастық тұңғыш рет XX ғасыр ішінде кенет қолдан зорлықпен бұзылып, түбірлі өзгеріске түсіп күрт үзіліп қалуы аса ауыр орны толмас ұлттық рухани қасіретімізге айналды. Бүгінде соның уытты зардабын әлі де болса тартып келеміз.

Қазір баспасөз бетінде неге ауылдарда қазыналы ақылгөй шежіре қарттарымыз мүлде азайып көз жаздырып барады. Ал әжелеріміздің көбі, әсіресе, қалалы жерлерде «цивилизованный» әжелерге айналып, немере-шөбелерін бауырына басып мәпелеп бағып қағудан сырт қалуда? Бұрындары ата ұрпақ арасында әр ауылда ұлтымыздың рухани қазынасын бойына жиған көкірегі шежіре қарттарымыз мол болып, өмірден көріп білгендерін жас ұрпақтың құлағына сіңдіріп бір ауылды бір өзі-ақ тәрбиелеп отырушы еді. Енді олардың орны толмай отырса, халықтың әжесі болған Абайдың әжесі Зере мен Бауыржан Момышұлының әжесі Қызтумас тәрізді әжелер бүгінде некен-саяқ, сирек ұшырасуда. Осы себепті оқырмандар тарапынан «неге?» деген сұрақ жиі қойыла бастады. Бұл құбылыстың құпия жасырын сыры жоқ, бәрі де ұрпақтар буыны алмасқанда сақталып келген бір буыннан келесі буынға ауысып отыратын тұрақты ұлттық рухани дәстүрлі салт-сана, әдет-ғұрыптағы табиғи жалғастықтың тоталитарлық зорлықпен күрт үзіліп, күшпен жойылуында жатыр.

XX ғасыр басындағы ата ұрпақтың бойындағы рухани қазынаның аға ұрпаққа берілер дәстүрлік жалғасын кеңестік таптық саясат **саналы түрде** күрт үзілуіне алып келді. 1930–1937 жылдан кейін дүниеге келген бүгінгі ата ұрпақ өкілдері **тұтастай мәнгүрттену** жағдайын бастан кешті. Бұлардың мәнгүрттенуіне Қазақстан Республикасының басшысы болған қаныпезер, ұр да жық әрекеттің иесі Голощекиннің И.В.Сталинге жазған қызмет хатында (Советская степь, 20.11.1927.): «...бесінші кезеңде — қалған барлық қазақ зиялыларының көзін жойып, қазақ әліппесін тағы да ауыстырып, осындай әдіспен жеткіншек ұрпақтың өз халқының тарихын бастапқы тума көздерден оқып білу мүмкіндігінен айыру», — деген саяси ұстанымдағы бағдарламасын Сталиннің: «Голощекин жолдас! Менің ойымша, қызметтік жазбада атап көрсетілген саясат, негізінен, бірден-бір дұрыс саясат болып табылады», — деп ресми түрде бекітіп беруі арқылы келешек жас ұрпақты тұтас мәнгүрттендірудің саяси негізін салып беруінде басымызға түскен барлық қасіреттің өзекті қанды желісі жатыр...

Осы аға ұрпақтың өкілінің бірі — менің өзім де қатты мәнгүрттеніп, ұлттық сананың оянуына байланысты есімді әрең әрі кешірек жидым. Голощекин ұстанған саясаттың көздеген мақсаты негізінде мен, өз замандастарым сияқты, қазақ әліппесінің ауысуына байланысты өзіме дейінгі ұрпақтың ой қазынасын оқып-білуден мақұрым қалдым. Біздер халықтың тарихи жадынан қол үзіп, ата ұрпақтың бойындағы дәстүр арқылы бізге ауысатын барлық ой қазынасынан айрылып құралақан қалдық. Біздерді, жасөспірім жастарды, халықтың ұлттық әдет-ғұрып, салт-санасын байшылдық-феодалдық қалдықтың кертартпа қалдығы деп танытты. Мен өсе келе мәселеге сын көзімен қарайтын деңгейге жетсем де бәрібір мен жазған ғылыми, публицистикалық еңбектерде мәнгүрттіктің рухани табы аңдаған кісіге байқалып тұратынын өзім де іштей сезінемін.

Табиғи жолымен сақталып дамып келген бұл рухани дәстүрлі жалғастықтың бұзылу себебі қайда жатыр деген сұрақ алдымызға қойылып, оның себебін танып-білуге назар аудармай тұра алмаймыз. Бұл мәселе әсіресе ұлттық әдебиет саласында орын алған асыра сілтеу заманында анық белгі беріп жатты.

Ал енді XX ғасыр ішіндегі қазақ елінің алғашқы буын өкілі, яғни **ата буын** өкілдері (мысалы, 75 пен 100 жас арасындағы өкілі А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, М.Әуезов т.б.), одан кейінгі екінші буын, яғни **аға буын** өкілдері (50 мен 75 жас аралығындағы Ә.Әлімжанов, С.Жүнісов, О.Сүлейменов, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Ғ.Қайырбеков т.б.), үшінші буын, яғни 25 пен 50 жас аралығындағы, **орта буын** өкілдері, ал ең соңғы буынға жататын 25 жасқа дейінгі **жаңа буын жас толқын** арасындағы рухани ұлттық дәстүрдің жалғастық таппай қалуынан орны толмас аса ауыр қасіретін шегіп отырмыз.

Сан ғасырлар бойы біздің ой-санамызға сырттың идеологиялық әсері басым түсіп жату тәрізді келеңсіз құбылыстың орын алып, одан арыла алмай отыруымыздың себебі мен сыры қайда жатыр?

Бүгінгі ата ұрпақтан басталған жаппай мәңгірттенудің ең соңғы ұрпақтарға дейін созылып келуінде қандай себеп бар? Оның төркіні қайда жатыр? Осыларды жете танып білмейінше, XX ғасыр ішіндегі ұлттық әдебиет тарихында болып өткен әр түрлі рухани құбылыстардың астарын дәл танып, саяси-әлеуметтік себептерін толық біліп анықтай алмаймыз.

Бұл құбылыстың түп тамыры Ресей империясы мен оның мұрагеріне айналған Кеңес үкіметі жүргізген әділетсіз ұлттық саясаттың астарында жатыр. Отаршыл Ресей империясы өзі жаулап отарлаған Түркістан өлкесіндегі халықтарды шоқындырып орыстандыру саясатын мемлекеттік саясат деңгейіне көтерді. Осы мақсатқа жету үшін аямай жомарттықпен қаржы бөліп, миссионерлік ұйымдарды қоздатты. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін бұл аса жауапты жұмысты атақты профессорлар Ильминский, Алекторов, Остроумов тәрізді миссионер ғалымдарға тапсырды. Олар қазақ елін шоқындырып, орыстандырудың ең қолайлы **төрт түрлі ұрымтал жолын** пайдаланудың идеологиялық күрес жолын алдымен қолға алғандар болатын.

Олар, **біріншіден**, қазақ жастарын тек **аралас мектептерде (орыс-түзем мектептері)** оқыту арқылы ұлттық санасын өшіріп, алдымен, жастардың тарихи жадын шайып мәңгірттендіру жолына шешуші мән бере қарады. Миссионер-ғалымдар орыстандырудың басты кілті аралас мектеп түрінде жатыр деген танымды ұстанды. Осы танымды кеңестік идеологтар аралас мектеп — халықтар достығын нығайтатын идеологиялық құрал деп қарады. Қазақстан Оқу министрінің орынбасары Щербаков Қазақстандағы аралас мектептер халықтар достығын нығайтуда тәлім-тәрбие беру жұмысының ең өзекті мәселе екендігі жайында кандидаттық диссертация қорғады. Бұл «ғылымсымақ» диссертацияның қорғалуына жазушылар С.Мұқанов, Б.Момышұлы, тағы басқалар тікелей қарсылық білдірді. Ғылыми кеңесте С.Мұқанов қатты сынап сөйлесе, Б.Момышұлы Сәбеңе берген хатында: «Сәке! Мен ойланып ҚазПИ-дің бүгінгі жиналысына бармайтын шешімге келдім. Бір жаман орысқа күллі қазақ шуылдап, жабысу бізге жараспайды. Адамды өлтіру үшін бір-ақ оқ керек. Сіздің сөзіңізге қосымша — том 24, 154–155-бет В.И.Ленин: «У нас например, при Комиссариате просвещения или около него есть коммунисты, которые говорят: Единая школа, поэтому не смей учить на другом языке, кроме русского, по-моему, такой коммунист это — великорусский шовинист. Он сидит во многих из нас. С ним надо бороться, их надо убрать с пути просвещения», — дейді В.И.Ленин», — деп жазуы арқылы өз қарсылығының төркіні қайда жатқанын меңзеп өтеді.

Бүгінде тәуелсіз Қазақстанның Білім және ғылым министрлігі осы кертартпа танымға қарсы күрес жүргізудің орнына соның артынан мұрнын тескен тайлақтай елпектей еріп келе жатқанын көргенде сүйінесің бе, күйінесің бе? Қазақстандағы екі мыңнан астам аралас мектептер өмір сүріп тұрғанда жас буын жаңа ұрпақтың мемлекеттік тілді меңгеруі екі талай. Бұл мектепте оқитын қазақ балалары орыстанудың классикалық жолынан өтіп жатқаны Білім және ғылым министрлігінің санасына кіріп те шықпайды! Не деген танымсыздық, не деген керенаулық?...

Екіншіден, қазақ жастарының халықтық тарихи жадын жойып, ұлттық дәстүрінен қол үздіру үшін қазақ халқының он ғасыр бойы қолданып, мұсылмандық, ұлттық дүниетанымын қалыптастырудың негізін қалаған араб жазу таңбасын әуелі латын (1930 ж.) таңбасына, артынша 1940 жылы бірден орыс жазу таңбасына ауыстыру арқылы халықтың тарихи жадын шаю сияқты аса нәзік саясат арқылы өткен тарихын білуден мүлдем мақұрым қалдыруды көздеді. Голощекин мен Сталиннің ұстанымы өз «жемісін» тоқтаусыз түрде беріп жатты. Осы себепті түрік халықтарының ортақ жазу таңбасы мен ортақ емлеге негізделіп әрі түрік халықтарының рухани тұтастығын сақтаудың кілтіне айналған түрік халықтарына ортақ араб жазу таңбасын істен шығаруды саяси-идеологиялық мақсат ретінде ұстанды. Бірақ орталық осы саясатын қазақтардан шыққан солшыл танымдағы қоғам қайраткерлері мен сатымсақ ғалымдарының қолымен жүзеге асырған айлакерлік саясаттың қулығына құрық бойламайтын жағына да назар салмақ керек. Бұл саяси мақсатты қазақ зиялыларын бір-біріне қарсы қойып, солардың солшыл ұраншыл тобының қолымен жүзеге асырып жатты.

Үшіншіден, Ресей империясы түрік антропонимдерінің орнына біртіндеп орыс, еуропа антропонимдерін шым-шымдап сіңдіру амалын іске қосты. Бөгде халықтар антропонимін тұтынған қазақ олардың идеясы мен рухын өл-өлгенше насихаттайтын ұлттық рухы өлген тіл алғыш нағыз мәңгірттің өзі болып шығады. Бұл жолды Кеңес үкіметі халықтар достығы деген жалған ұранды жамыла отырып, аса шебер нәзік тәсілдермен жүзеге асырып келді. Ұлттық санасы әлсіз халық бұл мәселеге мән бермей тез бой алдырады. Ал, отаршылдық ұлыдержавалық санасы жетілген халықтар бұл құбылысқа айрықша мән бере қараған. Осы себепті қазақ ішінде сан ғасырлар бойы аралас тұрған орыс қоғамының ең төменгі сатысындағы топтың өкілі саналатын ішкіштер (алкаштары) мен ұры-

карылардың бірі де өз баласына қазақ атын қоюға аяғын аттап басқан емес. Издесен де ырымға бірін таба алмайсың.

Төртіншіден, халықтың тарихи санасы мен халықтық жадының сақталуына рухани нәр беріп жандандырып тұратын бір көнікті рухани бұлақ көзі — «ел тарихы — жер тарихына» аяусыз қатыгездікпен қол салуында жатыр.

Халықтық топонимдер орнына саналы түрде отаршылдық, тоталитарлық топонимдерді қапталты. Мұндағы мақсаты да жергілікті халықты тарихи жадынан жаңылдырып өткендегі ата дәстүрін ұмыттыру арқылы құлдық санаға түсіру әрекетін көздеді. Қазақ жерінің жартысынан астамы орыс тілді елді мекен, жер атауларымен аталып шұбарланып кетуінің сыры да осы мақсаттың жүзеге аса бастауының айғағы болатын-ды. Ресей жерінде патшалық заманда да, кеңестік дәуірде де қазақ топонимімен аталатын елді мекен жер атауларының мүлде болмауы көп мәселенің сырын ашық аңғартып тұрады. Мысалы, бір кезде Қазақстанның астанасы болған Орынбор қаласында қазақша ырым үшін бір көше атының болмауы көп нәрсенің сырын ашып айғақтап тұр.

Осындай отаршылдық саясаттың тарихын өз басынан өткізгендердің бірі атақты жазушымыз Ә.Нұрпейісовтің Халықаралық ПЕН клубтың Берлинде өткен конгресінде ашына сөйлеп: «...сол совет дәуірі үстемдік құрып тұрған шақта ол өзінің бүкіл идеологиялық күш қуатын соншалық бір рахымсыз қаталдықпен аз ұлттар тілін түп тамырымен құртуға жұмсағаны белгілі. Тіл құрыса — ұлт құриды. Ал ұлт құрыса — ұлттық мәдениет те, ұлттық дәстүр де, ұлттық сана-сезім де түгелдей құрып, дүниеге тегі, дәстүрі белгісіз бір қасиетсіз халық келетініне совет идеологиясы кәміл білді. Сүйтіп бұрын-соңды жер бетінде болып көрмеген, ешқандай ұлттық нәсілі белгісіз, ешбір Құдайға, дінге сенбейтін, ата-тегі беймәлім ұрпақ — **кеңес адамы** деген жаңа адам жасап шығаруды қолға алды» («Ана тілі», 22. 06. 2006), — деп жазуында Кеңестік жалған идеологияның сырын әшкерелейтін аса мәнді шындық жатыр. Л.И.Брежнев билігі кезінде орталықтың бірыңғай кеңес адамын жасау туралы саяси әрекеті бүгінгі аға ұрпақтың көз алдында өтіп жатты. Осы саясаттың аса қатерлі лебін сезінген көреген жазушы Шыңғыс Айтматовтың «Касандра таңбасы» романындағы мәңгірт ұрпақ жасау жолындағы орталықтың саяси мақсатын шеберлікпен әшкерелей суреттеуінде осы ұстанған империялық шовинистік астам саясаттың алысты көздеген адамзат атаулыға жат мақсатын суреттеуде өмірде болған шындықтың ащы шындығы негізге алынған еді.

Бүкіл түрік халықтарының, оның ішінде түрік халықтарының қара шаңырағын иеленіп отырған бүгінгі қазақ елінің ту баста қалыптасқан ата салты, әдет-ғұрпы мен ұлттық дүниетанымы, яғни рухани бар болмысы, тарихтың алапат тарту қуаты орасан зор үш түрлі **иірімінде**, шыр көбелек айналып түбірлі өзгерістерге ұшыраса да, ата-бабаларымыз жан беріп, жан алысып жүріп өзінің тума рухани болмысын сақтап қалған таңғажайып ерлігін тарих ананың өзі де айғақтауда [3].

Тарихтың бірінші иірімінде Қытаймен бетпе-бет келген Гұндар мен Түрік қағанаттары бірде жеңіп, бірде жеңіліп жүріп тарихтың қатерлі сапырылысына түссе де, табиғи болмысы мен рухани әлемін бастапқы табиғи қалпында сақтап қалды. Тілі, ділі, діні де мұқалмай таза табиғи қалпында келесі ұрпақ қолына жетті. Халқымыздың болашақ тағдыры тарихтың қайталанбас алапат төртінші иірімінің тарту күшін сезінуде.

Әдебиеттер тізімі

1. Айзахметов А. Рождение тюркского мира. — Тараз, 2004.
2. VIII–XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. — Алматы, 1985. — 21-б.
3. Мурад Аджи. Европа, Тюрки, Великая степь. — М., 2004.

«Зар заман» деп аталған кезеңнің ең көрнекті ақыны

Каренов Р.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Статья посвящается жизни и творческой деятельности видного поэта XIX столетия Шортанбая Канайұлы. Даются сведения об исследовании творчества жырау его последователями. Автор показывает, что в творчестве поэта находят отражение исторические события первой половины XIX в., доказывает, что он был большим мыслителем своего времени. В статье отмечается, что самобытность стихосложения, присущая творениям Шортанбая, выделяет его жырау в истории казахской поэзии. Указывается, что философ-жырау затрагивал важные общественные проблемы своего времени, в частности вопросы религии и морали. Подчеркивается, что художественные особенности творчества Шортанбая глубоко национальны и самобытны.

Shortanbaja Kanajuly is devoted to life and creative activity of the visible poet of XIX century. The information on creativity research жырау are supplied by its followers. It is shown that in its creativity find reflection historical events of first half of XIX-th century. It is proved that it was the big thinker of time. It is noticed that originality стихосложения, inherent in its creations, allocates a heritage of Shortanbaja жырау in the history of the Kazakh poetry. It is underlined that the philosopher — жырау mentioned important public problems of time, acted concerning religion and morals. It is underlined that art features of creativity of Shortanbaja it is deep national and are original.

Kipicne

Шортанбай Қанайұлы — XIX ғасырдағы қазақ поэзиясының ең көрнекті өкілдерінің бірі. Оның мұрасы күні бүгінге дейін жұртшылыққа жаңсақ немесе жадағай ұғындырылып келді. Бұл түсінікті де. Данышпан жыраудың сөздері елдігінен, мемлекеттік жүйесінен айырылып, отарлық халге түскен арада жұрттың ащы зары, өшпес өкініші, арман-мұратынан нәр алған еді.

Қазақ Совет энциклопедиясының 4-томында: «Зар заман» — XIX ғасырда Қазақстанның Россияға қосылуы аяқталып, патша үкіметі бұрынғы ел басқару тәртібін жойып, 1867–1868 жылдары қазақтарды басқару жөніндегі ереже бойынша жаңа тәртіп орнатқан кезде туған ағым. Алғаш... ақын Шортанбай Қанайұлы «Зар заман» атты зарлы өлең шығарып, ол ел ішінде кең таралды. Бұдан кейін де сол кезеңде басқа да ақындар осы тақырыпқа көптеген өлең-жырлар шығарды» [1], — деп көрсетілген.

Шортанбай жырау өзіне дейінгі Бұқар, Тәттіқара, Ақтамберді жыраулар мен Шал ақынның мол мұраларымен жақсы таныс болған. Өмірінің дені Арқа өңірінде өткен ол Жанғұтты шешенмен достық қарым-қатынаста болып, сыйластықпен ғұмыр кешкен.

Шортанбай шығармаларының зерттелуі

Жыраудан қалған әдеби мұраның кейбір нұсқалары XIX ғасырдың екінші жартысында жекелеген кітап түрінде де, әр түрлі қолжазбалар арқылы да, ауызша да кеңінен таралады. Ақын мұрасын жинастыру ісіне В.Радлов сияқты ұлы ғалым, Н.Коншин сияқты білімдар адвокат — орыс халқының парасатты, зиялы ұлдары айрықша мән береді. Оның қазақ халқының сөз өнерінде, рухани өмірінде алатын орнын анық бағамдайды.

XIX ғасырдағы алдыңғы қатарлы озық ойлы еуропа оқымыстылары қазақ халқының шешендік сөздері мен ән өлеңдерін, тұрмыс-салт жырлары мен тарихи дастандарын ел арасынан жазып алып, оны орысша, қазақша үлгіде Петербор, Қазан, Уфа, Омбы, Орынбор, Орал, Астрахан, Ташкент, Семей қалаларында жариялап отырған. Мәселен, 1866–1907 жылдары Петербор Академиясының академигі В.В.Радлов қазақ халық әдебиетінің негізінде 10 томдық жинақ шығарады. Соның «Образцы народной литературы тюркских племен, живущих в Южной Сибири и Джунгарской степи. Часть 3. Киргизское наречие» деген 3-томы 1870 жылы Петербор қаласында шықты. Кітапқа қазақ ертегілері, қиссалар, батырлар жыры, қара өлең, айтыстар, жоқтау, толғаулар енгізілген. Соның «Айтыс» деген тарауында Жанақ пен Түбектің, Ұлбике мен Күдері қожаның, Шортанбай мен Орынбайдың айтыстары және оның «Зар заман» атты өлеңі жарияланған.

Кезінде атақты фольклорист-оқымысты Г.Н.Потанин да Сырымбет деген жерде Шортанбай мен Шөженің айтысын жыршылардан жазып алған. Ол айтыстың бір үзіндісін өзінің белгілі еңбегінде («О казак-киргизских преданиях») жариялаған.

1883 жылы Ташкент қаласында «Киргизская хрестоматия. Сборник образцов народной литературы киргиз Туркестанского края» деген жинақ шықты. Оны құрастырған белгілі ғалым Я.Я.Лютш. Аталған жинақта Түркістан, Шымкент, Әулиеата қазақтарының мақал-мәтелдері, терме өлеңдері, Айдос батыр, Болық пен Әзілкештің айтысы және Шортанбайдың «Зар заман» деген өлеңі басылды.

Өлең-сөздің асқан шебері Шортанбайдың бірінші кітабы 1888 жылы Татарстанның астанасы Қазан қаласында «Қисса-и Шортанбай. Шортанбайдың бала зары» деген атпен 19 бет болып жарыққа шықты. XIX ғасырда Қазан қаласында қазақ және шығыс елдерінің кітаптарын басатын 13 баспахана болған. Ол баспаханалар екіге бөлінген: қазыналық және жекеменшіктік. Мысалы, «Университет баспаханасы» қазыналық меншікке бағынған. Онда университеттің оқу ісіне қажетті оқу құралдары мен тарихи маңызы зор көркем әдебиеттер басылған. Міне, осы өте беделді баспахана 1890, 1901, 1906 жылдары қазақ ақыны Шортанбайдың жоғарыда аталған кітабын үш рет жариялаған.

Сөйтіп, Шортанбай шығармалары XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында екі жолмен ел арасына кең тараған: біріншісі — ауызша, екіншісі — жазбаша.

Социализм дәуірінде шортанбайтану XX ғасырдың 30 жылдарынан басталады. Мәселен, 1931 жылы жазушы-фольклорист С.Сейфуллиннің құрастыруымен «Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары» деген еңбегі шықты. Сонда «Шортанбайдың бала зары», «Тар заман» атты толғаулары жарияланды.

1933 жылы жарияланған М.Әуезовтың, М.Жолдыбаевтың, Ә.Қоңыратбаевтың «XIX–XX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» деген кітапта ақынның әлеуметтік өлеңдерінің идеялық мазмұны аталды, некен-саяқ кемшіліктері сыналды.

1942 жылы жарыққа шыққан С.Мұқановтың «Қазақтың XVIII–XIX ғасырлардағы әдебиетінің очерктері» деген оқу құралында Шортанбай Қанайұлы реалист ақын, заманының ірі суретшісі, қырағы ақыны деп бағаланады.

Қыркыншы жылдардың басында Қазақстан Республикасының орта мектептерінде Шортанбайдың өмірі мен ақындық өнері арнаулы сабақ ретінде өткізілді. Мысалы, 1940 жылы Сәбит Мұқановтың құрастыруымен 8-ші сыныпқа арналған хрестоматия-оқулықта халық әдебиетінің ірі классиктері деп Шортанбай, Бұқар жырау, Дулат, Сүйінбай, Мұрат, Шернияз, Махамбет, Досқожа аталады.

Осындай ғылыми дәстүрді өткен ғасырдың 50-жылдардағы саяси жағдайы бұзып кетті. Бай дәстүрі бар қазақ әдебиетінің сан ғасырлық тарихындағы ең соқталы тұлғалардың бірі — Шортанбай мұрасы ұзақ жылдар бойы жұртшылыққа теріс түсіндірілді. Шортанбай есімі атала қалса, оны сөгіп, жерлеу большевиктердің (коммунистердің) парызы сияқты болды. Жырымдалып жарияланған бірлі-жарымды өлеңдерінің өзіне шүйліге сөйлеу әдетке енді.

Ол аз болғандай Шортанбай — «дүниеден безуші, соқыр фанатик, ескі би мен ескі ханды жақтайтын ескішіл ақын» деп айыпталды. Оның бұқарашыл, халықтық көзқарастары бұрмаланып көрсетілді. Ақынның дарынына шен келтірілді, көлеңке түсірілді. Тіпті, Шортанбайдың атын қазақ халқына құбыжық қылып көрсету үшін, ұлы ақын Абайды Шортанбайға қарсы қойды. Хакім Абай Шортанбайдың ақындық өнеріне күмән, күдік келтіріпті-міс деген өлең-сөздерді ойлап тапты.

Күні кеше ғана идеялық тазарту науқандарына Шортанбай елдің алдымен ілігіп отырды. Бұл ретте «Бес ғасыр жырлайды» жинағының алғашқы басылымында (1984) теріліп, тіпті біраз «түзеліп», «күзеліп» жарыққа шыққалы тұрған ақын сөздері жоғарыдан бастаушы, нұсқаушы мекемелер тарапынан түскен бұлтартпас жарлық нәтижесінде түп тамырымен жыртылып, сыдырылып алынып қалғанын айтудың өзі жеткілікті. Рас, «әділдік жеңіп», Шортанбай аталмыш кітаптың екінші басылымына енгізілді; сондай-ақ, бұдан бұрын, алпысыншы жылдарда академия жинақтарына да кірген болатын. Бірақ мұның бәрі — ақын сөздерінің шамалы бөлігі, әрі ең мәнді, нәрлі жерлері сылынып қалған, аталы жырдың өзі емес, көлеңкесі ғана еді [2].

Бұл жерде осы Шортанбайды 50-жылдардан бастап баспасөзде және жиналыстарда өршелене жамандаудың басты себебі неде деген сауал туындайды. Соның ішіндегі ең басты себебі — ірі халық ақынының Ресей патшалығының отарлық саясатына қарсы шығуы.

Мысалы, 1819 жылы Ресей императоры Александр I қазақ балаларын базардан сатып алуға, сол баланы басқа біреуге сатуға болады деген қатал заң шығарған. Дәл сол қатыгез заңға Шортанбай ашық қарсы шығады [3].

*Білмегеннің белгісі:
 Балаңды бер деп орыс тұр,
 Қайтемін деп болыс тұр.
 Қорқар ма орыс қой дегенге,
 Қазақты қамай түсіп тұр:
 Басыңнан билік кеткен соң,
 Малыңнан асып, балаңды
 Бер деп, ақыл тапқан соң,
 Тоғайды жеңіп қолға алған
 Өз ақылы жеткен соң.
 Бұ құсаға ел қайтіп шыдасын,
 Шабынан шоққа түрткен соң!*

Бұл отаршылдар орнатқан қазақ арасындағы басыбайлы құлдықтың көрінісі еді. Ал басыбайлы құлдықты Сарыарқаға кім әкелді? Әлбетте Ресей патшалары әкелді. Олар Анна дейсіз бе, Екатерина дейсіз бе, Александр дейсіз бе, Николай дейсіз бе — бәрібір, бұзақы.

Ұлы жырау соларды ашық айыптады. Ол XIX ғасырда өз дәуірінің шындығын бүге-шігесіне дейін көрсете білген бірден-бір ақын. Шортанбай белгілі бір ортаның немесе аймақтың ғана емес, барша халықтың мұң-мұқтажын толғады. Көптің жоқтаушысы болды. Ресей отаршылдығының зорлығын көзімен көріп, жанымен, тәнімен сезінген ақын өзінің толғаулары арқылы ақиқаттың астарын ашып көрсетті.

Енді, міне, бар өмірі зармен өткен, өлгеннен соң да көрінде тыныш жата алмаған Шортанбай есімінің бүгінгі таңда ұлттық мақтанышқа айналуы — тәуелсіздік шапағаты деп білуге тиіспіз. Кезінде Шортанбай және онымен сарындас ұлтжанды ақындар хақында жазылған ғұлама ғалым, суреткер жазушы Мұхтар Әуезовтің «Әдебиет тарихы» оқулығы бүгінгі ұрпақтың қолына енді ғана тиіп отыр.

Ұлы Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінің тарихындағы бір ақындық мектептің өкілдерін «Зар заман ақындары» деп атаған себебін былайша түсіндірген екен: «Зар заман» деген — XIX ғасырда өмір сүрген Шортанбай ақынның заман халін айтқан бір өлеңінің аты. Шортанбайдың өлеңі ілгергі, ірі ақындардың барлық күй, сарынын бір араға тұтастырғандай жиынды өлең болғандықтан, бүкіл бір дәуірде бір сарынмен өлең айтқан ақындардың барлығына «Зар заман ақындары» деген ат қойдық» [4]. Бұл пікір — Шортанбай жыраудың әдебиетіміз тарихындағы бір дербес мектептің көшбасшысы екендігінің айқын дәлелі.

Шортанбай мұраларын зерттеу ісінде С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Х.Сүйіншәлиев, Т.Нұртазин, М.Мағауин, С.Қирабаев, Ы.Дүйсенбаев, К.Жүністегі, Ж.Қашқынов, С.Садырбайұлы, Т.Тебегенов, Р.Қожабеков, Ғ.Мұсабаевтар көп еңбек сіңірді.

Шортанбай жыраудың өмірбаяны туралы қысқаша мәліметтер

Шортанбай шығармашылығының қыр-сырын, мән-мағынасын жете түсіну үшін оның өмірін, оның ақын ретінде, азамат ретінде қалыптасуына әсер еткен жағдаяттарды байыптау ләзім. Өскен ортасын, өткерген заманын таразылау керек [5; 181].

Ақынның өмірбаяны турасындағы аз ғана мағлұматтар мынадай.

Шортанбай Қанайұлы үш жүзге ортақ Қожа руынан. Қазақ ішіндегі қожа нәсілі біздің жұртымыздың дін ісламды ұстануында, Құдай, Құран сөзін тануында, яғни ұлттың рухани ұйысуы жолында, игілікті қызмет атқарғаны белгілі.

Қазақ поэзиясының екімыңжылдық тарихын қамтитын «Екімыңжылдық дала жыры» атты кітапта Шортанбай жыраудың туған жері туралы былай деп жазылған: «Ақынның өмірбаяны туралы мәліметтер аз. Бұл жөніндегі деректердің көбі шашырап жеткен үзінді. Бір алуан мәліметтерге қарағанда, осы күнгі Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданындағы Қаратау деген жерде туған. Екінші бір деректе Ақмешіт қожасы делінеді, бірақ өмір сүріп, ақындық құрған жері Қарқаралы уезіндегі Бесата деген ел. Алғашқы кезде Жамантай төренің маңында болған, кейін Жанғұтты бидің қолына барып, сонда өлген» [6].

Соңғы мағлұмат бойынша, Шортанбайдың дүниеге келген жері — қазіргі Қарағанды облысының Шет ауданы. Ақынның бүкіл ғұмыры осы өңірде өткен. Ол туралы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, журналист, белгілі қаламгер Кәмел Жүністегі өзінің «Жаңсақтық» деген мақаласында былай

толғанады: «Шортанбай мұрасын толығырақ білуіме бала жасымнан жырау өлең-қиссаларын жатқа айтатын Әбеу, Көпжан сынды ақсақалдарды көзім көріп, әңгімелерін тындауым себеп болды. Әбеу он жеті жасында Шортекеңе атшылық етіп, сапарлас болған адам. Ол кісі жыраудың әр өлеңінің шығу мәнісін, оның қандай оқиғаға байланысты екенін жіктеп айтатын-ды. Ал Көпжан ақсақалдың қолында ақынның арабша қолжазбасы бар еді. Міне, осы кісілерден көшіріп алған дәптер менде де болды.

Өкінішке қарай, жыраудың өзім жинаған қолжазбасы 1962 жылы мен «Есеп» партиясын құрғаным үшін істі болғанымда құрып кетті. Мен түрмеге түсер шақта Әбеу де, Көпжан да дүниеден озған еді. Лагерьден қайтып келген соң да, бақылауда жүргеніме қарамастан, Шортанбай мұрасын зерттей бердім. Жыраудың қиссаларын айтқаны үшін 18 жыл түрмеде отырған Анарбек жыршыдан, 1943 жылғы тұңғыш ақындар айтысында бірінші орын алған Маясар ақыннан, тоқсандағы Қазі ақыннан жырау мұрасын теріп алуға келді».

Ақынның туған жері туралы өз ойын жазушы ағамыз былай тұжырымдайды: «Күдері қожаның ағасы — Смайыл. Ол Ағыбай батырдың сауатын ашқан молласы. Смайылдан Қанай туады. Қанайдан Шортанбай жырау Арқаның төрінде, Қатпар тауындағы Жалпақсаз қыстағында 1818 жылы дүниеге келген. Шортекеңнің туған үйі күні кешегі 1985 жылға дейін сақталып келді... Қожаның бәрі Қаратауда туды деген пікір дұрыс емес».

Сәбит Мұқанов «Халық мұрасы» атты тарихтық-этнографиялық шолуында мынадай қызық деректер келтірген: «Шортанбайдың қай жылы туып, қай жылы өлгенін, әкесі кім екенін, біз соңғы кезге шейін білмей келдік. Оның жас мөлшерін, әкесін бізге мәлімдеген ақын Доскей Әлімбайұлы (1850–1946).

– Мен Шортанбайды 25 жасымда Арғын Саңырақтың үйінде көрдім, — дейді Доскей, — ол менен 32 жас үлкен. Әкесі Қанай молдалық құрған, мал жиған кісі емес. Бар өмірі ел аралап, жыр айтумен өтті. Көбінесе, қарқаралық Құсбек төренің үйінде мекендеп жүрді.

Доскей 1850 жылы туған. Шортанбай 32 жас үлкен болса, 1818 жылы туған болады. Өлерде айтқан жырында, Шортанбай 63 жастамын дейді, олай болса, 1881 жыл өлген болады.

Доскейдің бұл мәлімдеуі шындыққа жатады. Өйткені, Кенесарыға байланысты архивта, 1837 жылы бір жақтан қыз алып қашып келе жатқан Шортанбайды, Кенесары «патша үкіметінен шығарсың», — деп ұстап алып, Шортанбай жалынышты жыр айтқан соң, босатты деген материал бар. Бұл материал бойынша, Шортанбай сол кезде бала — бозбала. Егер оны 1818 жылы туды десек, 1837 жылы ол 19 жаста. Бұл жобаға келеді» [7].

Бұрын-соңды жазылған әдеби деректерде, Шортанбай «мұсылманша оқыған, діншіл ақын болған» деген сөз жиі айтылатын еді. Ол діни нанымдарға сын көзімен қараған. Тек адамның ақыл өлшеміне қайшы келмейтін қағидаларды ғана қабылдаған. Сырты сопы, іші арам, кейбір қожа-молдаларды жаратпаған.

Жас кезінен өнер жолын таңдаған Шортанбай, қайткенде де өз әулетінің ежелгі дәстүрінен аулақтап кетпейді. Бір кездегі Қожа Ахмет Ясауи сияқты, мүрид жинап, азан шақырмаса да, сол дана ұстаз үлгісімен шариғат қағидаларын, адамгершілік, иман жолын өлең-жыр арқылы насихаттайды. Сонымен қатар сақараның суырып салма ақындарының әдетімен топқа да түседі. Көптеген айтыстарға қатысады. Шортанбай шығармалары халық арасына кеңінен тарайды. Себебі ақынның шығармашылығына халық өмірінде орын алған қоғамдық-әлеуметтік өзекті мәселелер арқау болды. Шортанбайды Ресейдің отарлау саясатына байланысты қазақ қоғамында капиталистік қатынастардан туындаған бетбұрыстар бейтарап қалдырған жоқ. Адамдар санасы мен адамгершілік болмысында болып жатқан өзгерістер ақынды қуанта алмайтын еді. Кейініректе: «Шошимын кейінгі жас балалардан», — деп Абай секемденген ахуал Шортанбай тұсында әлеуметтік кеселге айнала бастаған-ды. Сондықтан да Ш.Қанайұлы өзінің туындыларында келеңсіз құбылыстарды сынап, халықтың ауыр тұрмысын бүкпесіз жырлауы түсінікті. Бұл оның жан айғайы деуге болады.

1868 жылдың қысында Шортанбай өкпесіне суық тиіп ауырып шықты. 1870 жылдары жасы елуден асқан ақын халқының жағдайы мүшкілденіп, рухани азып-тозып бара жатқанын көріп, мүжіле түсті. Жаралы жанына өкпе ауруының асқынғаны қосылды. Яғни өмірінің соңғы жылдары халқының қасіреті мен өзінің өкпе сырқаты екі жақтан меңдеткендіктен, бұл ақынның қайғылы, зарлы толғаулар төккен кезеңі болды. Енді ақын Арқаның әнші, күйші, өнерпаздары бас қосқан сауық-мерекелі мәжілістерінен де қол үзіп, Құдайға бірыңғай күндіз-түні құлшылық етуге көшті. Дін, ғибадат жолына біржола берілді. Көп жылдар бойы дәм-тұздары жарасқан Жамантай төреден рұқсат сұрап,

Бұғылы-Тағылы тауындағы Ақсу-Аюлы өзенінің жағасын мекендейтін Сарым руының беделді адамы, шешен Жанғұтты бидің аулына біржолата көшіп барды.

Өмірінің соңғы жылдарында Шортанбайдың ақындық қызметі маңызданып, тереңдей түсті. Оның ышқынған жан күйзелісі, жан айқайы сынды жырлары қазақ даласындағы өзі тектес Дулат, Мұрат, Әубәкір сынды зар заман ақындары өлеңдерімен үндесіп жатты.

XIX ғасырдағы қазақ халқының асқан дарынды ақыны Шортанбай Қанайұлы 1881 жылы 63 жасында дүниеден көшті. Қысқасы, Шортанбай жөнінде бізге жеткен шашыранды мәліметтер осы ғана.

Ақынның «Көз көрген қазақ батыры» атты толғауы

Шортанбайдың ойшыл ретінде қалыптасқан, ақын ретінде тұлғаланған заманы қазақ халқының жаңа тарихындағы ең ауыр кезеңдерінің бірі болды.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде патша үкіметі Қазақстанға саяси өзгерістер енгізуге тырысты. 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы жарғы» далалық аудандарды басқарудың құрылымын өзгертті. Енді басқарудың округтік жүйесі енгізілді. Қарқаралы (бұрынғы Бөкей ханның иелігіндегі) және Көкшетау (Уәли ханның иелігіндегі) округтерін құрып, Орта жүз бен Ұлы жүздің рулары мекендеген аймақтардың түйіскен жеріндегі жайылымдарды тартып ала бастады.

XIX ғасырдың 30-жылдарында отаршылдық саясатқа қарсы Абылайдың кіші ұлы Қасым төре бас көтерді. Қоқан хандығына арқа сүйемек оймен, 40 мың үймен Қоқан хандығының қол астына көшіп барды. Оның қоқандықтардан күткен үміті ақталмады. Ұлдары Саржан, Есенгелді, кейінірек өзі мерт болды. Отарлық езгінің күшеюі, шұрайлы жерлерді тартып алып, бекіністер салу Кенесары Қасымұлы бастаған қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысын тудырды. 1838 жылдың көктемінен бастап Кенесары жасақтары патша әскеріне қарсы жоспарлы күрес жүргізді.

1847 жылы сәуірде Кенесары жасақтарымен қырғыз жеріне басып кірді. Кенесарыны Токмақтың маңында Кекілік-Сеңгір тауындағы Майтөбе деген жерде қырғыздар мен генерал Вишневский жасағы, Қоқан хандығының әскері қоршауға алып тұтқынға түсірді де, айуандықпен өлтірді [8].

Сонымен, Кенесары хан бастаған, бүкіл Қазақстанды қамтыған азаттық соғысы ауыр жеңіліспен аяқталды. Елдің бар қуаты сарқылып, бар тірлігі суалғандай көрінді. Кенесары қозғалысына жалғас, немесе бұдан соңғы, байтақ елдің шартарабындағы көтеріліс ошақтарының барлығы тұншықтырылды. Батыс Қазақстанда Исатай, Сыр өңірінде Жанқожа, Маңғыстауда Досан батырлар қазаға ұшырады. Азаттық жаршысы Махамбеттің басы шабылды, Шернияз ақын іштен тынып, Нысанбай жырау қайғы тұңғығына батты. Жұрт қорғаны батыр ерлер түгел жер жастанса, ұлт ұраншысы өршіл ақындар тегіс кіріптар халге жетті. Ел иесіз қалды. Қанға бөкті. Талауға түсті. Отаршыл Ресей бүкіл қазақ даласын біржолата жалмап жейтін зымиян да озбыр саясатын жүзеге асыра бастады. Міне, дәл осы кезеңде үн көтерген Шортанбай шығармашылығы бұғауға түскен кәріп елдің жан тәсілім ышқынысы ғана емес, бағы қайтса да, рухы өшпеген өміршең халықтың қайрат-қуатының, ұлттық санасының көрінісі болды [5; 182].

Кенесары ханның өлімі — Шортанбайға бір ауыр тиген оқиға еді. Сондықтан да ол Кенесары мен Наурызбайдың ерлік істерін әрі жоқтай, әрі дәріптей жырлады. Ақынның «Көз көрген қазақ батыры...» жыры — Кенесары хан мен Наурызбай батыр туралы жоқтау мазмұнындағы толғау [9; 134]:

*Көз көрген қазақ батыры,
Алысқа кеткен дағбыры.
Хан Кенедей ер қайда,
Шейіт боп біткен тағдыры.*

*Өлшеулі күні біткен соң,
Аладан ажал жеткен соң,
Кәпір салған тұзаққа,
Ілініп бір кеткен соң,
Қош-қош айтып еліне,
Самалды шалқар көліне,
Құбақан сағым беліне,
Иманын тілеп Аладан,
Көзден таса ақыры.*

*Наурызбай төре ер еді,
Өн бойы өнер сері еді,
Кәпірмен сансыз шайқас сап,
Дәл ортада айқасып,
Бекерге өлем демеді,
Күркіреп солар тұрғанда
Қазақты жау жеңбеді.*

*Хан Кене кетті арадан
Орысқа қазақ қараған.
Шұбыртпалы Ағыбай,
Тобықтыда Құнанбай,
Байсейіт пен Жанғұтты,
Дүйсенбай мен Қоңыр жүр
Тілеп жәрдем Алладан.
Басқа амалы қалмаған,
Ынсапсыз екен бұл кәпір,
Жеріңді алды, малды алды,
Пәлесі жоқ салмаған,
Қайысады қабырғаң,
Көтере алмай салмағын.*

Сонымен, бұл толғауында жырау Кенесарының, Наурызбайдың халқының бостандығы, тәуелсіздігі үшін арпалысып, бастарын өлімге қиған ерлік, батырлық өнегелерін мақтаныш сезіммен жырлайды. Хан Кене арадан кеткен соң, «орысқа қазақ қараған» заман басталып, енді Алладан жәрдем тілеумен күн кешкеннен басқа амал қалмағанын айтады. Ақын мұңды, шерлі сырын ағытады.

Шортанбай айтыс ақыны ретінде

Кезінде Шортанбай ақындығына Сарыарқа саңлақтары Біржан сал мен Ақан сері, Үкілі Ыбырай мен Мәди, Жанақ, Шөже, Орынбай, Кемпірбай және т.б. арқалы өнерпаздардың игі әсері тигені анық. Жұлдыз атаулының бәрі де маңындағы қалың шоғырымен көрінетіні емес пе?! Қазақ әдебиетінің, мәдениетінің аспанындағы жұлдыздар шоғырымен бірге көрінетін Шортанбай қазақ елінің бірнеше аймақтарына тән жыраулық, ақындық ерекшеліктерді бойына сіңіріп қалыптасқан. Сонымен қатар ол айтыс ақыны ретінде бірнеше белгілі ақындармен сайысқа түскен.

Сарыарқадағы ақындық ортамен қоян-қолтық араласқан Шортанбайдың үлкенді-кішілі айтыстары оның атағының алысқа жайылуына себепкер болады. Көлемі әр түрлі «Шортанбай мен Шөже», «Шортанбай мен Орынбай», «Шортанбай мен Асан бұғы» айтыстары оның осы жанрдағы шеберлігін жан-жақты байқауға мүмкіндік береді.

Шортанбайдың Шөжемен болған айтысының толық нұсқасы сақталмаған. Бізге жеткен үзінділерінің өзінен-ақ әрі сыншыл өткір тілді, әрі бірін-бірі қадірлейтін сыйлы дарындардың тамаша сайысын көреміз [9; 134]. Шөженің мына шумағы осы ақиқатты терең аңғартады:

*Шортеке, ел сыйлаған пірім едің,
Сенімен айтысуға тұрып едім,
Басқадай қу соқыр деп кемсітпедің,
Басқа ақын тап өзіңдей ірі ме еді.*

Шортанбайдың шеберлігі шыңына жетіп, ақындық даңқы аймағына кең жайыла түскен уақыт — Тәуке баласы Құсбек төре аға сұлтан болып тұрған кез. Жыраудың Құсбек төренің ең сыйлы адамдарының санатында екенінің бір көрінісін оның Орынбай ақынмен айтысынан байқаймыз. Бұл айтыс Құсбек төренің ордасында өткен. Оны ұйымдастырушы — төренің өзі. Атағы бүкіл қазақ даласына танылған Орынбай ақынмен өткен айтыс екі жыр дүлдүлдерінің кезектесе отырып, бір-бір шумақтан жауаптасуынан құрылған [9; 132–133]. Олар бір-бірінің ел арасындағы абырой-беделін

жоғары бағалай білген. Екі ақын да ауыл, ағайын арасының бүтіндігін, ауызбіршілігін ойлайтын азаматтық биік тұрғыдан көріне алған.

Осы айтыстың өне бойынан Шортанбай ақынның тапқырлығын, сөзге шеберлігін, тілінің өткірлігін анық аңғаруға болады. Талай айтыстарда шындалып, сан рет жүлде алған Орынбай сияқты айтулы ақынмен сайысқа түскен Шортанбай өзінің алғырлығын, тілге тиек болар жағдайды бұрынырақ болжап, алдын орап кететін сезімталдығын танытады.

«Шортанбай мен Асан бұғы айтысы» — қалжың айтыс [9; 132]:

Шортанбай:

*Сөз айтайын Асанға,
Дүниешікке мақтанба.
Жәрмеңкеде қақтандың,
Дәулетің судай тасқанға.
Дүниеқордың мәнісі,
Жетпіске келді бұл жасың.
Дүниешік болды жолдасың.
Өндіжанның сарты едің,
Қай елдің ең қожасы?
Қаратауды тауладың,
Пәленше деген мырзасың.
Сарыарқаға келген соң,
Төрт аяқты жорғасың.
Осыниша жиган мүліктен,
Не көреді қу басың?
Талабың бар жалғаннан,
Әлі де болса аспаққа.
Дүниенің боғы үшін,
Күнде жосып аптапқа.
Ұяларсың ақырда,
«Мен раббін» деп сорғанда.*

Асан:

*Қаратаудың халқы едің,
Бір атадан жалқы едің,
Көк есекке мінуші ең,
Масақ теріп жүруші ең,
Әуелде күнде жанға қас
Қазаққа келіп, болдың мас.
Менің түбім сарт десең,
Неге атандың Қызыл бас.
Екеумізді пір тұтып,
Қалай заман бұзылмас.*

Шортанбай:

*Жәдігәй жарғыш болмаңыз,
Ақырет қамын ойлаңыз,
Жасың жетті жетпіске,
Иман бер деп сұраңыз.
Арқаға шығып нан жедің,
Нан жедің де дәндедің
Сұлу болса, сүйсем деп,
Жүйрігі болса, мінсем деп,
Күннен күнге сәндендің.
Арқадан қылып жайлауды,
Әркімнен алдың байлауды,
Қиямет күні болғанда,*

*Қандай жерде мекенің,
Сен ғаріптің сайлаулы.
Бұл айтқаным ақылым,
Аталас туған жақыным,
Қиямет күн кез болса,
Пайдасы болмас қапының.
Ағартты Құдай басыңды,
Өлшеп те берген жасыңды.*

Бұл жерде ескертетін жайт, ақынның сақал-шашы сәл жирендеу болған. Сондықтан құрдастары оны «Қызыл бас» деп атап кеткен («Қызыл бас» — Шортанбайдың лақап аты).

Айтыс барысында Шортанбай Асанға мынадай кінә тағады: сен қожа емессің, сарт едің ғой, қазақ арасына келген соң шалқып байып кеттің, төрт аяғың тең жорға болып алды. Енді соны місе тұрып, босқа желікпесең дегенді айтады.

Бұл айтыста Шортанбай адамзатқа қанағатшылдықпен, қарапайымдылықпен өмір сүру қажеттігін баяндайды. Ақын жылтыраған дүние-мүлікке қызыққан тойымсыздықтың тозаққа апаратындығын толғайды.

Шортанбайдың бәйіттері

Шортанбай мұрасын зерттеуге көп көңіл бөлген орыс зиялысы, этнограф, экономист, ұлы Абаймен таныс, біліс болған, жасында жер аударылып келіп тұрақтаған семейлік адвокат Н.Я.Коншин.

Н.Я.Коншин Шортанбай өлеңдерін жинастырып, қағазға түсіруді Қарқаралы қаласында тұратын Қоянбай Тұраров және Жүсіп Бөртебаев деген кісілерге тапсырған. Олар Коншиннің тапсырмасын ойдағыдай орындаған. Жиыны 611 жолдан құрылған өлеңдер топтамасын жасаған. Әрбір кесек жырға сандық ретпен бәйіт атауын берген. Үлкенді-кішілі он екі бәйіт құрастырған. Шортанбай өлеңдерін жинау жұмысын ақы, пұлсыз, сыйластық жөнімен жасаған.

Белгілі жазушы М.Мағауин өзінің «Шортанбайдың жаңа зары» атты мақаласында Омбы архивіндегі Н.Я.Коншин қорынан алынған Шортанбайдың жаңа шығармалары — бәйіттер туралы өз ойын былай түйіндейді: «Арнайы тапсырма — Шортанбайдың ел арасындағы әзірше беймағлұм жырлары турасында болса керек. Қоянбай да осы міндеттің мүддесінен шығуға тырысады. Бірақ кейде қолжазба нұсқалар арқылы да тарағанмен, негізінен ауыздан ауызға өтіп сақталған, оның үстіне басылған кітап әсерімен жаңғырған толғау-жырларда әрқилы қайталаулар ұшырамауы мүмкін емес еді. Тұтас бәйіттер болмағанымен, жекелеген түйдектер, толғам, тармақтар. Қолымыздағы нұсқаны мұндай үстемелерден тазарту, жаңа бір бәйіт үлгісін жасау — кезінде бір пара халық арасына осы қалпында тараған тиісінше таңбаланған мұраға қиянат болар еді. Оның үстіне, бәйіт атымен берілген кейбір бөліктер біраз қуатынан айырылып, жартыкеш қалыпқа түсер еді. Сондықтан Қоянбай-Коншин нұсқасын сол қалпында жұртшылық алдына тартып отырмыз...

Н.Я.Коншин Шортанбай толғауларын қолға түсірген соң, сөз жоқ, көп ұзамай оның орысша жолма-жол аудармасын жасатып алуға талап етеді. Бұл жұмыс Санкт-Петербург университетінің студенті, 1901 жылы елге жазғы демалысқа келіп жатқан Райымжан Мәрсековке тапсырылады. Р.Мәрсековтің осы архив бумасында сақталған аударманы бітірген соң Коншинге жазылған арнайы хаты 1901 жыл, 7 июльде Өскемен дуаны, Айыртау болысынан жолданыпты. Білімдар студент ең алдымен Қоянбай қолжазбасын бәйіт реті, тармақ жігімен бастан-аяқ қайта көшіріп шыққан, содан соң Шортанбай өлеңдерінің жолма-жол аудармасын жасаған екен. Жаңа көшірме қайбір тұста демесек, бұрмасыз, нақпа-нақ, толғаулардың текстологиясын қалыптауда қосымша көмекші болды, ал аудармалар — іждаһатты, сапалы, сол замандағы жақсы деңгейде» [10; 172].

Н.Я.Коншин қорынан Шортанбай жырауға қатысты тағы бір толғау ұшырасты. Ол туралы М.Мағауин былай ой толғайды: «... Қолжазбада телімсіз, ежелгі қазақтағы «данышпан қарт жыршылардың насихат өлеңінің» үлгісі ретінде берілген. Бұрыннан таныс бірлі-жарым тармақтар жайын айтпағанда, бүкіл ой жүйесі, болмыс-бітімі Шортанбайға тиесілі екендігіне күмән қалдырмайды. Түпнұсқада «Жыр насихат» деген атаумен берілген бұл толғауды да жарияға шығарып отырмыз» [10; 174].

Бір насихат айтайын,
Тыңда мұны, жарандар.
Есіткенің ұмытпа,
Қайсыңда сенің сана бар?
Жақсы адамның белгісі,
Төңірегіне қаранар,
Артық-кем сөзге бармайды,
Өз ақылын шамалар.
Жамандардың белгісі:
Жақсы адамды көре алмас,
Жақсылар аттан жығылса,
Сыртынан тұрып табалар.
Жақсының тілін алмайды,
Өзі жақсы болмайды,
Талайына таласып,
Айнала аңдай қамалар.
Жаманға түссе бір жұмыс,
Болды деп қорқып қиын іс,
Дұшпандығын ойға алмай,
Ақыры соны паналар.
Жаман жанға мал бітсе,
Ұлықсынып тұрады,
Көтере алмай аз малды,
Өлгенше паңдық құрады.
Қонаққа бермей жұма күн,
Жасырып өзі тояды,
Үйіне келсе бір ғаріп,
Қаңғырып нағып жүрсің деп,
Бір тостаған дәм берсе,
Кемітіп көзін ояды.
Сөйтіп жүріп бір жаман,
Жұт пенен жауға кез болып,
Айрылып малдан қалады.
Кісіге берген малы жоқ,
Құдайға берген қайыр жоқ,
Құдайдан бұған рақым жоқ,
Адамнан табар мейір жоқ.
Тірі қор сонда болады.
Атамыз қазақ алаш-ты,
Шаруасы малмен жарасты.
Мал шырдасы жер еді,
Өскен соң қазақ таласты.
Ел көбейіп, жер өспес,
Түңіліктей жерге қысылып,
Мал шырдасы қазақтың,
Жер-су түгел болмас-ты.
Бір шаруаның артынын
Егінді жерге салмақ-ты.
Үйренбеген бұ қазақ,
Ұқсатып оны салмапты.
Қара бауыр Сары-Арқа,
Шөбінен де, тасы көп,
Топырағынан құмы көп,
Салқар ағын суы жоқ.

Жалпақ елге біткендей,
Егіндік жер таппас-ты.
Егін де жерге салынар,
Аз-аз бидай алынар.
Егін тамақ қамынан,
Егінді бақса, мал кетер,
Мал кеткен соң, мән кетер,
Қазақтан басқа халықта,
Май шұрасы азайды,
Жерден алған бидайың
Майсыз тамақ болмас-ты.
Мал кеткен соң май кетіп,
Құр бидайды үнем қып,
Сірә да, қазақ оңбас-ты.

Ойлап тұрсам, жігіттер,
Сары-Арқада береке.
Ит жүгіртіп, құс салып,
Жүз жыл көрер мереке.
Көк ала шатыр тігулі,
Қонаққа деген көлеңке.
Ат басын қонақ бұрмайды,
Аударылып түсіп жатқаны,
Бағлан қозы сойғыз деп,
Сары қымыз сапырып,
Сатусыз ішіп тамақты,
Рахатқа батқаны.
Осыдан қарап ойласам,
Сары-Арқада береке,
Рас-ау деймін айтқаны.

Жаз қонғаны көкорай,
Шалғынға байлап биесі,
Кешке таман болғанда,
Ботасы боздап түйесі,
Айнала шуыл күңіреніп,
Мөңіреп сиыр бұзаулы.
Маңырап шулап табысар,
Қойлары мен қозысы.
Қаршыға алып қолына,
Дабылын байлап жанына,
Мылтығын салып мойнына,
Үйрек пен қаз ілгізіп,
Ақ сақалды күлгізіп,
Қазақтың қызық мұрасы.

Қыс қыстауға қонғаны,
Бір қызығы қазақтың
Қиратып соғым сойғаны.
Ит жүгіртіп, құс салып,
Сонармен таудан түлкі алып,
Мергені атып маралды,
Ол бозбаланың думаны.
Келе жатқан қазақтың
Бұрыннан осы жорасы.

*Алла тағалам біледі,
Сөздің осы ырасы.
Енді қандай болады,
Жаратқан хақтың
пәрманы?*

Ұлы акынның жаңадан табылған шығармаларымен таныса отырып, біздің қосарымыз: Шортанбай Қанайұлының өз заманындағы көркем әдебиеттің қай саласына болсын ат салысып, белсене қатысып отырғанын ерекше ескерте кеткен жөн сияқты.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақ Совет энциклопедиясы. — 4-т. — Алматы: Қазақ Сов. энцикл. Бас ред., 1974. — 581 б.
2. *Шортанбай*. Зар заман сарындары // Жұлдыз. — 1991. — № 3. — 97 б.
3. Зар заман: Жыр толғаулар / Құраст. С.Дәуітов. — Алматы: Жалын, 1993. — 114–115-б.
4. *Әуезов М.* Әдебиет тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1991. — 192 б.
5. *Мағауин М.* Зар заманның мұң-наласы // Жұлдыз. — 2003. — № 1.
6. Екімыңжылдық дала жыры / Бас ред. Ә.Нысанбаев. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2000. — 192 б.
7. *Мұқанов С.* Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу. — Алматы: Жазушы, 2005. — 272–273-б.
8. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия / Бас ред. Б.Аяған. — Алматы: Қазақ энцикл. Бас ред., 2003. — 291-б.
9. *Шортанбай*. Келер заман // Жұлдыз. — 1992. — № 12.
10. *Мағауин М.* Шортанбайдың жаңа зары // Жұлдыз. — 2004. — № 10.

ӨОЖ 821.512.122

Шортанбай жыраудың үш зары

Каренов Р.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Статья посвящена одному из видных представителей казахской литературы XIX века — Шортанбаю Канайұлы. Автор подчеркивает, что в самых важных его сочинениях нашла отражение картина того очень сложного и смутного периода, в котором жил и творил поэт. Описывается, что поэт был не очень-то доволен историческими событиями своего времени, переменчивость времени жырау считал закономерным явлением, верил в светлое будущее. В статье подчеркивается, что сочинения Шортанбая богаты образами, насыщены национальными красками, высокой художественностью. Акцентируется внимание на сложном стихотворном размере творений жырау, досконально владевшего всеми художественными приемами традиционной поэзии. Автором обобщается мысль о том, что поэзия Шортанбая по сей день поражает нас оригинальностью и своим совершенством.

It is underlined that one of prominent representatives of the Kazakh literature of a XIX-th century — Shortanbaj Kanajuly. It is shown that the picture of that has found in the most important his compositions very difficult and slughtno the period in which he lived and created. It is described that the poet wasn't very happy with historical events of time. It is noticed that changeability of time жырау considered as the natural phenomenon, trusted in the light future. It is proved that compositions of Shortanbaja are rich in the images, are sated by national paints, high artistry. The attention that the meter of creations жырау, thoroughly owning all artistic touches of traditional poetry is combined is focused. The thought that the poetry of Shortanbaja amazes us to this day with originality and the perfection is generalized.

Kіріспе

Шортанбай Қанайұлы шығармаларының келер ұрпақтар үшін бағалы, таптырмас жақтары баршылық. Ең алдымен, ол өз кезіндегі әлеуметтік мәселені тұңғыш рет дерлік тиісті дәрежеге көтере білді. Сонымен қатар бұл мәселені шешуге, өзінің шама-шарқынша жауап беруге ұмтылған әдебиет

кайраткерлерінің бірі болды. Ол, бір жағынан, халықтың бай ауыз әдебиетінен, оның тамаша дәстүрлерінен қол үзіп кеткен жоқ. Екінші жағынан — өз тұсында жаңа туа бастаған қазақ халқының жазба әдебиетінің іргесін калау ісіне ат салысты.

Шортанбай жырау айтатын сөзін сұйылтпай дәл айтады. Ол ойын бір сыдырғы көркем бере білген ақын. Көздеген ойын табиғат құбылыстары арқылы, ақындық тіл: афоризм, ұластырылған эпитет, метафора, параллелизм арқылы жеткізеді. Бұған ақынның «Бала зар», «Зар заман», «Келер заман» деген белгілі толғауларынан алған кез келген шумақты мысал етіп алуға болады.

Қазақ халқының көрнекті жазушысы С.Мұқанов өзінің естелігінде: «Шортанбайдың үш зары бар: «Зар заман», «Бала зар», «Өлер зар». Осы үш зарында да ол халықтың басына түскен зарды, заманының зарын толғаған. Бұл үш зар — үш поэма және сюжет жағынан біріне-бірі жалғас, бірінің мазмұнын бірі өрбітетін поэма.

«Зар заманда» Шортанбай қазақ халқының көтерілістерін патша үкіметі уақытша сөндіргеннен кейінгі халдің басын айтады; «Бала зарда» көтерілістен кейінгі ауырлаған халді сипаттайды; «Өлер зарда» Шортанбай өлім халында жатып өмірмен, елмен бақұлдасып, артында тірі қалып бара жатқан жұрттан не тілейтіндігін баяндайды» [1], — дейді.

Шортанбай жыраудың біздің заманымызға жеткен мұрасының ең мәнді әрі көлемді бөлігі — «Бала зар». Бұл толғау XIX ғасырдың соңында Қазанда үш мәрте жарияланған болатын. Шортанбай ғұмыр кешкен Сарыарқада кеңінен тараған.

Осы шығармасында ақын қазақ даласына капитализмнің элементтері кеңінен ене бастауына байланысты пайда болған қайсыбір жаңалықтардың көлеңке жақтарын көре біліп, аяусыз сынға алады [2; 81]:

*Мынау бір жалған дүниеде
Малы көп кісі би болар.
Көпке тентек, ез, қисық
Қамшыменен би болар.
Ер басына күн туса,
Бұта түбі үй болар.
Ат басына күн туса,
Көксімдегі күй болар.
Көңіл азып, тон тозса,
Берген көйлек кез болар.
Аштықта жасық болса да
Ұдай абзал сол болар.
Мейір кетті пендеден,
Сүйтіп ердің елінен.
Ақыл сұрасаң азбассың
Көпті көрген көнеден.
Қасиет кетті төреден,
Ғаділдік кетті билерден,
Абырой кетті әркімнен.
Қайын енесі ас ішпес
Қабағын түйген келіннен.
Жалғыз Құдай болмаса,
Енді үміт жоқ өзгеден.*

Өмірдің ұсқынсыз жақтарын көргенде ақын шыдай алмайды, алдағы болашақтан үміті кесілгендей болады. Өзіне тиянақ-тірек іздегенде, амалсыздан діни ұғымға келіп тіреледі. Бұрынғы жаннан ырымға ештеңе қалмағанын баяндап, ендігі үміт көзін бір Алланың рақымы мен шапағатына тігеді.

Жырау шариятқа сай қызмет істеу керек екенін айтады. Халық тілегін жоғары қоя білуді жақтайды [2; 79]:

*Түйенің құты бура-ды,
Киләсі (інгені) қысыр қалмаса.*

*Күнә қайдан шығады,
Жаралып жан болып тумаса?
Ғаділ деп соны айтыңыз,
Турасын қисық бұрмаса.
Бұйрықсыздың бәрі харам,
Шариғатқа сыймаса.*

Ақын дін жолының ізгілігін айта келіп, адамдар ортасындағы пендешілік, қарама-қайшылықтардың сипатын дәл бейнелейді [2; 75–76]:

*Қолыңнан құсың қашырсаң,
Қайтып қонбас қолыңа,
Ісің түссе жаманға,
Жағаңнан алар сорыңа.
Көп ішінде аз болсаң,
Әрнеме түсер ойыңа.
Ел ішінде жоқ болсаң,
Мін тағылар бойыңа.*

*Жолдас болсаң жақсымен,
Қолың жетер Қырымға.
Топқа кірсең әркіммен,
Таласарсың орынға.
Текті құс қарар Қырымға,
Ит айналар жырымға.
Парақорлар қызығар
Бір қалаштық тиынға.*

Шортанбай кейбір адамдар мінезіндегі өзімшілдік, сараңдық сияқты жағымсыздықтарға қарсы. Ол кісілік, қайырымдылықты жақтайды [2; 79]:

*Қасақана бітер мал
Қайыры жоқ қабанға.
Айдасаң қиық жүрмейді
Төрт түлігі аманға!*

Ақын өз толғауында кейбір адамдарда кездесетін екіжүзділікке наразы. Айтар ойды әркімнің өзіне бетпе-бет айтуы керек дейді. Ал сыртынан өсектеу жарамсыз іс деп түйіндейді [2; 80]:

*Жақсыны жаман көре алмас
Тіс тиген соң өзіне.
Шын екен деп иланбаңыз
Жалғаншының сөзіне.
Сырттан ғайбат қылғанша,
Айт көзі мен өзіне.
Құдайдан қорыққан мұсылман
Қарауыл қояр сөзіне.*

Шортанбайдың ойынша, адам санаулы өмірін нәтижелі өткізу керек. Өнерге әуестеніп, аң аулап, құс салып, кәсіппен айналысуы орынды. Сонда ғана ол иманды [2; 78]:

*Ит жүгіртіп, құс салған
Өнерпаздың өнері.
Өтіп кеткен нәрсеге
Өкінсең жоқ келері.
Құбылып тұрған қызыл гүл,*

*Қураса кетер мәнері...
Он сегіз мың ғаламды
Құдіретіменен жаратқан
Құдайдың қалай шебері?!*

Кәсіптің түрі көп. Мысалы, жер кезіп, керуен тартып, жол көріп, ел тануды өнер деп ұсынады [2; 78–79]:

*Жапырағын жайқалтып,
Жайлауда қонсаң бір көлге,
Көкала шатыр нарменен,
Мың ханишалар пұлменен,
Он піркәшік құлменен,
Сапар қылсаң бір жерге!*

Өз толғауында жырау жастың ер жететін кәмелет шағын, кемел кезеңдерін атап өтеді. Оларды өмірдің өзі күтіп тұрғаны ескертіледі [2; 78]:

*Жиырма бес жасында
Жігіт жетер кемелге.
Он сегізде қыз толып,
Ана болар біреуге.
Құрбыңнан қорлық көрмессің,
Құда болсаң бір елге.*

Ақынның пайымдауынша, жастарға қайрат, талап, жігер керек. Білгірлік, көрегендік, ата жолын қуар зерделілік қажет дейді [2; 80–81]:

*Жігерлі туған жігіттің
Кім қой дейді талабын.
Жалғыз аяқ бар болса,
Кісі үшін дер шалабын.
Атасы топқа кірмеген
Сөзге салмас құлағын.
Құдайдан қорыққан мұсылман
Қонаққа сояр лағын.*

*Өткен соң қайтып келмейді,
Өлгенге мал ермейді,
Бұ дүниенің шолағы.
Жиырма тоғыз харіптің
Жайын білмек керек-дүр.
Төрт жардан шыққан пір болар,
Ақылы асқан дүр болар.*

Тәлім-тәрбие алған жас ойлы, өнерлі боп өседі. Арамдыққа, зұлымдыққа бармайды. Дүние қызығына алданбай, қиындыққа төзіп, ізденуді қолдайды [2; 77–78]:

*Медресе, мешіт салдырып,
Мұфтиге берсең балаңды,
Азан, тәкбір айттырып,
Мешітке қойсаң молдаңды,
Сираттың желі соққанда
Руза намаз панаң-ды.
Тірлікте есіңе ал
Өлгенде жанға пайданы,*

Ұйқы да кешіп көп жатпа,
 Бір жаратқан Алланы.
 Березе қаптал тон киген,
 Тойда тұрып мақтанбаң.
 Құдайдан қорыққан мұсылман
 Күнәдан ерте сақтанған...
 Жорға мініп теңселтіп,
 Торғын тоның белсентіп,
 Мамық төсек салдыртып,
 Ыңырантып тұрғызып,
 Дүрия-көрпе жамылтып,
 Дүниенің қалай алдауы?!
 Мал бақтырар пайдаға,
 Зекетсіз мал айдама.
 Қайыры жоқ ас сақтап,
 Дәмді харам шайнама.
 Құдіретке көңіңіз,
 Құдайменен ойнама.

Әрине, қазақ жастарының әуес болар ата кәсібі — ол төрт мүлік мал өсіру. Оның қызығын көру. Сарандыққа салмай, берер жерде жомарттық істей білу [2; 79]:

Жылқының құты айғыр-ды,
 Ат тумайды атасыз.
 Көсегесі көгеріп,
 Көбеймейді батасыз.
 Ғайбаттың жаман екенін
 Біле тұра айтасыз.
 Күн шыққан соң тұрмасаң
 Намаз қаза боларын
 Біле тұра жатасыз.
 Алланың берген ақ дәмін
 Шайтанға қайтіп сатасыз?!

Жыраудың осы туындысы шегінен афористік сипатта. Өлеңіндегі нақыл-ақыл сипатын ақиық ақын былай ескертеді [2; 84]:

Бәйіт айтып, баян қып,
 Жанастырдым әр неге.
 Мәселе кітап шығардым
 Кейінгі қалған пәндеге.
 Бес ауыз сөз айттым деп,
 Мақтандың, тілім, сен неге?!
 Қой, көмейім, тәубе қыл,
 Асылық қылма иеге!
 Жасың жетті алпысқа,
 Жеті ғалам астында
 Даусың кетті алысқа.
 Өзіңнен өрнек жайылды
 Жақынға, туған, қалысқа.

Сайып келгенде, Шортанбайдың «Бала зар» атты әйгілі жинағына кірген өлең-толғауларының мән-мазмұны міне осындай.

Ақынның «Зар заман» атты толғауы

Шортанбайдың «Зар заман» атты толғауы — азаттықты, бостандықты сүйген, өр мінезді халқымыздың отаршылдық бұғауына шырматылып жатқан кездегі ауыр ахуалының айнасы. Ақынның әлеуметтік көзқарасы мен таптық санасын айыруға айқын дерек беретін болғандықтан, біз бұл ұзақ толғауға ерекше тоқтай түскенді жөн көрдік.

Бұл туындысында жыраудың айтатыны: заман бұзылды; бұрынғы қорлар зорайып, зорлар дегеніміз қор болуға айналды; атаны — бала, ананы қыз тыңдамайтынды шығарды; бұрынғы дуалы ауыз билер сөзден қалды; орыс ұлықтары қазақ жері мен елін билеп-төстеп алды; тағысын-тағылар [3; 217–220]:

*Әуелгі қорлар зор болды,
Сондағы зорлар қор болды.
Әуелгі барлар жоқ болды,
Сондағы жоқтар тоқ болды.
Жан білмейтін жамандар,
Жөн білмейтін надандар
Ел билеген бек болды.
Көтере алмай билігін,
Ұласқан үлкен кек болды.*

*.....
Әр нәрсенің болжамы
Келе жатыр жақыңдап.
Ағашты тауға үй салып,
Алды кәпір ақымдап.
Елді еркіне қоймайды,
Буыршындай тақымдап.
Дуанбасы, болыс тұр
Орыстың сөзін мақұлдап.
Айтқан сөздің құны жоқ,
Құр жылайды қақылдап.*

*.....
Заманың кетті баяғы.
Жанның жалғыз сүйініші —
Мал болып тұр тамағы.
Ықылас, ниет қалмады,
Үлкенге билік салмады.
Ұлықсыған ұл туып,
Бұлықсыған қыз туып,
Жан есінен адасты.
Жарысқа кірген жақсылар,
Жақыным деп жан тартпай,
Жаумен бірге таласты.
Аузына кәпір қаратты
Дін мұсылман алашты.
Дүниенің тұтқасы,
Ойлап тұрсам, мал екен,
Кәпір мен қазақ таласты.*

Демек, «Бала зары» жинағындағы негізгі сарын ақынның бұл шығармасында бір шама кайталанады. Бірақ бұған таңырқамау керек. Өйткені дәл осы толғауында жырау өмір шындығын объективтік түрде көрсете алды. Ара-тұра дұрыс пайымдады деуге толық болады.

Мәселен, жасыл жайлауларынан, асқар шыңды тауларынан, орман-тоғайлы белестерінен, мөлдір өзен мен көлдерінен, тілі мен дінінен — жалпы ұлттық-этностық рухани келбетінен айырыла бастаған қазақ халқының XIX ғасырдағы шынайы қалпын Шортанбай жырау былайша суреттейді [3; 218]:

*Мынау ақыр заманда
Алуан-алуан жан шықты,
Арам, араз хан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты.
Сауып ішер сүті жоқ,
Мініп көрер күші жоқ,
Ақша деген мал шықты.
Кедей қайтіп күн көрер? —
Сол себептен қорқамын.*

Шортанбай қазақ халқы тәуелсіздігінен айырылғанын, билік патша үкіметінің қолында қалғанын, патшаның әкімдері халықты талаушы екендігін шығармасында былай көрсетеді [3; 220]:

*Заман қайтіп оңалсын,
Адам қайтіп қуансын —
Жандарал болды ұлығың,
Майыр болды құлығың!..
Кәпірді көрдің піріңдей,
Тілмашты көрдің дүріңдей.
Абақты тұр қасыңда
Қазылған қара көріңдей!
Байлар ұрлық қылады,
Көзіне малы көрінбей.
Билер жейді параны
Сақтап қойған сүріндей.
Заманның түрі бұзылды
Текеметтің түріндей.*

Орысшыл әкімсымақтардың кесапатымен жүзеге асқан рухани және экологиялық зардаптардан халқымыздың қазір де сергелдеңге түсіп отырғаны — тарихи шындық. Міне, осындай сұрапыл шындықтар бастамасы жырау толғауының мазмұнынан сол кездің өзінде-ақ көрініс тапқан [3; 219]:

*Асылық, асқан заманда
Шөп сұйылды жердегі,
Құс таусылды көлдегі,
Бай таусылды елдегі...
Жақсылықтан түгім жоқ
Жан қуанып сүйінген.*

Ақынды отаршылдар әкелген зиянды дағдыларды қазақтың тез қабылдап, ұлттық әдет-ғұрыптан ажырай бастауы қатты күйіндіреді [3; 219]:

*Естігенің жамандық —
Жұрт жиылып бүлінген...
Шошқаның етін қақтаған,
Құбылаға бақтаған,
Атасының малындай
Арақты ас қып сақтаған —
Кәлимасыз кәпірге
Кіріптар қылдың, Құдіреттім!*

Бір кезде еркін саналған қазақ даласын аш қасқырдай шарлаған би-болыстар мен старшын-ауылнайларды көргенде Шортанбай шын ақыр заман төнгендей тітіркеніп, ащы сөзді аямай төгеді. Жаманшылдықтың жиынтық бейнесі солар деп таниды [3; 220]:

*Мына заман қай заман?
Азулығы бар заман,
Азусызға тар заман!
Тарлығының белгісі —
Бірін-бірі күндеген,
Жай-жайына жүрмеген,
Жақсылар малдан түңілген,
Жамандар жаннан түңілген.
Мұның өзі зар заман!*

Шортанбайдың түсінігінше: мұсылмандарда билік қалмады; қазақ бұрын өзді-өзі таласып, өзара бітісетін еді; бұл күнде орыс ұлығының алдына барып жүгінетінді шығарды; қысқасы, мал шашқаннан басқа табарымыз жоқ [3; 222]:

*Еділді алып — елді алды,
Енді алмаған нең қалды?
Қараны санап — малды алды,
Қазаққа қамқор жанды алды.
Кетейін десең — жерің тар,
Кетпейін десең — кәпір бар...
Тілеуіңді бермейді,
Көзіңнің жасын имейді.
Азаматтар, жігіттер,
Айғыр айтып сойсаң да,
Әуелгі заман келмейді.*

Мұндай кеселді күшке, кесепатты қырсыққа қарсы тұрарлық ешбір шара табылмаған соң, ақын амалсыздан бір Құдайға бас иіп содан пана іздейді. Жалбарына жасын төгеді [3; 221]:

*Арқадан дәурен өткен соң,
Құғындап орыс жеткен соң,
Тіпті амал жоқ қазулы
Түспеске енді торына...
Кім мұсылман, кім кәпір —
Бір Аллаға аян-ды.
Пірлерден кетіп керемет,
Патшадан кетіп әділет,
Ақыр заман таянды!*

Сонымен, «Зар заман» — Шортанбайдың көлем жағынан болсын, мазмұн жағынан болсын көрнекті шығармаларының бірі. Бұл толғауында оның сол кездегі аса көрнекті ақынның бірі болған соң, өз заманындағы бой көрсете бастаған сан алуан құбылыстарды назарынан тыс қалдырмай, жан-жақты, терең сипаттауға ұмтылғанын біз баса айтуды лайық деп таптық.

Ақынның «Өлер зар» атты толғауы

Өмірінің соңғы айларында науқасы меңдей түскен Шортанбай өзінің толғақты ойларын қағазға түсірген. Жасы егде тартқан, әрі ауру жеңе бастаған ақынның жырлары көбінесе халқына, замандастарына, кейінгі ұрпаққа арнау, қоштасу, аманат айту сарынында жазылған.

«Өлер зар» жинағында бірнеше өлең өзара байланыстырылып берілген. Қара өлеңмен орындалған шағын кіріспеде Шортанбайдың Семей қаласына барып қайтқан сапары сөз болады. Бірде кеш түсіп кетіп, оның ел таба алмай жапан далаға түнегені баян етіледі. Түнгі түсінде ақын жүзі суық екі адамды көреді. Оның бірі жандылардың жанын алатын Әзірейілдің өзі екен. Ол Шортанбайға:

*Өлгенде имансыз құл жолда қалған,
Мен — Ғазрайыл, пенденің жанын алған.
Шүкір қыл, иман айтып, Шортанбайым,
Құдайдан жетті бұйрық — келді саған, —*

дейді де [2; 86] ғайып болады.

Бұл дүниеден үмітін үзіп, өлім күтіп отырған ақын өз басынан кешкендерін түгел тізіп, ағайын-туысқандармен және дос-жарандарымен қоштасады. Сол кездегі ел арасына аттары жайылған Құнанбай қажы, Шорманның Мұсасы, Жанғұтты шешен сияқты белгілі адамдарды атап өтеді. Ақынның [2; 94]:

*Тағы да сәлем айтайын
Қалың жатқан Сарымға, —*

немесе [2; 101]:

*Тіріде қорықпай осындай,
Күнә іздедім шошынбай.
Кеудемді дерт қамады,
Хамалда кетіп барады.
Есендікте бол, Жәке,
Қияметтік досым-ай!
Және сізге тапсырдым
Бала менен қатынды.
Жалғанда досым сіз едің,
Аяй көрме ақылды! —*

деп бұл дүниеден өтер алдында қалың Қаракесек Сарым елімен, кимас серігі Жанғұтты бимен қоштасуы, өзінің ризашылық көңілін білдіруі еді. Өйткені кезінде Шортанбай Ақсу-Аюлыны мекендейтін Жанғұтты би маңынан тұрақты қоныс тапқаны белгілі. Осында ол Құдайдың құлы болып, Алланың аманатын орындау үшін мұсылманша алған діни білімін ел арасына таратқан. Шағын мешіт салдырып, медресе ашып, балаларды діни сауаттандырумен айналысқан.

Ақын өмірімен қоштаса отырып, халқының жасы-кәрісіне болашақ ұрпақтардың азып-тозбауына қам жеу керектігі жөнінде уағыз айтады. Ол келер күндерден қауіптенеді, бұқара халықтың байлығы қайда кетті деп зарлайды [3; 104]:

*Мың-мың жылқы айдаған,
Сары қазы шайнаған,
Қымызын судай сапырған,
Оны ішкен соң мас болып,
Аюдайын ақырған —
Қимаймыз деп алдырдық
Адыра қалғыр салқыннан!
Арқаның жазы бейіш-ті,
Жылқының еті жеміс-ті.
Жағаласқан дұшпаннан
Көрерсің, қазақ, кейісті.*

Жырау кедейлердің ауыр тұрмысын, екі жақты қанаудың астында олардың орасан күйзеліске ұшырағанын былайша суреттейді [2; 96]:

*Байды құдай атқаны —
Жабағы жүнін сатқаны.
Кедей қайтіп күн көрер,
Жаз жатақта жатқаны.*

*Жаздай арық қазады,
Күздей пішен шабады.
Оны-мұны жиганын
Шығын деп тілмаш алады.
Жалғыз сиыры бар болса,
Соғымына сояды.
Қағаздатып бұзауын
Ногайына қояды.
Кедейге салып шығынды,
Негізі байдың тояды.*

Халықтың ауыр күйін көріп ыза кернеген жырау тартынып қымсынбайды. Ол далада көрініс берген жауыздықтарды қатты сынға алады. Оларға қатал үкімін шығарады [2; 105]:

*Шыдай алмай ызаға,
«Қой» деп айтса, тіл алмас,
Ақсақалдан ұялмас,
Жүгірісер қалаға.
Құныққан соң жалаға,
Алып бір шығар далаға.
«Дұшпаның кім?» — деп сұралса,
Алып бір келер ауылына —
Өзінің туған бауырына.
Келген соң кімді аясын,
Жығып салар дүреге,
Қызыққан соң параға.
Көшіп кетер жерің жоқ,
Жау айбынар ерің жоқ.
Сөйтіп қалмай, негілдың,
Біздің қазақ бәлеге.*

Бұл жолдардан өмір шындығы анық сезіледі. Өлеңнің басты ерекшелігі: кейіндегі ғұлама Абай сатирасымен үндестігінде дер едік. Ұқсастық тек мазмұнында ғана емес, сыртқы формасында да, ішкі тынысында да, азаматтық пафосында да бар.

Халықтан құттың кеткенін ақын ізеттіліктің жойылуынан деп ұғады. Ұл әкені, қыз шешені тыңдамаған соң, енді заман орнына келмейді деп зар жылайды.

*Заман ақыр кезінде
Қойнында қатын жатпады,
Ұрса, тілін тартпады.
Күнәсі асқан бұл пенде
Құдайдан асты, қорықпады.
Шешесіне болысып,
Ұлы шоқпар саптады.
Алжыған кәрі қақпас деп,
Келіні тұстан боқтады, —*

десе [3; 107], ақынның сөзінде иненің жасуындай жалғандық жоқ.

Ақын өлер алдында халқына айтқан өсиетінде [2; 92]:

*Опасы жоқ сұм дүние
Оттан ыстық болар ма,
Қалды ма көрдің астында?!
Қарындас ермес қасыңа,
Тіріде көрген ағайын,
Дұға қылып жүріңдер
Өлгеннен соң басыма, —*

деп жалынады.

Данышпан жырау елдің басты адамдарына халқын тапсырады. Өз халқының мұңын айтады. Билерге ол былай дейді [2; 89]:

*Билер, пара жемендер,
Жалғанды жолдас демеңдер.
Ахирет қамын іздеңдер,
Жалған бетті кезбеңдер.
Кісі хақын алмаңдар,
Аузыңа харам салмаңдар.
Дүние жиып өткен жоқ
Бізден бұрынғы пайғамбар.*

Ақынның болыстарға айтқан өсиеті мынадай [2; 89]:

*Сөзін айтайын үлкендер:
Құдайдан қапы қалмаңдар!
Әлің келсе, Мекке бар,
Артық дәулет біткендер!
Старшын, болыс болам деп,
Ысырап қылып, малды төкпеңдер!*

Ақсақалдарға арналған өсиеті келесідей [2; 90]:

*Үлкендер, саған айтайын:
Мал басына бармаңдар,
Ахрет қамын қармаңдар.
Дүниенің боғы үшін,
Сірә, тіпті азбаңдар!
Тентек болма балаға,
Безер болма келінге.
Қадірің кетер еліңе,
Қарауыл қой сөзіңе.
Қанша нәрсе ереді
Өлгеннен соң өзіңе!
Қарай алмай жүрерсің
Таңда мақшар күнінде
Құдайдың жүзіне.*

Өзінің басқа өлеңдерінде кемеңгер жырау дүниенің фәнилығын, тірлікте барға қанағат ету қажет екендігін баяндайды. Бұл жалғанда алданып күнәға батқанын айтып налиды. Ақырында Құдайға құлшылық етуден басқа ештеңе жоқ деп қайталауымен тынады.

Ақынның «Келер заман» атты толғауы

Шортанбай шығармаларын жинаушылардың бірі, ақын туралы пьеса жазған [4] жазушы Кәмел Жүністегі тапсырған мұралардың ішіндегі (Жұлдыз, 1992, № 12, 130–134 б.) «Келер заман» атты толғау — «Зар заман» толғауымен үндес туынды.

Кезінде еңбектері ел арасына астыртын тараған ұлы жырау туралы Кәмел ағамыз былай толғанады: «Шортанбайдың бұл заманды болжаған толғауын 1976 жылы Анарбек жыршыдан магнитофон таспасына түсіріп алған едім. Екі рет 10 жылдан саяси лагерьде болған Анарбек ақсақал жырдың көп жерін ұмытқанын айтып отырды. Қолда барға қанағат етіп, көреген ақынның болашақ зұлмат туралы айтқанын «Жұлдыз» оқырмандарына ұсынуды парыз санадым» [5]:

*Сауысқан, ала қарға — құстың құлы,
Басталар ақыр заман жылқы жылы.*

Шақырып кәпірсоқты, сұрап алдың,
Түзетіп ала алмассың, сірә, мұны.
Мешін-тауық жылдары,
Елдің ері еренде,
Жалғыз-ақ қара қалады.
Ұялмастан бұл кәпір,
Оған да салық салады.
Айналдырып бір күні,
Малдың еркін алады.
Сол уақыттың кезінде,
Ұмытпасаң тәубәңді,
Түтін салар соқпаққа,
Түзу жолдан қиылсаң,
Жолығарсың күрзі менен тоқпаққа...
Атаң мен күт анаңды,
Есің барда Меккені іздеп таппаққа,
Келеуі жоқ кей білер,
Сол заманда шығады.
Құр жағдай таппаққа,
Айтуға сөзің жетпейді,
Арызың тіпті өтпейді.
Жапақтап көзің тұрарсың,
«Не айтамын, — деп, — ақымаққа?!»
Балаңды алар солдатқа,
Міне алмассың жалды атқа.
Алақандай бет қағаз,
Табынарсың мандатқа.
Балаң менен жылқыңды,
Бір алған соң аузына,
Алмайды деген немене.
Ұзын аққан Сарысу
Аға жайлап көсіле?!
Алмай тұрып солдатқа,
Ықтияр кетпей жалды атқа,
Жүйрігің мен жорғаңды.
Өзің де мініп, жебеле.
Қатын-бала қамы үшін
Қарсы шап та, мылтық құш,
Құр жабырқап, жүдеме!
Айтып та айтпай немене,
Өткен заман келе ме?!
Қайран да халқым, қайтейін,
Кейісті көп тартарсың.
Көппен көрген селебе.
Селебені елеме.
Айғыр айтып сойсаң да,
Бұрынғы дінің келе ме.
Заман да заман, замана,
Кейін келер замана.
Асқар таудай әкеге
Ұл қышқырған замана.
Ақ арулы анаға
Қыз қышқырған замана,
Қылсаң жұмыс бітпейді,
Күн қысқарған замана,

Бай қайырып байланып,
 Түн қысқарған замана,
 Арғымақ ат тасырқап,
 Тағалы болған замана.
 Мәстек-жабы жалданып,
 Бағалы болған замана,
 Бұрынғы арық семіріп,
 Денелі болған замана.
 Бұрынғы семіз арықтап,
 Кенелі болған замана.
 Кімде тамақ бар болса,
 Дегені болған замана.
 Сусыз жерге су түсіп,
 Суылдап келіп қу түсіп,
 Қоғалы болған замана!

Кейін келер заманда
 Ұл сыйламас атасын,
 Қыз сыйламас анасын.
 Арам сідік болған соң,
 Атасы бермес батасын.

Қыз он беске келген соң,
 «Жотам сенен кем бе» — деп,
 Салыстырар шүйдесі мен жотасын.
 Қайран да халқым, қайтейін,
 Күнәға сөйтіп батасың.

Түсі сары, көзі көк
 Дінсіз келіп билейді,
 Түбінде сонан табасың...
 Кейін келер заманда
 Кедейлердің қатыны,
 Қылымсыған немесі,
 Қызыл көйлек киеді,
 Өзінің байын менсінбей,
 Көрінгенді сүйеді.
 Осы мінез болған соң,
 Тозаққа пенде күйеді.
 Ендігінің сөзінде
 Қай ақыл бар жүйелі?!
 Бұрынғы бидің тұсында
 Ағаи атты тастай сап,
 Шананы мінді күймелі.
 Айтып, айтпай немене,
 Өткен күн қайтып келе ме?!
 Қайран да халқым, қайтейін.
 Айғыр айтып сойсаң да,
 Бұрынғы заман келер ме?!
 Биік таудың ойнайды
 Бауырындағы құлжасы.
 Кейінгі байға мал бітсе —
 Ит кәпірдің олжасы...
 Көз жіберіп қарашы,
 Бұл жұмысты болжашы.

Ит жерімес арамнан,
 Құдай берер адамнан,
 Меһілде қатып мал бітіп,
 Кетпе малы қораңнан.
 Пайда қылсаң залалсыз
 Өзіңе біткен қараңнан.
 Дін жолынан айнымас,
 Шырағы енді мұсылман,
 Алла деген айрылмас,
 Айтсаң адал жолыңнан.
 Түзу жолға түсірер,
 Алла деген тобыңнан.
 Сол заманның ішінде
 Сиыр деген пұл болар,
 Қатын деген тұл болар,
 Өзіңе өзің ерік алып,
 Ақ саусақты ұстасып,
 Жанның бәрі құл болар.
 Еділ-Жайық екі су,
 Алтын, күміс тас болар,
 Арпа-бидай ас болар.
 Бірігіп жан боп тусаң да,
 Қарап та жүріп қас болар.
 Кейін келер заманда
 Шошала деген үй шығар,
 Шошаңдаған би шығар.
 Өзіңе өзің ерік алып,
 Көрінгеннен би шығар.
 Тамағы болса, өзі ішіп,
 Бір-бірінен сый шығар,
 Ақырына келгенде,
 Құдайдың құлы болмастан,
 Ақыретке барғанда,
 Қарап бір жүріп ій шығар.

Сонымен, 143 жолдан тұратын бұл толғауда да халқымыздың тайғанақ тағдыры терең бейнеленеді. Осы шығармасында елінің болашағын болжай білген Шортанбай жырау жері үшін қабырғасы қайыса отырып, тығырықтан шығар жол іздейді. Келер заманның кескін-келбетін көрегендікпен көрсете келіп, өз тарапынан тұжырым жасайды, баға береді.

Түйін

Шортанбай Қанайұлының ұлылығы — оның айтқанының заманнан заманға ұласып жатуында. Жыраудың сонау XIX ғасырда жазғандары бүгінгі және келер уақытқа дөп келгендей. Сондықтан да халық ақынды қастерлеп, шығармаларын жадында ұстап, қымбат мұра ретінде қадірлеп келеді.

Шортанбайдың тағы да бір ұтымды жағы: ол халықтың бай ауыз әдебиеті дәстүрінен қол үзбей, өзінің шығармаларында оны әрі молынан, әрі еркін пайдалана білуінде болып отыр. Сондықтан ақын өзінің көзқарасын, яки белгілі бір ұстаған идеясын көпшілікке әрдайым ұтымды жеткізуге ұмтылады, халыққа ұғымды тілмен сөйлеуге тырысады. Кезінде Шортанбай есімінің ел арасына кеңінен тарап кетуі де осыдан болса керек [6].

Қайталап айтсақ, ол әлеуметтік келелі мәселелерге ерекше көңіл бөліп, оларға өз шығармаларынан мол орын берді; заманасының көлеңке жақтарын көре де, тани да біліп, қатты сынға алды; кейбір жеке өлең-толғауларында сатира дәрежесіне көтерілді. Шортанбай өз шығармаларында заманның кескін-келбетін дәл басып, нақты көрінісін жасаған шыншыл ақын ретінде танылды. Өзінің болмыс-бітіміндегі көріпкелдік қасиетінің арқасында бұлыңғыр болашақты айна қатесіз болжай білген әулиелік қасиетімен ерекшеленді. Өлеңдерінің ою-өрнегін қиюластыра білген, мазмұн мен маңызды ұштастыра білген шебер ақын болды.

Мысалы, данышпан жыраудың мына бір тамаша шумақтары назар аударарлық [2; 89]:

*Қалықтаған сұңқар ем,
Қанатым сынды ұша алмай,
Қиядан қуға түсе алмай.
Нәпсім, қарар таптың ба,
Дүниеге тоймайтын,
Бір шыны шай іше алмай?
Жалғаннан дәмім таусылды,
Жарылқа, Құдай, артымды!*

Ақиық ақын дұрысын айтқан, өз талантын әділ бағалаған. Сонымен қатар діннен айрылмауға, ар-ұжданды жоғары ұстауға, ата салтты ардақтап, ұлттық дәстүрді ұмытпауға үндеген. Ел-жұртын жамандық атаулыдан сескендірген.

Шортанбай жырау өз замандастарына ғана емес, болашақ бүкіл ұрпағына өсиет тастайды. Мысалы, оның мына бір керемет өлеңін [2; 222] ұрпақтарына арнаған аманат жыры деп қабылдауға болады:

*Жүйрік пенен жорғаңды
Өзің бір мініп, жебеле.
Жалаңаш барып жауға шап,
Ажалдан бұрын өле ме!
Ноқталы басқа бір өлім,
Өлмей де адам жүре ме?
Қатын-бала қамы үшін
Қарсы шап та, мылтық құш,
Құр жабырқап, жүдеме!*

Сөзімізді қорытындылай келіп айтармыз: Шортанбай Қанайұлы — Арқа бойында жасаған ардақты адамдарымыздың бірі. Ол өз заманының аса елеулі, кезінде жырау атағын алған арқалы ақыны. Шортанбай бүкіл жан сырын, ішкі қайғысын, мұң-зарын кейінгі бізге өсиет етіп қалдырып кетті.

Қысқасы, Абайдан бұрынғы қазақ поэзиясының өркендеу жолында Шортанбай жыраудың еткен еңбегі зор, қосқан үлесі маңызды екенін мойындамасқа болмайды.

Әдебиеттер тізімі

1. Мұқанов С. Халық мұрасы: Тарихтық-этнографиялық шолу. — Алматы: Жазушы, 2005. — 283-б.
2. Зар заман: Жыр толғаулар / Құраст. С.Дәуітов. — Алматы: Жалын, 1993. — 176 б.
3. Жеті ғасыр жырлайды: Екі томдық. — 1-т. — Алматы: Жазушы, 2004. — 400 б.
4. Жүністегі К. Тар заман: Екі актілі, алты көріністі трагедия // Арқа. — 1993. — № 2. — 32–48-б.
5. Шортанбай. Келер заман // Жұлдыз. — 1992. — № 12. — 130–134-б.
6. Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры: Қазақ әдебиеті тарихынан очерктер. — Алматы: Жазушы, 1970. — 63 б.

Қазақ балалар әдебиетіндегі жетім балалар тағдыры тақырыбы

Рүстемова Ж.А., Медеубаева К.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Статья посвящается сравнительному исследованию идейных и эстетических особенностей темы сиротства в детской литературе на материале произведений казахских писателей 20-х годов XX в. В сферу анализа попадает широкий диапазон произведений, посвященных данной тематике: казахских авторов — М.Ауэзова, С.Донентаева, К.Кеменгерулы, российских и зарубежных писателей — М.Горького, С.Серафимовича, Ч.Диккенса, Дж Лондона.

The article is devoted to comparative research of main idea and aesthetic features of works of a theme of orphanage in the children's literature on a material of works of the Kazakh writers of 20th years of XX century. There is in sphere of the analysis included the wide range of the works devoted to the given subject, as Kazakh authors — M.Auezov, S.Donentaev, K.Kemengeruly, and works by the Russian and foreign writers such as C.Dickens, M.Gorkii, S.Serafimovich, J.London.

Қай дәуірді алсақ та, жырауларды сөйлеткен, акын-жазушылардың қолдарына қалам ұстатқан тақырыптың бірі — қорғансыз жетімдер өмірі. Бұл тақырып әлем әдебиетінде үлкен орынға ие. Дат жазушысы, ертегіші Ганс Христиан Андерсеннің бір ғана «Шырпы сатқан қыз» деп аталатын ертегі-әңгімесін мысалға алсақ жеткілікті. Ағылшын жазушысы Чарльз Диккенстің «Оливер Твисттің басынан кешкендері», «Дэвид Копперфилд», француз жазушысы Виктор Гюгоның «Аластатылғандар» тәрізді көлемді шығармалары және американ жазушысы Джек Лондонның «Жолдан тайған», орыс қаламгерлері А.Чеховтың «Ванька», «Ұйқы келеді», А.М.Горькийдің «Жетімек», А.С.Серафимовичтің «Торғай түн» әңгімелері деп және жалғастыра беруге болады. Ал, қазақ әдебиетінде балалар өміріне арналып жазылған шығармалар, олардың ішінде панасыз балалар жайындағы туындылар дегенде М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні», «Жетім», С.Донентаевтың «Көркемтай», Қ.Кеменгерұлының «Жетім қыз», «Момынтай» әңгімелері бірден еске түседі.

М.Әуезов 1921 жылы 24 жасында «баяндалу әдісі жағынан еуропалық әдебиет үлгісінде жазылған» (Р.Нұрғали) «Қорғансыздың күні» әңгімесін туғызды. «Мұхтар азамат ретінде де, қаламгер ретінде де тез ер жеткен. Алғашқы әңгімесі «Қорғансыздың күнінен» үлкен талант, терең мәдениет үлгісін көреміз. Мұның бірнеше себебі бар еді: 1. Ол — ғасырлар бойы жиналған қазақ халқының әдеби-мәдени қазыналарын жете игерді. 2. Халқына сөзімен, жазуымен қызмет етуді өмірлік мақсат етті. 3. Әлеуметтік аренаға революция заманында шықты. 4. Әлем әдебиеті, орыс әдебиеті классикасынан сабақ алды» [1]. Бұндай қорытындыны жалғыз Мұхтарға ғана емес, қазақ қаламгерлерінің көпшілігіне қатысты айтуға негіз бар. Қазақ әдебиетінің қай кезеңі жазушысы болмасын әлем әдебиетінен тағылым алды.

Жетім балалар тағдыры, қорғансыздар өмірі әлем жазушыларын ұдайы толғандырған тақырып болғандығын әлемдік көркем әдебиет тарихы жақсы танытады. Бұл әсіресе XIX ғасырда ағылшын жазушысы Чарльз Диккенс шығармаларынан бастау алып, кейіннен әдебиетте жиі жазылатын тақырыпқа айналды. Әдетте, қаламгер бала жайында жазса, өз балалық шағын жазады, бала кезде көргені мен білгенін, түйсінгені мен сезінгенін оқырман талқысына салады. Мәселен, отбасының кедейшілікке ұшырау салдарынан балалық шағында жүдеу тіршілік кешкен Чарльз Диккенс өз өмірін «Оливер Твисттің басынан кешкендері» (1838), «Дэвид Копперфилд» (1849) шығармаларында XIX ғасырдағы Англия қоғамы мен тірлігі аясында көрсетсе, тағы бір кемеңгер туындыгер, Диккенстің замандасы, француз жазушысы Виктор Гюго болса жүріп өткен жолын «Аластатылғандар» (1862) романында бірнеше жандар тағдыры тоғысында көркем суреттейді. Франциядағы 1848 жылғы буржуазиялық революциядан кейін Гюго республика қорғаушыларының қатарында болғандықтан қуғындалып, 19 жыл каторгада болады. Осы 19 жыл романның бас кейіпкері Жан Вальжанның ширек ғасырға жуық өмірін құрайды. Атақты жазушының «Париж ана құдайы соборы» (1831) романы 1830 жылғы Июль революциясы оқиғаларына қатысты жауап ретінде жазылса, 1848 жылғы буржуазиялық революция «Аластатылғандарды» жазуға түрткі болған.

Жазушы бала туралы жазса, өз балалық шағы естеліктерін ғана басшылыққа алады деген тағы да дұрыстыққа жатпайды. Байқағыштық, бақылағыштық қасиет қаламгерге мол жеміс берері сөзсіз. Виктор Гюго романында жетім балалар Козетта мен Гавроштың азапты өмірі қаншалықты асқан

шынайылықпен бейнеленсе, соншалықты шыншылдықпен А.П.Чеховтың «Ванькасындағы» Ванька Жуков, «Ұйқы келедісіндегі» Варька, А.С.Серафимовичтің «Торғай түніндегі» Васяның жадау тіршілігі суреттеледі.

Әлем және орыс әдебиетінің осынау ықпал-әсері қазақ жазушыларының XX ғасырдың 20-жылдары жазылған шығармаларының өн бойынан байқалып тұрғандығын нақты мысалдар негізінде сөз етпес бұрын, осынау туындылардың жазылу кезеңдері жөніне де тоқталған жөн. Бұл сөз Р.Нұрғалидың «Мұхтар әлеуметтік аренаға революция заманында шықты» дегенінен таратылмақшы. Өйткені жоғарыда аттары аталған қазақ қаламгерлері революцияны бастан кешірді, туындыларының көпшілігі сол кезеңнен кейін туды.

Әлемдік әдебиет тарихы беттерін парақтай отырып, жетімдер, қорғансыз балалар тақырыбындағы шығармалардың революциялық оқиғалар қарсаңында немесе революциядан соң туғандығын аңдадық. Бұл тақырыпты өмірдің өзі туғызды. Қорғансыздар мен панасыздардың көбеюі туғызды. Орыс және қазақ әдебиеті мысалында түсіндірер болсақ, А.П.Чеховтың «Ванька» (1886), «Ұйқы келеді» (1888), А.М.Горькийдің «Жетімек» (1899) атты әңгімелері революциядан бұрын жазылса, М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» (1921), «Жетім» (1925), С.Дөнентаевтың «Көркемтай» (1924), Қ.Кемеңгерұлының «Жетім қыз» (1924), «Момынтай» (1925) әңгімелері революциядан кейін дүниеге келді.

Төңкерістен бұрын жазылған туындыларда қорғансыз жандардың көрген қорлығы көрсетілсе, төңкерістен кейін жарыққа шыққандарында жаңа биліктің, екінші бір үстемдіктің нәтижесінде бейбақ жетімдердің бостандық алуы, теңдікке жетуі суреттеледі де коммунистер билігі жағдайындағы өзгеше қоғам — социалистік қоғамға сенім артылады.

М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесі (1925) алғашқы рет «Таң» журналының 1925 жылғы бірінші санында «Қайғылы жетім» деген атпен басылады. Кейінгі жинақтарда «Жетім» деген атпен жарияланады. «Жетім» әңгімесіндегі басты кейіпкер — жас бала Қасым. Шығармада он жастағы жас баланың қиын тағдыры, аянышты халі берілген, бала психологиясы көрініс тапқан. Бұл шығармасында қаламгер бала ұғымын, сезімін беруде өзінше ізденіс танытқан. Әуезовтің суреткерлік болмыс-бітімі әңгімеде ерекше көрінеді. Ондағы көркемдік идеялық ізденістер, бейнелеу тәсілдері, басты тұлғаның жан жүйесін ашудағы деталь, портрет, пейзаж, ішкі монолог, ой ағыстары, тілдік-стильдік құбылыстар, композициялық үйлесім өз орындарында қолданылуымен ерекшеленеді.

Әңгіме үш салт аттының түн қараңғылығында қалың таудың ішіне бет алуын баяндаудан басталады. «Қара барқыт тартып қараңғылана бастаған аспанда түксиген қатал қабақ, құлазып жүдеген иесіздік білінгендей. Үлкен жарықтың өшер алдында бір сөніп, бір лап етіп жанғанындай, күнбатыста жарқ еткен нажағай жарығымен күнгірт даланы әлденеге үміттендіріп тұрған сияқты» [2; 212]. Әлдене — жетім бала Қасымның өмір мен өлім арасындағы халі. «Сол кезде иесіздікте жүдеу тартып, ұйқыға батып бара жатқан даланы әнші жігіттің зар-мұңлы даусы ұзақ толқынды ырғағымен тербеткендей болды» [2; 212]. Жүргіншілердің түнгі сапары мен жетім бала халін байланыстырып тұрған құбылыс бірнешеу. Олар: түнгі аспанның түксиген қатал қабағы, көз жасын төгуге дайын табиғат ажары және жауын қарсаңындағы нажағайлы аспан көрінісі. Тағы бір құбылыс — әнші жігіттің зарлы әні. «Ән кейде батқан күн мен бейуаққа қоштастырған үн сияқты» [2; 213]. Батқан күн мен бейуақ жетім баланың басына түскен халді сездіріп тұрғандай.

Әңгімеде сюжеттік екі линия бар. Бірі — түнгі жолаушылардың өз сапарында ағашқа жабысып, қатып тұрған баланы көруі. Түнгі сапар мен баланы көру аралығында екінші сюжеттік линия өрілген. Қасымның әке-шешесі, әжесі өлгеннен кейінгі бүкіл өмірі көз алдымыздан тізбектеліп өтеді. Жүргіншілер көзімен бағамдасақ, қас-қағым сәт. Адам өмірі — ұзынды-қысқалы жол. Дүниеге келісімен өз ықтиярыңызсыз өлмекке бет алады. Демек, жалғыз-аяқ жолмен әке-шешесінің бейітіне бет алған бала да ықтиярсыз. «Жүрегін қорқыныш басып, жалғыздық жеп келе жатқан баланы не бастап келеді? Жетімді түнде айдап шыққан айдаушы кім? Айдаушы сол баланың тағдыры еді» [2; 213].

Қасымның Иса деген ағайыны мен оның әйелі Қадидадан көрмеген қорлығы жоқ. Иса Қасымның әке-шешесінен қалған отыз шақты қой мен он шақты қараны өз малындай бауырына басты. Жетім бала өмірінен гөрі оның көрген түсі ажарлы. «Қасым ұйықтаса, бақытқа жеткендей болып, өзін алдына алып сүйіп уатып, көзін сүртіп жүрген әке-шешелерін көруші еді». Ганс Христиан Андерсеннің «Шырпы сатқан қыз» әңгімесінде де бейшара жетім қыз шырпы жаққан сайын әжесімен кездесіп, таңғажайып хал кешпеуші ме еді...

«Көркемтай» әңгімесіндегі Көркемтайдың көңіліне аз ғана уақыт жұбаныш Нағима болған болса, Қасымның жылағанда жұбататын ондай жанашыры да болмайды. Көрші-қолаң мүсіркеуден ары

аспайды. «Маңайындағы көрші қатындар, сенімсіз топас шалдар: — Бала, малыңа ие болуға жарамайсың!.. Әй, сені Иса жейді ғой. Сенің малыңды құртады ғой. Ие бол! — деген сөздерді айтқыштап қоятын» [2; 215]. Көркемтай жылап молаға қашып, шешесінің бейітін құшақтап мұнын шағатын болса, Қасымда ондай мүмкіндік жоқ. Моланың шалғайда, қыстау маңында қалуынан бара алмаушы еді.

«Қасымға бұдан соңғы бір қайғы болып малды қарастыру, қозы бағу шықты. Аздан соң өзге балалар «тілазар, кәпір, бармайды» деген атпен құтылып қалатын болып, Иса мен Қадияның бейілді қабағына ырза болатын күйге келген Қасым тезек теретін болды. Малдан кешке келіп сүрініп-жығылғанда болмаса Қасымға бостандық, еркіншілік жоқ еді. Кейде Иса өз балаларын: «Олардың малы жоқ, малдың иесі — Қасым» деп қойып, олардың еріншектігіне өзі құрық беріп, Қасымның бишаралығын ашық арамдықпен қақпай ғылып та қояды» [3; 216].

Көркемтай құр жылай беруші еді. Қасым ашық қарсылық көрсетеді. Оны бұған ширықтырған жоғарыда көрген қорлығы. «Мен жетім емеспін бе? Менің малыма тигенің обал емес пе?» — деп жұрттан естіген сөзді айтуы — алғашқы қарсылық, ашу-ызаның сыртқа шығуы. Келесісі — әкешесінің басына мал сойып апарып, құран оқытпақшы болуы. Иса мен Қадияша малды сойғызбай қояды. Соңғысы — өзін төніп келген Исаны тізеден қара таспен ұруы. Жетім баланың қолынан келгені — осы.

Әңгіме соңында ағашқа сүйеніп қатып тұрған балаға үш жолаушы кез болады. ««Қайғылы жетімнің» соңы: «Бұл Қасым еді. Бірақ қазіргі халді Қасым жетімдіктен, қайғы-зардан, ойын кернеген ызадан құтылған. Ол өлген екен» деп бітеді. Ал «Қараш-Қараш» жинағындағы «Жетімде» бұл үзінді: «Ол — өлік. Бірақ денесі әлі түгел мұздап та болған жоқ екен...» деп аяқталады. Бірінші үзінді Қасымның өлімі оны өмір қыспағынан құтқаратын бірден-бір жол дегенді білдіретіндей. Үзіндінің соңғы редакциясында бұл жай біраз басқа тұрғыдан мегзелген. Қасым әлі құрып жығылып, жартылай өлік қалпында талып жатқанымен, оның денесі әлі түгел мұздап та болмаған. Сол мезетте үш салт атты жолаушы да жетіп Қасымды орталарына алады. Осы түйінде әңгіменің оптимистік әуені сезілгендей.

М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесінің С.Дөнентаевтың «Көркемтай» әңгімесімен сабақтасуы бір шетін жайдың ұшығын танытқандай. Қос әңгіме мазмұн мен форма жағынан ұқсас. Әңгімелердегі трагедиялық шешім де бірдей деуге болады. Бұған Әуезовтің Дөнентаевқа ұстаздық етуі себеп болуы мүмкін. 1924–1930-жылдар арасында С.Дөнентаевтың шығармашылық қызметі аса өнімді болады. Семей қаласындағы мұғалімдер даярлайтын курста оқиды. «Әрбір адамның өмірінде оңтайлы сәттер болады десек, Сәбиттің 1919 жылы Мұхтар Әуезовтен орыс тілін оқуы, 1921–1922 жылдары Қаныш Сәтбаевпен бірге халық соты болып қызмет істеуі — қызықты өмірбаян беттері» [3; 32]. Демек, Мұхтардың Сәбит әңгімесіне ақыл-кеңес қосуы да ғажап емес.

«Оның «Көркемтай» аталатын жалғыз көркем әңгімесінің де жетім бала өмірінен жазылуы ақынның өзін-өзі балалар әдебиетіне тәрбиелемек әрекетін аңғартқандай» [3; 34]. Өйткені балалар әдебиеті тұрмақ бұл тұста қазақ әдебиетінің өзі қанатын кеңге жая қоймаған еді.

«Прозалық шығармаларының ішінде идеялы-көркемдік жағынан елеулісі — «Көркемтай» әңгімесі. Бұл Сәбиттің 1916 жылы жазатын «Өгей ұл» атты сюжетті өлеңімен тақырыптас, үндес сияқты. Осы кезде жазылған (1924.) Мұхтар Әуезовтың «Жетім» атты әңгімесімен де ұқсастығы жоқ емес. Бәрінде де жетім балалар дүниеқоңыз жауыз ағайындарының қорлығын көріп, аянышты тұрмысты басынан кешіп, ақыры өледі» [4; 20], — дейді Е.Исмаилов Сәбит Дөнентаевтың 1957 жылы жарық көрген кітабының алғысөзінде. Е.Исмаилов бұл жерде Әуезов әңгімесінің жазылу мерзімін, біздің білуімізше, жаңсақ көрсеткен.

«Көркемтай» әңгімесі Орынбор қаласында шығып тұрған «Жас қазақ» журналының № 4–6 сандарында 1924 жылы басылған. Әңгіме аяғына «Жетім» деп қол қойылған. Автор әңгіме басынан-ақ Көркемтайдың ана махаббатына бөленіп өсіп келе жатқан жас жеткіншек екендігін білдіреді. Жазушы Көркемтай өмірінде болатын кейінгі келеңсіз жайттарды тағдырдың қатал соққысы ретінде сипаттайды. Көркемтай — қайырымсыздық құрбаны. Өмеңгерлікпен Көркемтайдың шешесін әйелдікке алған Ысқақ — мейірімсіздік дәнін егуші басты жан. Баласы үшін әлденеше рет таяқ жеп, басы жарылған шеше шарасыздығы Көркемтай басында ауыртпалықтың болмай қоймайтындығын аңғартады. Ысқақтың тепкісінен көз ашпаған шеше өлімі бұл ауыртпалықтың келуін тездетеді.

Күзгі ауылдың көңілсіз күйі шешесінен айрылғалы жылға жақындаған Көркемтай көңіл-күйімен ұштастырыла суреттеледі. Ысқақтың шешесі жататын кереуеттің аяқ жағында ескі көрпеге оранып, басын бүркеп, домаланған Көркемтай жатысы оның шешесі өлгеннен кейінгі сүреңсіз, сұрқай өмірін

көрсетеді. Бір үйлі жанның ішіндегі қайырымдысы — Ысқақтың келіні Нағима. Бірақ Ысқақтардан қаймығатын жас келін Нағиманың жан жылуы Көркемтай үшін білте шамның жарығындай-ақ. Көркемтай үйінің қораларын Ысқақтың бұзуы, тайынан үйреткен көк бестісін алып қоюы — жетім бала қайғысын қалыңдата түседі. Білте шамның соңғы жарығы Нағиманың Ысқақ үйінен кетуімен бірге өшеді. «Нағима кеткеннің артынан Көркемтайдың қайғысы бұрынғысының үстіне екі есе болып жамалды, бұрынғыдан да жаман хияли болды. Күн-түн демей беті ауған жаққа кетіп қалған күндері болды. Қыстың қақап тұрған аязды кештерінде талай рет ауыл адамдары далада қаңғып жүргеннен алып келіп үйіне қондырып жіберіп жүрді. Кейде жұмсақ көңілді біреулері Ысқақтың үйіне ұрысып тапсырып кетуші еді» [4; 52]. Қайғы, бірінші жағынан, қысқы суық, екінші жағынан, Көркемтайды дертті етті. Көктемгі мамыр айының көркем күні тек Көркемтайға ғана қуаныш сыйламады. Дерт қысқан Көркемтай көк моланың бір бұрышында бүктүсіп жата берді. «Анадайдан өткір көзімен қарап құйрығын қыймылдатып, аштық жылы аштан өліп қалған адамдардың етін жеп дәндеген байғұтандар отыр» [4; 54]. Автор бұл жерде ашаршылық жылдардың қасіретті шындығын ашып отыр. Батқан күнмен бірге Көркемтайдың да демі үзіле берді.

Қ.Кемеңгерұлының «Жетім қыз» әңгімесіне шешесінен жастай айырылған жетім қыздың аянышты өмірі арқау болған. Әңгіме бес жолаушының С. қаласынан Шыңғыстың асуына баратын қара жолымен келе жатқанынан басталады. Ат шалдыруға тоқтасқан жолаушыларға бір қыз бала кездеседі.

«Шайдың буы бұрқырап, дастарқан жайылып жатыр. Дастарқаннан тайып шыққан көзі ауыл жақ бетте жиырма қадам бойында сүзек аурудан жаңа тұрғандай өңі қазылған, шілдеде тұрған қаймақтай жұқа, қабағын төңкерген, шыңыраудай терең мұңды көзімен дастарқанға үйме төбе болып жатқан бауырсақ, қант, етті сүзген 7–8 жастар шамасындағы қызға түсті. Қыздың үстінде сауыншының киіміндей сауысталған, боршалаған, еттей жырымдалған түйе көйлек, басында жабағыдай ұйысқан айдар, аяғы шаң-топырақтан былғарыланып, суықтан жарылған ағаштай тілімденіп кеткен. Екі аяғы сынып қалғандай салбырап, қол терісі қапшықтанып, жапырағы ағаштай сыйдиып құр сүйегі, тарау-тарау тамыры көрінеді» [5, 260].

Бұл суреттеменің В.Гюгоның «Аластатылғандар» романындағы жетім қыз Козеттаны сипаттайтын үзіндімен үндестігі бар. «Козетта была худенькая, бледная девочка, на вид лет шести, хотя ей шел восьмой год. Ее большие глаза, окруженные синевою, казались почти тусклыми от постоянных слез. Уголки рта были опущены с тем выражением привычного страдания, которое бывает у приговоренных к смерти и у безнадежно больных. Руки ее, как предугадала мать, «потрескались от мороза». При свете, падавшем на Козетту и подчеркивавшем ее ужасающую худобу, отчетливо были видны ее торчащие кости. Ее постоянно знобило, и от этого у нее образовалась привычка плотно сдвигать колени. Ее одежда представляла собой лохмотья, которые летом возбуждали сострадание, а зимой внушали ужас. Ее прикрывала дырявая холстина; ни лоскутка шерсти! Там и сям просвечивало голое тело, на котором можно было разглядеть синие или черные пятна — следы прикосновения хозяйской длани. Тонкие ножки покраснели от холода» [6], деп суреттеледі Козетта.

Сырт көзге осыншама аянышты көрінген екі жас кейіпкер қыздың өмірі де адам шошырлық. Шешеден жастай айырылған, ана махаббатын көре алмаған бейкүнә сәбилердің өмірі де сол жетімдіктің салдарынан сүреңсіз күйде өтуде. Таңның атысы, күннің батысы тізе бүкпей тыпырлап еңбек ететін олар өмірлерінде қарындары тойып тамақ ішіп көрген емес.

«Жетім» әңгімесінде бейнет — қыздыкі де, рақат — өгей шеше мен оның балаларынікі. Өз үйінен ұрты толып тамақ ішпейтін бейшараға көршілерден сұрап алатын құрт, бауырсағы да бұйырмайтын. Себебі өгей шеше тілеп алған тамағын да, өз балаларына тартып алып береді. Асып-төгілген мол дастарқанға сүзіле қарауы — осының салдары. Мұны сезген Дарабек қызды шақырып бір уыс бауырсақ, бір шағым қант береді де, баланы сөзге тартады. Ол өз шешесінен ерте айрылғанын, өгей шешесі тамаққа жарытпайтынын жыламсырап отырып айтып береді. Әңгімесін «біз» деп көпше түрде айтқаны болмаса, өзімен бірге туған бауыры да жоқ екен. Қыздың қант пен өзі жуынған сабынның не екенін білмей таңырқап қарағаны Дарабекке қатты батады. Қыздың қол-аяғының сонша тілімденуі — сабын көрмегенінің айғағы. Қошке әңгімесінде қызға жанашырлық танытқан жан Дарабек болса, Гюго шығармасында Жан Вальжан жанашырлығы жетім қызға оның арманына айналған қуыршағын алып берумен ғана шектелмейді, оны қатігез қожайындар шеңгелінен құтқаруына ұласады.

Қ.Кемеңгерұлының осы әңгімесі мен М.Әуезовтің «Қорғансыздың күнінің» ұқсастығы жоқ емес. М.Әуезов өз әңгімесін 1921 жылы жазса, Қ.Кемеңгерұлы 1924 жылы жазған. Екі әңгімеге де қорғансыздар өмірі арқау болған. Біріншісінде, Қазан төңкерісіне дейінгі кезең оқиғасы суреттелсе, екіншісінің оқиғасы төңкерістен кейін ілгері баса алмай отырған қазақ өмірінен алынған. Мұндағы бір ұқсастық — екі әңгіменің де пейзаждан басталуы. Табиғатты суреттеуде М.Әуезов алдына жан салмаса, Қ.Кемеңгерұлы пейзажды өз шеберлігімен жеткізе білген. Екінші бір ұқсастық — әңгімелерге арқау болған жолаушылардың С. қаласынан шығатын қара жолмен келе жатуы. Басталуында әлгіндей ұқсастықтар болғанымен, Қошке әңгімесін өз бетінше басқа жағдайда өрбітеді. Оқиға желісінің екі түрлі болуы — уақыттың бір-біріне сай келмеуі. Екеуі екі түрлі шешім тапқан. Бірінші әңгіме қорғансыз бейкүнә Ғазизаның Ақан болыстың адам төзбес қорлығына шыдай алмай, өз басын еріксіз өлімге тігуімен аяқталады. Екінші, Қошке Кемеңгерұлы әңгімесі саналы азаматтардың жетім қыздың болашақ өміріне араласа бастауымен аяқталған. Әңгімедегі Дарабектің ойы — қайткен күнде дәрменсіз жанға пана болу.

Жоғарыда Қошкенің де пейзажға тәп-тәуір көңіл бөлгенін айтып өттік. «Алысқа салған көз кесенің бетіндей тап-тақыр тасқа түседі. Аяқ астында шала үйітілген құйқадай тырбық бетеге, қадау-қадау жерлерде ыстықтан үйездеген үйірлі жылқыдай топты ши. Бір түптегі шидің кейбіреуі сексенге келген кемпірдей бүгілген, сафарға салған сүйектей бозарған, кейбіреуі бурылданған, кейбір жаңа өспірімдері бойы биік, күн жақтағылардың көлеңкесіне бастарын тығып, тіршілікке бет алған» [5; 259].

Бұдан туатын ой — пейзажға ерекше өте-мөте көңіл бөлу — жиырмасыншы жылдар прозасына тән ерекшелік. Пейзажды әр жазушы өз шеберлігіне қарай пайдаланады.

Табиғатты өтіп жатқан оқиғамен параллель суреттеу жақсы көрініс таппақ. Мысалы, өз әңгімесінде Қошке табиғат көрінісін не үшін суреттеген? Жазушының табиғат суреттеудегі мақсаты не? Жазушы табиғатты еріккеннен не сөз таппағаннан суреттеп отырған жоқ. Табиғат неге соншалықты ұсқынсыз? Топ-топ болып өскен шидің өзі шала үйітілген құйқадай, енді біреулері сексенге келген кемпірдей. Қаламгер бұл жерде сол шилердің ұсқынсыздығы мен жетім қыздың аянышты өмірін психологиялық параллелизммен көрсетіп отыр. Егер табиғатты мол байлығымен шалқыта суреттесе, ол жетім қыз өміріне қарама-қарсы басы артық суреттеу болып шығар еді. Қошке пейзажы — белгілі мақсатпен алынған, өз орнын тапқан жақсы көрініс. Дұрыс қолданылған пейзаж — көркемдіктің бір белгісі.

Сондай-ақ Қошкеге тән тағы бір ерекшелік — жансызға жан бітіріп, бейнелі сөйлеуі. Оның «түбіттей жұқа бұлтты шымылдықтай серпе тастауы», «күн сәулесінің құлындай ойнақтауы», «жер жүзінің мандайын иіскеуі мен сексенге келген кемпірдей бүгілген және сафарға салған сүйектей бозарған шилері» — осының дәлелі. Жазушылардың өзінше өрнек салуы әрқайсысының жеке талантынан туындайды.

Қошке Кемеңгерұлының осы тақырыпта жазылған келесі әңгімесі — «Момынтай». Момынтай қозы бағуға жарағанша туысқан атасы Байтоқтың баласы Құдайбергенді ойнатып, құрт, бауырсағын тауып жеп күнелтеді. Уақыт өте қозы бағуға жарайды. «Жадырап күн жылынған соң қазақтың асыға күтетін айт мейрамы да келді. Үлкен айт күні қой бағуға бала қойшылардың әкелері шықты. Бәйшешектей түрленген, қызылды-жасылды әдемі киініп, жүйрік, жорға көрнекті аттарын мініп айттасып, қыз-келіншекпен әзіл қағысып, айттық алысып, құмарларынан шығып жүр» [5; 238].

Міне, осындай думаннан сырт қалғанына Момынтай көңдіге алар емес. Осыған дейін әкесінің жоқтығын дәл осылай сезінбеген де болар. Егер әкесі болса, бүгін Момынтай да ауылда айттап жүрер еді. Ойын баласы шыдамы таусылып, тамақ ішуге ауылға ерте келіп қалады. Момынтайдың қойы белдің астына түсіп кетіп, қалтарыста аңдыған қасқырға тап болады.

Қара бұлттай түнерген бай бүркіттей түйіліп, Момынтайды анадайдан «Иттің баласы-ай. Айт сенің не теңің еді? Ойбай-ай! Қанша қойды арам қатырдың» деп, жуан ақ таяқтың астына алады. «Момынтай өзін жазықты тауып, арқасын қисандатып, таяқтан қорғанып, үндемей қозғала берді. «Құлқының қураған антұрған, аштан өлейін деп жүрген жоқ едің. Аузыңнан ақ айрылған жоқ еді!» деп, таяқты тулаққа тускен сабаудай шатырлатып, Момынтайды ұрып жатқанда таяқ шарт етіп қақ айырылды. Қарсы ләм-мим дерлік Момынтайда шама бар ма? «Тек шыбын-шіркей болып еңірей берді. Ендігәрі қойға ие болайын» деп жалына берді. Таяқ сынған соң, бай жұдырықпен тепкіге түсті, айдаладағы өлімтікке қонған құзғындай жұлмалай берді. Момынтай соққының күштілігінен шамасы келмей талықсып кетті. Бай да ұрудан шаршап, аң қуған иттей еңтігіп, жынданғандай аузы көпіріп үйіне қарай аяңдады» [5; 242].

Өлшеулі ғұмырдың төрт жылын қозы бағумен өткізген Момынтай қозыға мінемін деп, бай атасынан талай таяқ жейді. Ащы таяқ балауыздай жұмсақ етіне тигенде енді қозыға мінбеспін дегенімен, ұмытшақ жас жүрегі таяқты сынғанша жегізеді де.

Жазылу мерзімі жағынан бұл әңгіме М.Әуезовтің «Жетім» әңгімесімен қатар. Екеуі де 1925 жылы жарық көрді. Әуезов, Дөнентаев және Кемеңгерұлы әңгімелерінде көрсетілетін бір тақырып, бір шындық, бір тағдыр. Ол — жетім-жесір қорғансыз жандардың сол қоғамдағы теңсіздігі, қорлығы.

Тақырыбы, идеясы бір болғанымен оқиға желісі мен шешімі екі түрлі. Ұқсастық — Қасым, Көркемтай және Момынтайдың өмір тіршілігінде.

Қасым мен Көркемтай — әке-шеше, ата-әже — бәрінен түгел айырылған тұлдыр жетімдер. Момынтай әкеден айырылғанымен, анасының аялы алақанын медеу етеді. Қасымға қарағанда оның сүйеніші де, тірегі де бар. Бірақ үшеуі де дәрменсіз, қорғансыз жандар.

Бір қызығы, аталмыш әңгімелерді үш түрлі қалам иесі туғызанымен, олардағы оқиғалар бірінен екіншісіне жалғасып жатқандай. М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» мен «Жетім» әңгімелеріне арқау болған оқиға басқаларына қарағанда ілгеріректегі жайды көрсетеді. Ғазиза, Қасым және Көркемтайды өлімге итерген — қорлық өмір. Бір мезгілде жазылғанымен, М.Әуезов әңгімесіне кеңеске дейінгі уақиға арқау болса, Қ.Кемеңгерұлы әңгімесінде кеңестен кейінгі жағдай баяндалады. Әуезов, Дөнентаев әңгімелері трагедиялық халмен, яғни кейіпкерлерінің өлімімен, аяқталатын болса, Момынтай анық күреске шыққалы тұр. «Момынтай көр тұрмыстан, қол-аяғын байлаған құлдықтан құтылды, жарық дүниеге шықты, адамшылыққа қадам басты. Келешекте қандай адам болғанын тұрмыс көрсетер» [5; 242]. Жетімге де күн туды. Дарабек секілді ел азаматтары — енді оларға арқа сүйер тауы болмақ. Момынтайды оқуға әкеткен де халықтан шыққан азаматтар. Қасым, Ғазиза және Көркемтай көре алмай кеткен күнге Момынтай жетіп отыр. Әңгімелердің араларында осындай жалғастық бар.

Қаламгерлердің кешкен заманына орай жазушылық мүдделерінің бір болуына қарамастан, Әуезов шындық өмірді боямалаудан саналы түрде бас тартқан тәрізді. Қаламгер туындыларында жаңа өкіметті әспеттеу мүмкіндігі бола тұра, бұл мүмкіндік пайдаланылмаған. Жаңа билік әділеттілігіне деген тамсанушылық, ризашылық сияқты сезім, эмоциялық реңк байқалмайды.

Шығарма кейіпкерлеріне арналған жандардың мұншалықты ұсақталып, жүрек мейірімінен айырылу себебі неде? Жауап тағы біреу. Пендешілік ниеттің үстемдік алуынан, әлсізге күш көрсетуді кәдімгі өмірдің қалыпты ісі, заңы деп таныған пенделердің пасық ой түйінен.

Әлем әдебиетінен нәр алған қазақ жазушылары жоғарыдағы шығармаларында өмір шындығын көркем бейнелеп, Г.Х.Андрсен, Ч.Диккенс, В.Гюго, Джек Лондон, А.М.Горький, А.С.Серафимович сомдаған кейіпкерлерді қазақ арасынан көре білді және көрсете білді. Джек Лондонның тіс жуғыш щеткасын ұстамаған Джонни мен Кемеңгерұлының сабын көрмеген кейіпкері жетім қызды өмірде болмаған, қиялдан туған кейіпкер деп ешкім айта алмас. А.С.Серафимовичтің Васясы мен Андрейкасы көрген азапты тірлікті Кемеңгерұлы кейіпкерлері де бастарынан кешірді. Бұлар ес жиып, етек жапқаннан еңбекке араласты. Васяның Кирилден, Андрейканың Агафон қарттан, Момынтайдың Байтоқ атасынан жеген ащы да ауыр таяқтары олардың көкіректеріне шер болып байланады.

Қазақ жазушылары әлем әдебиетінің озық шеберлерінен көркем шығармаға тән реалистік (шыншылдық) пен халықшылдық үлгіні үйреніп қана қоймай, өз топырақтарында ұлттық бояумен өрнегін салып, ары қарай дамыта түсті. Шығармада Қасым мен Көркемтайға балық аулатып, Момынтайға фабрика, зауыт цехында жұмыс істетсе, балық аулау мен ауыл өнеркәсібі кеш дамыған қазақ халқы үшін қандай тұрпайы болмақ. Сондықтан да М.Әуезов, С.Дөнентаев, Қ.Кемеңгерұлы өзінің шығармаларына қазақ «қазақ» болғалы кәсіп етіп келе жатқан мал шаруашылығын арқау етті. Қасым, Көркемтай, Момынтайлар қой соңында. Әңгіме бірінде атадан келе жатқан «әмеңгерлік» көрініс тапса, екіншісінде қазақ халқының айт мейрамы жан-жақты көркем суреттелген. Бұл әңгімелердің құдіреттілігі — оқиғаларының шынайылығында.

Әдебиеттер тізімі

1. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. — Астана: Күлтегін, 2002. — 247-б.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. — 1-т. — Алматы: Жазушы, 1979. — 456 б.
3. Ерғөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. — 2-т. — Астана: Таным, 2003. — 360 б.
4. Дөнентаев С. Шығармалар. — Алматы: Қаз. мемл. көркем әдебиет баспасы, 1957. — 463 б.

5. Кемеңгерұлы Қ. Үш томдық шығармалар жинағы. — 1, 2-т. — Алматы: Алаш, 2005. — 320 б.
6. Виктор Гюго. Собрание сочинений: В 7 т. — Т. 3. Отверженные: Роман. — Ч. 2: Козетта; Ч. 3: Мариус. — М.: Моск. рабочий, 1994. — 397 с.

ӘОЖ 82.0

Қазақтың би-шешендерінің асыл мұрасы

Әбілқасов Ғ.М.

Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті

Казахские бии-ораторы веками формировали основу усвоения поколением культуры речи. По существу, ораторские речи — благородное наследие, порожденное народными мудростями, бесценное богатство народа. В статье рассмотрена художественная специфика наследия биев-ораторов, всесторонне анализируется художественно-эстетическая природа этого направления в искусстве слова. Наряду с культурой речи, развитием речи деятельность биев-ораторов (предводителей) стала зеркалом степной демократии в решении народных проблем.

The Kazakh bi-speakers have been forming the fundamentals of leaning the culture of speech by the generation for ages. In fact, speakers' speeches are the noble inheritance, born by the folk wisdom, the invaluable wealth of the nation. In the article there is considered specificity of bi-speakers inheritance, making the noble trend in the Kazakh nation speaking mastership. There is considered on the whole the artistic-aesthetic nature of the noble trend in speaking art. Alongside with the culture of speech there is analyzed bi-speakers' activities who became a mirror of the steppe democracy (leaders) in solving the nation problems.

«Өнер алды — қызыл тіл», — деп білген халқымыз ежелден сөз өнерін қадірлеген. Мұралардың ең қымбаты, асылы — сөз өнері. Қазақ халқы қымбат сөздің, киелі сөздің құдіретіне бас иген. Сөз өнерінен аяулы, ардақты өнер жоқ, өйткені ол — ұлтымыздың ақыл-ойы, ар-ожданы, абыройы.

Сөз өнерінің негізін, әрине, сөз түзеді. Қазақтың киелі де, қасиетті шешендік өнері «бар өнердің биігі» ретінде саналған. Оған тағы да бір дәлел «Қазақ халқы сөз өнерін жоғары бағалаған. Ол өнердің ұшар биігі де, қоңыр жайсаңы да — біздің қазіргі өміріміз деп білем», — деп жазады ғалым М.Б.Балақаев [1] «Қазақ әдеби тілі» атты еңбегінде.

Шешендік сөздер — мән-мағынасы терең тәрбиелік мәні зор, құнды дүние. Ең алдымен, шешендердің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралған, халық жадында сақталған.

Шешендік сөздер деп қазақ халқының өмірінде арғы-бергі кезеңдерде ғұмыр кешкен белгілі бір тарихи тұлғалар есімдеріне байланысты айтылатын өнегелік мағына-мазмұны терең сөздерді айтады. Шешендік сөздер өскелең ұрпақты ақылдылыққа, төзімділікке баулып, елді, жерді сүйеге, батырлық пен елдікті, ізгілік-жақсылықты дәріптеп, әділдік үшін күресуге, ел қамын жейтін қамқор азамат болып өсуге тәрбиелейді.

Бүгінгі қоғам бізден әр адамның өз пікірін, өз ой-қарасын орнымен, өз мақсат-мүддесі тұрғысынан жетік жеткізіп, қойылған сұрақ, ой таластарға жауап бере білуді қажет етеді. Пікірлесе алу, ой сала білу, пікір таластыра білу, адамның білімін, білігін, сөз байлығын танытумен бірге қоғамдағы орнын да анықтайды. Қоғамның осындай талаптарына сай сөйлесе білу, пікірлесу мәдениетінің негіздерін үйренуіміз керек.

Сөз шеберлігі — шешен сөйлеу, әдеби-көркем тілде сөйлеу, сондай-ақ түрлі-тілдік амал-тәсілдерді мағыналық, формалық, стильдік сипаттарына сай ұтымды талғап тандай білу. Жастарымыздың, яғни шәкірттеріміздің, сөздік қорын молайтып, әдеби тілде көркем сөйлеуіне басты ықпалымыз шешендік өнер қыр-сырын оқытып, игерте білуіміз керек.

Шешендік сөздің қажеттігі ауызша сөйлеудің аясы кеңейген сайын арта түсуде. Бүгінде шешендік өнердің қолданылатын өрісі кеңіді. Ол қоғамның саяси, әлеуметтік өмірінің барлық саласында идеологиялық тәрбиелік іс-әрекеттердің, оқу-ағартудың, заң мен ғылымның, ел басқару істерінің, яғни, бұқараның ең қажетті құралына айналды.

Ауызша сөйлеу дәстүрін жандандырып, шешендікке үйрету — тіл мәдениетінің басты мәселелерінің бірі. Бұл күнде шешендік сөздің рөлін көтеру — тіл мәдениетін көтерудің бір шарты, өйткені соңғы кездерде топ алдында дұрыс, әсерлі, әсем сөйлеуге жөнді мән берілмей, босансып кеткен жайы бар. Мектеп, колледж, университет қабырғасында «шешендік өнер», «тіл мәдениеті», қазақ тілі сабағында шешендік сөздерді көп насихаттау бүгінгі таңдағы сабақ жүргізіп жүрген оқытушылардың басты міндегі.

Шешендік өнердің жаңғырығы — бұл қоғамдық қажеттілік. Шешендік өнер қашанда халықтың қоғамдық-әлеуметтік өміріне, саяси-экономикалық жағдайларына байланысты дамып, кемелденіп отырған.

Шешендік өнер — өзінің нақты зерттеу нысанасы, белгіленген теориясы, сандаған жылдардан бергі тарихы бар пәндердің бірі. Қолданбалы пәндердің қатарына жататын шешендік өнер кешендік білім жүйесін құрайды. Бұл білім сөйлеу этикасын жетілдіру, тілді әлеуметтік қызметіне қарай жұмсай білу, өз пікірін жеткізу, сендірумен бірге сөз арқылы оқыту, тәрбиелеу мақсаттарын қояды.

Шешендік өнер тек құрғақ білімді жатқа білу емес, оның ерекшелігі де сол кез келген ортаның ыңғайына қарай сөйлеушінің өзін ұстай алуы, дұрыс ойын жеткізе алу десек, айтылған шарттар практиканы қажет етеді.

Қоғам тарихына көз салсақ, қай халықтың болсын күрделі қоғамдық, мемлекеттік қайраткерлері, қолбасылары, мәмлегерлері, ғалымдары ойға шебер, тілге шешен болғанын байқаймыз. Әр қоғамның өзіне лайықты қарым-қатынасы қалыптасатыны сияқты ойлау, сөйлеу мәдениеті, озық ойлы, шебер тілді адамдары да болғаны даусыз [2].

Шешендік өнер ғылым ретінде біздің жыл санауымыздан бес-алты ғасыр бұрын шығып қалыптасқан. Шешендік өнерді ғылыми тілде риторика дейді. Римдіктер сөз зергерлерін төрт топқа жүйелеген, олар: шешендер, философтар, ақындар, тарихшылар. Мысыр, Вавилон, Ассирия, Қытай, Үндістан елдерінде шешендік өнер айырықша дамыған. Осынау өнердің үзілмес тарихы көне Грекиядан басталады. Шешендер тек шешендік өнерлермен ғана танылып қоймай, әрі би, әрі қолбасшы, әрі батыр, әрі жырау, әрі философ бола білген.

Қазақ би-шешендері сөз өнерін барлық өнерден жоғары қойып, «Өнер алды — қызыл тіл», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ», «Тілдің майын тамызып, сөздің балын ағызып, хас шешендер сөз табар», «Тілі мірдің оғындай» сияқты көптеген қанатты сөздер мен мақал-мәтелдерді, сөз оралымдарымен тұрақты теңеулерді тілдік қолданысқа кеңінен енгізіп, келер ұрпаққа шешендік өнердің мол асыл мұрасын қалдырды [3; 25].

Қазақ халқы шешендік өнерді, оны иеленуші адамды ерекше құрмет тұтқан. Шешендіктің арнайы мектебі дегенді білмеген қазақ даласында «би» мен «шешен» атанудың жазылмаған өзіндік қағидалары мен ережелері болған. Мәселен, «би шешен» дегендегі «би» сөзінің өзінің беретін мәні, атқаратын қызметі ерекше болған.

«Би» атанған адам қандай болуы шарт? Би сайланбалы қызмет емес, ел ақсақалдарының ұйғарымы, өзара келісімі мен шешімі бойынша елдің салт-дәстүрін білетін, шежіреден хабары бар, аузы дуалы, шаруасы түзу, ата тегі белгілі және елге беделді, сыйлы адам болған; би жас ерекшелігіне бағынбайтын қызмет.

Ертедегі ділмәр шешендердің көсем де, шешен сөздері кім туралы, кімге, не мақсатпен айтылғаны әр түрлі жағдайларда жүзеге асқан. Би-шешендердің құнды ойлары тегіннен тегін айтыла салмаған, орынды жерде, белгілі бір мақсатта жүйелі қолданыс тапқан. Мәселен, келелі мәселелер үлкен жиын-топтарды, тіпті отбасы, ошақ қасын да қамтыған. Онда тез арада шешімін табуы тиіс мәселелер дидактикалық ақыл-өсиетке толы философиялық ой-түйіндер де молынан кездеседі.

Қазақтың би-шешендері ғасырлар бойы ұрпақтарды сөйлеу мәдениетін игеруге қалыптастырды [3; 26]. Шешендік сөздер, негізінде, халық даналығынан туған асыл мұра, халықтың асыл қазынасы. Мазмұны халықтың бастан кешірген өмірін, арманы мен қиялын көрсетеді. Өмірге, дүниеге көзқарасын, ой-өрісін бейнелейді. Халық өзінің қиялдаған арманына қашан да жетемін деген сенімнен айрылмаған. Өмірдің сан алуан құбылыстарды бір-бірімен теңеп, салыстырып, болашағын болжап, қиялдап сөйлеген сөздер табысқа, жеңіске жетуге құлшындырып, рухтандырып отырған, қуаныш үстінде дем берушілік, реніш тұсында жұбатушылық қызмет атқарған.

Би — дау-жанжалға билік айтушы білікті адам. Би халықтың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін жақсы білумен бірге сөз таласында шешендігімен, даулы істі қарауда тапқырлығымен дараланып, ел ішінде белгілі жан болған.

Билер билік шығару, ол биліктердің орындалу әдістерін белгілеуде тең құқықтарын пайдаланған. Олар кіші, орта және ішкі орда хандарының кеңес құрамына кіріп, хандар саясатына елеулі ықпал жасаған. Ел ішінде «Билер соты» деген Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарына дейін болды.

Қазақтың тұңғыш биі атанған Майқы би — ұлттық, шешендік өнеріміздің атасы. Халқымыздың аңыз-әңгімелері бойынша, Майқы әділ бітім айтып, шешім шығарған парасатты, ақылды би болған. Майқы халқына адал болып, оның бейбіт өмірін жақтаған адам. «Түгел сөздің түбі — бір, түп атасы — Майқы би» деген халық даналығы осыдан шыққан. Семей жеріндегі Шыңғыстауда Шыңғыс ханды ақ киізге көтеріп хан сайлағанда Майқы би батасын берген:

*Тұлпардан тұлпар туады,
Сұңқардан сұңқар туады.
Асылдан асыл туады,
Масылдан мал бақпас туады,
Тілазардан қылжақпас туады.
Таздан жарғақпас туады,
Сараңнан бермес туады,
Соқырдан көрмес туады.
Мылжыңнан езбе туады.
Қыдырмадан кезбе туады.*

Майқы бидің ұлы дарыны оны елдің сөз ұстаған ұлағатты биік мәртебеге көтерді. Оның көп тебіреністері қоғам дамуына, ел тірлігіне арналады. Ел мүддесі, мемлекеттік бірлік пен береке туралы Майқы би өз толғамдарымен ұрпаққа өшпес өсиет сөз қалдырды. Қазақтың тұңғыш ғалымы Шоқан Уәлиханов «Ұлы қырғыз-қайсақ ордасының аңыз, әпсаналары» атты еңбегінде Майқы би туралы толымды түсінік берген. Шоканның тарихи тұжырымын Абай жазған сөздермен байланыстырса, Майқы бидің елдік, мемлекеттік рухының ғылыми байыбы дәйектеле түседі.

*Береке түбі — бірлік,
Бірлік түбі — тірлік,
Жеңіс түбі — ерлік!*

Майқы би айтқан ой талай-талай ғасырлардан бері қазақ халқының, түркі жұртының дәстүрлі қағидасы, аталы сөзі болып келеді.

Қазақ ауыз әдебиетінде Төле би туралы аңыз-әңгімелер, шешендік сөздер көп. Солардың көпшілігінде Төле ақылды, әділ, шешен және халық қамын ойлаған қайраткер бейнесінде суреттеледі. Шынында да, Төле XVII–XVIII ғасырларда өмір сүрген, өз заманының ақылды, білімді, парасатты азаматы болған. Төле бидің туған әкесі — Әлібек. Дәстүр бойынша Төлені халық «Үйсін Төле би» деп атаған. Атадан балаға ауысып айтылып келе жатқан аңыз бойынша, Төле орта бойлы, сымбатты, нұрлы кісі болған, Әулиеата (қазіргі Жамбыл) төңірегінде туған, кейін көбінесе Ташкент төңірегінде Жиделібайсын жерінде, Сырдың бойында көшіп жүрген. Көп тұрған жері — Шыназ (ескі Ташкент), сол жерде қайтыс болған. Төле көп жасаған адам. Оған дәлел, Ұлы жүз Төле би мен Кіші жүз Әйтеке би бірігіп, Орта жүзден Қасқа көл деген көлді даулайды, бірақ Орта жүздің бас биі Орманбет оларға:

*Екі би, айтқан сөзің жарасады,
Еншіге әркімдер-ақ таласады...
Қасқа көл Орта жүздің көлі еді ғой,
Айтқандарың қиянатқа жанасады, —*

деп көлді бермейді. Кейін Орманбеттің анасы көндіріп, көлді үш жүздің рулары бірге жайлайтын болып келіседі. Сонда Төле би Орманбеттің шешесіне разы болып былай депті:

*Қасқа көлді алам деп келіп едім,
Орманбет бермеген соң өліп едім.
Жетпіс жаста айтқаным жерде қалып,
Мәңгіге тірілместей болып едім... [4].*

Төле — Тәуке ханның жеті жарғы, бас биінің бірі. Өз Тәуке тұсында Қазақ хандығының ішкі және сыртқы жағдайының бірсыдырғы нығайғаны белгілі.

Шу өзенінің Балқашқа жақын жайылымына бұдан көп бұрын үйсін мен арғын тайпаларының белді бектері таласыпты. Екі жақтың да билері бас қосып, кеңесіп, бәтуаласа алмай отырғанда, топқа еріп келген он бес жасар Төле билік айтушылардың бірде-біріне көңілі толмай:

*Ақты ақ деп бағалар,
О, игі жақсы ағалар!
Өзегі талса ел біткен
Өзен бойын жағалар, —*

деп сөз бастай бергенінде: «Ата тұрып, ұл сөйлегеннен без, ана тұрып, қыз сөйлегеннен без», — деуші еді. Мына бала кім өзі?», — дейді төрдегі би. Төле қасқая қарап тұрып:

*— О, би аға, он үште отау иесі демес пе,
Кінәлімін бе келіп қалсам он беске!
Сөз сөйледім, бұйыра көрмеңіз айыпқа,
Ала көз болу ағайын адамға лайық па?
О, игі асқар тауымыз,
Әділ ме осы дауымыз?
Жар астында тұрғанда
Жасырынып жауымыз? —*

дейді. Сонда төрдегі би:

*— Қой асығы демендер,
Қолыңа жақса, сақа қой.
Жасы кіші демендер,
Ақылы асса, аға ғой, —*

деген екен.

— Балам, ағалық билікті саған бердім, — дейді. Бала Төле жұлып алғандай:

— Сары табақтан сарқыт қайтады деген. Билікті маған берсеңіз, Шу өзенінің оң жағын үйсін, сол жағын арғын жайласын, — деп билік айтады. Бұл шешімге екі жақ та риза болып, бітімге келеді. Сонда төрдегі би:

*— Үй баласы ма деп едім,
Ел баласы екенсің.
Ай маңдайлы арысым,
Талабың алдан өтелсін.
Ауылыңның таңы бол,
Маңдайдағы бағы бол! —*

деп, бала Төлеге бата берген екен. Осыдан бастап Төленің аты шығып, ел арасындағы дау-жанжал келіссөзге араласып, билік айта бастапты.

Қазыбек есімі халыққа қазақ пен қалмақ арасындағы шапқыншылық кезінде екі елдің арасына бітімші, бүтінші болған батыл елші, парасатты мәмлегер ретінде мәлім. Халық аңызына қарағанда, Қазыбек (он төрт жасында делінеді) Тайкелтір би бастаған қазақ елшілерінің құрамында қалмақ ханы Қоңтәжіге барып, батылдығымен әрі сөзге шешендігімен ерекше көзге түскен. Қазыбектің табандылығы мен тапқырлығының арқасында ғана осы сапарда қазақ елшілері теңдікке жетіп, қалмақ шапқыншылары байлап әкеткен адамдарын, айдап әкеткен малдарын қайырып алып қайтады. Осы жолы Қазыбек «Қаз дауысты Қазыбек» деген құрметті атаққа ие болады. Қаз дауысты Қазыбектің бұл елшілік еңбегін Шоқан Уәлиханов та естіген. Ол «XVIII ғасырдың батырлары туралы тарихи аңыздар» дейтін мақаласында былай дейді: «Үш жүздің батырларынан сіз кімді артық көресіз?» деп Абылайдан сұрағанда, ол былай деп жауап беріпті: «Бізге дейінгі екі кісіге таң қалуға болады. Олар

тоқсан туысын тұтқыннан құтқарып алған Қаракесек Қазыбек және тағы да сондай өзінің тұтқында кеткен адамдарын босатып алған Уақ Дербісәлі. Біріншісі Қалданның өз алдына барып босатып алған, ал соңғысы өз ауылында жатып дұшпанын қорқытып алдырған».

Қазыбек биге бір адам: «Кім жақын, не қымбат?» деген сұраққа жауап беріңізші», — деп қиылып отырып алыпты. Сонда Қазыбек былай деп жауап қайтарған екен:

*Тату болса, ағайын жақын,
Ақылшы болса, апайың жақын.
Бауырмал болса, інің жақын,
Инабатты боса, келінің жақын.
Алдыңа тартқан адал асын,
Қимас жақын — қарындасың.
Сыбайлас болса, нағашың жақын,
Адал болса, досың жақын.
Еркелейтін немерең жақын,
Өз ұрпағың — шөберең жақын.
Жан серігің жас кезіңнен,
Бәрінен де әйелің жақын.*

* * *

*Алтын ұяң — Отан қымбат,
Құт берекең — атаң қымбат.
Аймалайтын анаң қымбат,
Мейірімді апаң қымбат.
Асқар тауың — әкең қымбат.
Туып өскен елің қымбат,
Кіндік кескен жерің қымбат.
Ұят пенен ар қымбат,
Өзің сүйген жар қымбат.*

Артына аталы сөзі қалаған, есімі ел жадында сақталған қазақ шешендерінің бірі — Әйтеке. Шоқан Уәлиханов белгілі билердің бірі ретінде Әйтекенің есімін Төле бимен қатар атайды.

Қазақ руларының басын біріктіріп бір орталыққа бағындырған және туысқан қазақ, қарақалпақ, қырғыз халықтарын одақтастырып жоңғар-қалмақ шапқыншылығына қарсы бірыңғай халық майданын құрған Тәуке ханның кеңесші, көмекшілерінің бірі Әйтеке болған. Сайып келгенде, Әйтеке шешендігімен бірге кезінде ел басқарған, заң жасасқан, феодалдық қазақ мемлекетін құрысып, нығайтуға үлес қосқан қоғам қайраткері.

Әйтекенің есімі елге ең алдымен тілмар шешендігімен, тапқыр билігімен мәлім. Бір аңызда Төле би мен Қаз дауысты Қазыбек ертеректе өлген бір кісінің құнын даулап Кіші жүзге келеді, дау бірнеше күнге созылып, екі жақ келісе алмайды. Бір күні есік жақта отырған бір жігіт:

*Асқар тау, сенде бір мін бар — асу бермейсің,
Тасқын су, сенде бір мін бар — өткел бермейсің.
Билер, сендерде бір мін бар — басқаға сөз бермейсің! —*

деп тұрып кетеді.

- Шақырышы анау қара жігітті, — дейді Қазыбек. Жігітті шақырып келген соң:
- Шырағым, қай баласың, аты-жөнің кім? — дейді билер:

*Әкемді сұрасаңыз — жетесіз,
Шешемді сұрасаңыз — некесіз.
Туа салған бір баламын,
Тегімді сұрап нетесіз? — дейді жігіт.*

- Балам, сөзің жетті, енді төрелігін айтып осы дауға өзің ие бола ғой! —

дейді Төле би. Сонда қара жігіт түрегеп тұрып:

— *Алты атасын арқалап жүргенді сіздерден көрдім, жеті атасын жетектеп жүргенді сізден көрдім. Ескіріп кеткен дау екен! Бірақ құр қайтсаңыздар, ағалық назаларыңа қалармын. Ердің құны жүз қара қой. Кіші жүз санын жүзге толтырып тайыниша-торпақ берсін, соған разы болыңдар!* — дейді.

Екі жағы да осы төрелікке тоқтап, разыласып тарайды. Бұл — Әйтекенің жас жігіт шағында айтқан бір төрелігі екен [5].

Енді бір аңызда аулына келіп отырған Төле би мен Қазыбек Әйтеке баладан: «Жігіттің жақсысы кандай болады?» — деп сұрапты.

— *Дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген,* — дейді Әйтеке.

Ұлы жүздің жігітіне атастырып қойған Орта жүздің бір қызы өз елінің бір жігітімен қашып кетеді. Соған байланысты Ұлы жүз жағының жігіттері Орта жүз ауылдарынан барымталап жылқы айдап алады. Ақыры Ұлы жүздің биі Төле мен Орта жүздің биі Қазыбек айтысады:

*Аға болып алдымен туасың,
Алдымнан жылқымды неге қуасың? —*

— дейді Қаз дауысты Қазыбек би.

*Артымнан ерген еркемсің,
Ағаңның көзі тірісінде
Жеңгеңді неге ертесің? —*

дейді Төле би ашуланып. Сонда екі жағының да сөзін тыңдап отырған Әйтеке би былай депті:

— *Сабыр етіңдер, билер! Ашу бар жерде ақыл тұрмайды.*

*Ашу деген ағын су,
Алдын аңсаң арқырар.
Ақыл деген дария,
Алдын тоссаң тоқырар.
Кісі бірге туыспау керек,
Туысқан соң сөз қуыспау керек.
Сөз қуған пәлеге жолығады,
Жол қуған олжаға жолығады.
Төле, сен жылқыны қайыр,
Қазыбек, сен жесірін қайыр!*

Әйтекенің төрелігін екі жағы да қабыл алып, ауысқан адамын, малдарын біріне-бірі қайтарып, ел арасы тыныш болыпты-мыс.

Жер дауына байланысты Орта жүзде Орманбет биге айтқан бір сөзінде Әйтеке: «Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң жауға найзаң тисін, бай болып елге пайдаң тимесе, батыр болып жауға найзаң тимесе, елден бөтен үйің күйсін», — деген.

*Суалмайтын суат жоқ,
Тартылмайтын бұлақ жоқ.
Тамыры суда тұрса да,
Уақтысы жеткенде,
Құрамайтын құрақ жоқ.
Дүние деген фәни бұл,
Баласы жоқта мият жоқ.
Бәрінен қиын сол екен,
Артында жанған шырақ жоқ... —*

деп, Әйтеке атынан айтылатын нақыл сөз де оның ойы терең, өмірден білген-түйгені мол өз заманының ақылгөйі екенін аңғартады. Қазақ би-шешендерінің елді басқарушылығы, қазылық-

төрешілік, батагөйлігі, халықтарды біріктіруші-бітімгершілігі, тағы басқа сан салалы әлеуметтік қызметі арқылы сөз өнерінің мемлекеттік қолданысы қалыптасқан. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеде қолданылуының Қазақ хандығы дәуіріндегі нығаюы да осы би-шешендер қызметінің мемлекеттік-құқықтық мәртебеде қолданылуымен, әсіресе Әз-Тәуке ханның тұсындағы би-шешендерге мемлекеттік билік берген тұста айрықша нығайды.

Би-шешендердің сөздері — халықтық тәлім-тәрбие құралы. Қазақ халқының отбасылық ортасынан бастап, ауыл-аймақпен, байтақ атамекендегі ағайын-туыстармен, көпшілікпен қарым-қатынас жасау мәдениетінің адамгершілік асыл қасиеттер аясында қалыптасуында би-шешендер сөздерінің ықпалы зор болды. Ата-ананы, аға-ініні, бірге туысқан үлкенді-кішілі қыздарды, жеңгені, келінді, нағашыны, жиенді, қайын жұртты, көршіні, ауылы аралас ағайынды, қандас халықтарды, бүкіл адамзатты — бәрін де құрметтеу мәселелері би-шешендер сөздерінде қамтылған.

Әдебиеттер тізімі

1. Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. — Алматы: ДАЙК ПРЕСС, 2007. — 289-б.
2. Адамбаев Б. Қазақ шешендері. — Алматы: Білім, 2008. — 7-б.
3. Смағұлова Г., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы. — Алматы: Арыс, 2008.
4. Кәкішев Т. Билер сөзі. — Алматы: Қазақ ун-ті баспасы, 1992. — 11-б.
5. Қосымов Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. — Алматы: Білім, 2003. — 55-б.

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

ӘОЖ 81

Оқыту әдістері және олардың қазақ әдебиетін оқытуда қолданылу ерекшеліктері

Рүстемова Ж.А.¹, Медеубаева М.Қ.²

¹Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті;

²№ 18 жалпы білім беретін орта мектеп, Қарағанды

В статье всесторонне рассмотрены методы преподавания, а также особенности их использования в практике преподавания казахской литературы в школе. Особое внимание авторами уделено определению сходств и различий используемых в педагогической литературе терминов «метод преподавания», «прием преподавания» и «способ преподавания». Описание предложенных в статье методов осуществлено на основе типологии уроков казахской литературы, разработанной К. Битибаевой.

The article is devoted to the questions of methods of teaching, and also are comprehensively considered features of their use in practice of teaching of the Kazakh literature at school. The special attention in the article is given to definition of similarities and distinctions of terms used in the pedagogical literature such as «a method of teaching», «a use of teaching», and «a way of teaching». The description of the methods offered in it is carried out on the basis of typology of lessons of the Kazakh literature developed by K. Bitibaeva.

Педагогикалық әдебиеттерде «оқыту әдісі», «оқыту тәсілі», «оқыту амалы» деген тіркесті термин сөздер қолданылады. Бұл сөз тіркестері бірінің орнын бірі басатындай көрінгенімен мағыналық және қолданыс жағынан бөлекше. «Оқыту әдісінің» «оқыту тәсіліне» жақын болатын себебі, педагогика еңбектерінде оқыту әдісі оқыту тәсілі деп түсіндіріледі. Мәселен, «[...] оқыту әдістері бұл мұғалім мен оқушылардың оқу-тәрбие жұмысының міндеттерін ойдағыдай шешуге бағытталған өзара байланысты іс-әрекетінің тәсілдері» [1; 263]. Тәсіл — оқу міндеттерін шешуге бағытталған амалдардың жиынтығы. «Оқытушы сабақ барысында нақты тақырыпты түсіндіру үшін көрнекі құралдарды, аудиоматериалдарды, түрлі ойын үлгілерін жүйелі түрде қолданса, бұны оқытушының өзіндік әдістемелік тәсілдері деп атауға болады» [2; 10].

Оқыту процесінде әдіс кейде тәсілге, ал тәсіл оқыту әдісіне айналады. Мысалы, баяндау әдісін қолданған мұғалім сабақта суреттер көрсететін болса, ол суреттерді көрсету тәсілге жатады. Егер сабақта оқушылар суреттер негізінде білім алатын болса, онда суреттерді көрсету әдіске, ал баяндау тәсілге айналады. Оқушылар өз беттерімен лабораториялық жұмыс орындайтын болса, лабораториялық әдіс қолданылады. Мұғалім лабораториялық әдіске әңгіме элементтерін кіріктіретін болса, әңгіме тәсіл ретінде пайдаланылады. Демек, оқыту тәсілі оқыту әдісінің элементі болып табылады. Тәсіл әдістің жүзеге асуына көмектеседі.

Оқыту амалы дегеніміз не? Оқыту амалы да — әдістемедегі негізгі саты. Амал оқыту әдісінің жекелеген элементтерін құрайды. Оқыту амалына сабақ жоспарын хабарлау, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, оқу материалын түсіндіру, талдау, мұғалімнің оқушыға тапсырма беруі, оның білімін тексеруі жатады. «Әр оқытушының сабақты түсіндірудегі, яғни, суреттеп, салыстырып, баяндап, қорытып берудегі, әрбір үйренушінің білімін тексерудегі амалы әр түрлі болуы мүмкін. Айталық, белгілі бір тақырыпты түсіндіру үшін оқытушы портреттерді пайдалана отырып, рөлдік ойынның бірін ұйымдастырса, бұны амал деп санауға болады» [2; 10]. Сондай-ақ оқушыларға ой салуға,

киялын ұштауға, зейінін тәрбиелеуге, сезімдеріне әсер етуге, сабақ үстінде оқушылар арасындағы қарым-қатынасты басқаруға және сабақ тақырыбына қатысты проблемалық жағдаят туғызуға көмектесетін амал түрлері бар. Сонымен, амал оқыту әдісінің жүзеге асуына көмектеседі.

Әдіс «методос» — *зерттеу*, немесе *таным жолы*, деген грек сөзінен шыққан. Осыған орай «әдіс» ұғымының мағынасы да кең. Әдіснамалық мағынада әдіс — таным құралы. Жалпы дидактикалық және әдістемелік мағынада оқыту әдісі дегенді білдіреді.

«Оқыту процесінде мынандай екі түрлі қызмет жүзеге асады. Бірінші мәселе — мұғалім оқытуы, екінші мәселе — оқушының оқуы. Мұғалім мен оқушының осы арақатынасы, әр түрлі оқу қызметтері оқыту әдістеріне жатады. Мысалы, мұғалімнің әңгімелесуі — әңгіме әдісі немесе кітаппен жүргізетін жұмыс түрлері — кітаппен жұмыс әдісі, оқушының жауап беруі оқушы білімін тексеру әдісі деп аталады» [3; 11]. Демек, оқыту әдістерінің басты қызметі — оқыту және оқу, ынталандыру және ынталану, дамыту және даму, тәрбиелеу және тәрбиеге көну, ұйымдастыру және ұйымдасу. Оқытатын, ынталандыратын, дамытатын, тәрбиелейтін, ұйымдастыратын — оқытушы. Ал, оқитын, ынталанатын, дамитын, тәрбиеге көнетін, ұйымдасатын — оқушы. Екі жақтың, яғни мұғалім мен оқушының, ынтасы болған жағдайда ғана оқыту әдістері нәтижелі болмақ. «Оқыту әдістерін» біз кейде «оқу әдістері» дейміз. Оның себебін оқу процесіндегі осы екі жақтық қызметтің болуымен және оқушылардың танымдық іс-әрекетімен түсіндіреміз.

Оқушылардың танымдық іс-әрекетіне байланысты оқыту әдістері әр түрлі болып келеді. «[...] өйткені оқытуда ең бастысы — оқушылардың танымдық іс-әрекеті» [1; 264]. Психология еңбектерінде адамның танымдық іс-әрекетінің репродуктивті, продуктивті және шығармашылық деп аталатын үш түрі аталады. Репродуктивті іс-әрекет бойынша пән мұғалімі оқу материалын түсіндіреді және тапсырманы орындаудың жолдарын көрсетеді. «Дидактикалық көзқараста бұл әрекет бұрынғы өтілген материалдың бірнеше қайталануы, әр түрлі жаттығулар мен тапсырмалар орындау арқылы іске асады» [4].

Продуктивті іс-әрекет кезінде оқушылар жаңа білімді өз бетімен алуға тырысады.

Шығармашылық іс-әрекеттің мақсаты — істің кенеттен шешілу жолдарын табу. «...оқушылардың әр түрлі шығармашылық оқыту іс-әрекетінде мұғалім проблемалық ситуация туғызады, жаңа білімді игеруде оқушылардың ойлау, ізденіс іс-әрекетіне, олардың оқыту проблемасын өз бетімен немесе ұжымдасып шешуіне басшылық етеді» [1; 231].

Оқыту әдістерін жүйелеуде ғалымдар арасында бірыңғай көзқарас жоқ. «Біздің байқауымызша, оқыту әдістерін жіктеуді әрбір автор өзінше дәлелдейді. Мысалы, кейбіреулер оқыту әдістері жіктеудің негізгі етіп білім көзін, екінші біреулер дидактикалық міндеттерді, ал, қайсыбіреулер оқушылардың танымдық іс-әрекетін негізге алады т.б. Екіншіден, оқыту әдістері мен тәсілдерінің шекарасы жылжымалы болады деп жоғарыда айтылған. Сондықтан оқыту процесінде кейде әдіс тәсілге, ал тәсіл әдіске ауысып отырады. Үшіншіден, бір әдіс әр түрлі дидактикалық мақсаттарға қызмет етеді. Мысалы, әңгіме әдісі жаңа білімді меңгеру, білімді, іскерлікті дағдыны тексеру, дидактикалық міндеттерін шешуде қолданылады» [1; 274].

Орыс әдістемешілері Е.Я.Голант, С.Г.Шаповаленко, Н.М.Верзилин білім көзін негізге ала отырып, оқыту әдістерін сөздік әдіс, көрнекілік әдіс және практикалық әдіс деп үшке бөліп қарастыруды ұсынады. Сөздік әдіске әңгімелеу, әңгіме, түсіну, лекция, кітаппен жұмыс, көрнекілік әдіске демонстрация, иллюстрация, бақылау әдістері, практикалық әдіске лабораториялық жұмыс, практикалық жұмыс, графикалық жұмыс, графикалық жұмыс және әр түрлі жаттығулар жатқызылады. «Сөздік, көрнекілік және практикалық әдістер оқыту процесін ұйымдастыруда зор роль атқарады. Бірақ оқыту әдістерін жіктеудің мұндай жүйесі оқушылардың танымдық іс-әрекетін толық бейнелемейді» [1; 270].

Дидактикалық мақсат-міндеттерге орай И.А.Данилов, Б.П.Есипов әдіс түрлерін жаңа білімді меңгеру, іскерлік пен дағдыны қалыптастыру, білімді қолдану, білімді бекіту, шығармашылық іс-әрекетті дамыту, білімді тексеру және бағалау әдістері деп қарастырады.

М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер оқушылардың танымдық немесе логикалық ойлау іс-әрекетін негіз ете отырып, оқыту әдістерін түсіндірмелі-иллюстративті, репродуктивті, проблемалық баяндау, эвристикалық және зерттеу әдістері деп бөледі.

Ю.К.Бабанский оқыту әдістерін Е.Я.Голант, С.Г.Шаповаленко, Н.М.Верзилин, И.А.Данилов, Б.П.Есипов, М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, тағы басқа әдістемешілердің классификацияларына сүйене отырып, кешенді түрде төмендегідей үш топқа бөледі:

1) оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және іске асыру әдістері;

2) оқу-танымдық іс-әрекеттің ынталандыру әдістері;

3) оқу-танымдық іс-әрекеттің тиімділігін бақылау және өзін-өзі бақылау әдістері.

Оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және іске асыру әдістеріне сөздік әдістерін (әңгіме, әңгімелеу, лекция), көрнекілік әдістерін (иллюстрация, демонстрация, оқу теледидары), практикалық әдістерді (жазба жаттығулары, лабораториялық, практикалық жұмыстар, тәжірибе және бақылау т.б.), индуктивті және дедуктивті әдістер, репродуктивті, проблемалы ішінара іздену әдістері, өз бетінше жұмыс істеу әдістері жатады. Әдіскер Қ.Бітібаева оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және іске асыру әдістерін «Қазақ әдебиеті» пәні ерекшелігіне орай жүйелейді. «Әр топ бірнеше оқыту әдістерінен тұрады. Мысалы, 1-топтағы оқыту әдістеріне: сөздік (әңгіме, дәріс, пікірлесу), көрнекілік (иллюстрация, портрет, суреттеу, мүсіндеу), практикалық (поэтикалық талдау, көркем мәтінмен жұмыстар) әдістер жатады. Сондай-ақ репродуктивтік, эвристикалық әдістерді де осы топқа жатқызуға болады» [3; 12].

Ә.Қоңыратбаев өзінің «4–7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы» әдістемелік құралында оқытудың түсіндірмелі оқу әдісі, баяндау әдісі, әңгіме әдісі, эксперимент әдісі, көрнекілік әдісі деген түрлерін баяндай отырып, сабақ жүйесіндегі кейбір жаңашыл ізденістерге тоқталады. Байқап отырсақ, Ю.К.Бабанский ұсынған әдістерден әңгіме, әңгімелеу (*түсіндірмелі оқу әдісі*), көрнекілік, тәжірибе және бақылау (*эксперимент әдісі*) әдістері аталған. Бірақ әдіскерлердің әдіс мазмұнына қатысты ұғым-түсініктері кейде әрқилы болады. Кейде бірдей, ал олардың атауына байланысты байламдары жеке-жеке болуы мүмкін.

Мәселен, Ә.Қоңыратбаев Қ.Бітібаева атаған «көркем мәтінмен жұмыс әдісін» әңгіме әдісіне, «дәріс әдісін» «баяндау әдісіне» жатқызады. «Әңгіме әдісі бойынша оқушылар көркем сөздің мазмұны (айту, оқу, жазу), тақырыбы, идеясы, образдары, тілі, композициясы жөнінде де өз түсініктерін айта білерліктей бағытта жұмыс істеуі тиіс» десе [5; 13], баяндау әдісі жөнінде «Бұл әдіс IV–VII кластарда мұғалім сөзі (кіріспе сабақ), VIII–X кластарда лекция түрінде қолданылады. Лекцияның өзара бөлінген жоспары болады. Мұғалім оқушыларды әуелі лекцияның мақсатымен таныстырып алып, соның бөлімдерін ретімен айтады, тақтаға фактілер мен даталарды жазады. Оны оқушылар көшіріп алған соң, екінші, үшінші, бесінші буындарға көшеді. Көп жағдайда лекция жоспары көрнекі құралға негізделеді. Лекцияның жалқы және жалпы қорытындылары болмақ. Кіріспе сөз бен лекция (өмірбаян, творчестволық жолы т.б.) сабақтың негізгі буыны емес, соған кірер есік ғана. Алайда шығарманы оқып-талдауда лекцияның көмегі бар» [5; 12].

Ә.Қоңыратбаев түсіндірмелі оқу әдісін бастауыш мектеп оқуымен түсіндірсе, эксперимент әдісін бірнеше сағатқа құрылған көлемді мәтіндерді оқытуда тіркескен сабақ үлгілерін өткізумен байланыстырады. Бірақ түсіндірмелі оқуды бір ғана бастауыш мектеп методикасы деп түсінуге болмайтындығын, оның барлық пәнге қолданылуы мүмкін екендігін ескертеді. «Өйткені пәнді түсіндірмей үйрету мүмкін емес», — деп есептейді. «Алайда алғашқы текст түсінік тасасында қалар болса, ол баланы көркем текстен алыстатады», — деп тағы да пән мұғалімін сақтандырады. Сондықтан әр сабақта, тіркескен сабақ тұсында да түрлі әдісті, атап айтсақ, түсіндірмелі әдісті, баяндау әдісін, әңгіме әдісін, көрнекілік әдісін ұштастыру қажеттігін алға тартады.

Көрнекілік әдісі болса, сабақтың оқыту, түсіндіру, жаттықтыру, үйрету, оқушылардың өздік жұмысы тұстарында қолданылатын көмекші тәсіл болып табылады. Мәселен, мұғалім сөзі, көрнекілік тәсіл ретінде сурет, хронологиялық кесте, схема, стенд, карта көрсету, қазіргі уақытта интерактивті тақта мүмкіндіктерін пайдалану түрінде көрінеді. Көрнекілік тәсілінің көрнекілік әдісі ретінде де қызметі болатындығын біз жоғарыда айтып өттік. Көрнекіліктің бір ғана лекция әдісіне ғана емес, барлық әдіс түрлеріне қатысы бар. Бұндай жағдайда көмекші тәсіл ретінде пайдаланылады.

Көрнекілік, сондай-ақ дидактиканың басты шарттарының бірі болып табылады. Оны бүтіннің бөлшекке, бөлшектен бүтінге, жеңілден күрделіге, белгіліден белгісізге қарай оқытудың тәсілі деуге болады. «Көрнекілік әдісі материалды жүйелеп өтуге, білімді дағдыға айналдыруға көмектеседі. Оның негізінде бүтін-бөлшек-бүтін ғана емес, мұғалім-текст-бала дейтін біртұтас үш тезис тұрады. Көрнекілік әдісінің негізі — көркем текст. Көрнекілік әдісінің түпкі мақсаты — қысқа да онай жолмен, тиянақты білім беру» [5; 18].

Ә.Қоңыратбаев сабақты белсендіру, бағдарламалы оқыту, дамыта оқыту, әдістерінің оқыту процесінде орын алып отырғандығын айтып өтеді де, бұл ізденістер жайында әдістемешілердің методологиялық жақтан толық дәлелденбеген деген пікірлерін көлденең тартады.

Қ.Бітібаева өзінің «Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы» атты оқулығында білім көзі негізінде жүйеленген сөздік, көрнекілік және практикалық әдіс түрлерімен бірге зерттеу әдісін де

кесте ішінде көрсетеді [3; 12] де, олардың пайдаланылу тиімділігін саралайды. Дегенмен, Бітібаева Бабанскийдің оқу-танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру және іске асыру әдістері жүйесінен көрнекілік әдісіне, репродуктивті әдіске, проблемалы ішінара іздену әдісіне, өз бетінше жұмыс істеу әдісіне ден қояды. Бұл ретте репродуктивті әдісті түсіндірмелі-репродуктивті әдіс терминімен ауыстырады. Сондай-ақ әдіскер әдебиетті оқытудағы көркемдеп оқу әдісі мен зерттеу әдісінің роліне баса назар аударады.

Көркемдеп оқу әдісі жөнінде: «Ол оқушының көркем шығарманы қабылдау белсенділігін, әсерлі сезімін дамытуда өте тиімді. Әдебиетті өнер деп танытуда, көркем туындыны өнер туындысы деп қабылдатуда, сөз қасиеті мен құдіретіне, оның эстетикалық нәзік нәріне тұшындыруда бұл әдіс алғашқы баспалдақ, яғни, көркем шығарманы оқушы жүрегіне бастайтын алғашқы сезім көпірі ретінде ежелден-ақ тиімді әдіс болып, мұғалімдер тәжірибесінен кең орын алуда» [3; 13], — дейді. Автор көркемдеп оқу әдісінің негізгі тәсілдерін төмендегіше атайды:

- 1) мұғалімнің мәнерлеп, түсінік бере оқуы;
- 2) көркем сөз шеберлерінің оқуы;
- 3) күйтабақты, ұнтаспаны тыңдау;
- 4) жоспар жасату;
- 5) негізгі оқиғаларға ат қойғызу;
- 6) мәтінге жуық әңгімелету;
- 7) көркем мәтінді оқу барысында иллюстрация, суреттер пайдалану;
- 8) сценарий жасату;
- 9) оқыған шығармалары бойынша пікір айтқыза білу.

Қ.Бітібаева әсіресе проблемалық оқыту әдісінің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді. Оқушылардың таным белсенділігін, ойлау қызметін дамытуда, жетілдіруде, оларға өз бетінше қорытынды, тұжырым жасата білуде проблемалық оқытудың маңызы ерекше екендігін ескертеді.

Түсіндірмелі-репродуктивті әдістің білімді қысқа мерзім ішінде, барлық оқушыларды қамти отырып беретін мүмкіншілігін және сонымен қатар оқушының дербес ойлауы арқылы жүзеге асатын өзіндік жұмысқа кері әсері болатындығын баяндайды. Көрнекілік әдісінің де оң, теріс жақтарын саралайды. Ғалым әдебиетті оқытуда әдіс-тәсілдерді үйлестіре қолдануды да ұсынады. «Өзіндік әдісін көрнекілікпен, практикалық жұмыстармен аастастырып немесе зерттеу әдісін түсіндірмелі әдіспен үйлестіре пайдаланудың маңызы зор болмақ (әрине, қандай әдістерді қалай пайдалану сабақ мақсатына байланысты туындайды). Ал кейде практикалық, танымдық-іздендіруші әдістерді көрнекілік әдіспен үйлестіре пайдалануға болады. Әдіс-тәсілдерді үйлестіре қолдану — оқушылар еңбегін ғылыми, тиімді түрде ұйымдастырудың маңызды бір саласы» [3; 15].

Педагогикалық еңбектерге жүгінсек, оқыту әдістерінің пайдаланылуы сабақ мақсатына ғана байланысты туындамайды екен. Оқыту әдістерін тандап алу үшін басшылыққа алынатын өлшемдер төмендегідей:

- 1) оқыту заңдылықтары мен принциптеріне сәйкестігі;
- 2) дидактикалық мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі;
- 3) тақырып мазмұнына сәйкестігі;
- 4) оқушылардың оқу мүмкіндіктеріне (жас және дербес ерекшеліктеріне) сәйкестігі;
- 5) мұғалімдердің мүмкіншіліктеріне сәйкестігі (тәжірибесі, білімі, қабілеті, жалпы білімдарлығы т.б.);
- 6) мектептің материалдық және техникалық базасына сәйкестігі;
- 7) сыртқы жағдайлардың ерекшеліктеріне сәйкестігі [1; 275].

Бұл тұста оқыту әдістерінің сыртқы жағдайлардың ерекшеліктеріне сәйкестігін түсіндіре кеткен жөн. Әдебиетті оқыту әдістерін қалалы жерде ақындар мен жазушылардың, әдебиеттанушы-ғалымдардың мұражайларына экскурсия жасау, ауылды жерде табиғат аясына саяхатқа шығу арқылы да түрлендіруге болады. Мұражайларда әңгіме, дәріс, пікірлесу, көрнекілік әдістері ұштастырылса, табиғат аясында ақындардың табиғат лирикасы бойынша поэтикалық талдау, көркемдеп оқу т.с.с әдістер жүзеге асырылмақ.

«Қазақ әдебиеті» сабақтарында бірнеше әдіс-тәсілді ұштастыру мүмкіндігін Қ.Бітібаеваның «Абай шығармашылығын оқыту» кітабының «Сабақ түрлері (жоғарғы сыныптар)» бөліміндегі «Абайдың саяси-әлеуметтік лирикасы» атты интеграциялық оқытуды басшылыққа алған іздендіру сабағы тапсырмалары мен жабдығы негізінде түсіндіруді жөн көріп отырмыз. Әрі кітаптың қалың жұртшылық қолына түсе бермейтіндігін ескергендіктен және тамаша әдіскер, ұстаз, ғалым ұсынған

тапсырмалардың аталмыш тақырыпта сабақ өткізуде үлгі боларын, ой салып, бағыт сілтерін болжағандығымыздан оларды көлемділігіне қарамай тұтас беруді жөн санадық. Ескерте кететін жайт, тапсырмалар үйге алдын ала беріледі.

I. Жалпы сыныптық тапсырма.

1. М.Е.Салтыков-Щедрин шығармашылығына шолу, оның «Бір қаланың тарихы» атты роман-ертегісі көтерген саяси-әлеуметтік проблемалары.

2. *Жұмыстың түрі* — диалогтік әңгіме, пікірлесу (орыс әдебиеті мұғалімі әзірлейді).

II. Топтық тапсырма.

1. М.Әуезовтің ғылыми мақалалары бойынша тезис-конспект жазып, сынаққа дайындау.

2. *Жұмыстың түрі* — сынақ.

Еңбектер:

а) «Традиции русского реализма и казахская дореволюционная литература» (I-топқа);

ә) «Народность и реализм Абая» (II-топқа);

б) «Абай Құнанбаев» (монография)(III-топқа).

III. Жалпы сыныптық тапсырма.

«Болыс болдым, мінеки», «Мәз болады болысың» өлеңдеріне әдеби талдау.

Жұмыстың түрі — болыстарға дәйексөзді мінездеме. Жұмыс келесі үлгіде орындалады.

1 - к е с т е

Дәйексөздер	Микромінездеме
Сияз бар десе жүрегім, Орныкпайды суылдап	Әлсіз, қорқақ, болашағы жоқ

IV. Индивидуалдық тапсырма.

Абай және Салтыков-Щедрин.

Жұмыстың түрі — салыстырмалы талдау, өз пікірін қорғау.

Үлгі:

2 - к е с т е

М.Әуезов еңбектері (Салтыков-Щедрин)	9-сыныптағы орыс әдебиеті (Салтыков-Щедрин сатирасы, реализмі)	Салыстырмалы талдау (өз пікірі, қорытынды)
---	--	--

Ғылыми материалдармен жұмыс. И.В.Вострышев. «Великий русский сатирик».

Жұмыстың түрі — жазушы сатирасы туралы қысқаша хабарлама.

Сабақтың жабдығы:

1. Кукрыниксылар салған иллюстрациядан фотомонтаж (Салтыков-Щедрин шығармашылығы бойынша).

2. Салтыков-Щедрин туралы кесте-плакат.

3. Ғалымдар еңбектерінен карточкалар жасалынып пайдаланылды.

Байқап отырғанымыздай, Бітібаеваның интеграциялық оқытуды басшылыққа алған іздендіру сабағында диалогтік әңгіме, әңгімелеу, пікірлесу, көрнекілік (иллюстрация, портрет, суреттеу), проблемалы ішінара іздену әдістері, өз бетінше жұмыс істеу әдістері, зерттеу әдісі, поэтикалық талдау, көркем мәтінмен жұмыс әдістері өзара үйлестіріле қолданылған.

Әдіскер-ұстаз өз тарапынан сабақта пайдаланылған ең басты әдіс-тәсіл салыстыру, іздендіру мазмұнындағы проблемалық сипаттағы тапсырмалар екендігін атап көрсетеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. — Алматы: Эверо, 2004. — 420 б.
2. Әдістеме әлемінде. — Алматы: Сардар, 2008. — 368 б.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы. — Алматы: Мектеп, 2003. — 336 б.
4. Педагогика. Дәріс курсы. — Алматы: Нұрлы әлем, 2003. — 263-б.
5. Қоңыратбаев Ә. 4–7 кластарда әдебиетті оқыту методикасы. — Алматы: Мектеп, 1987. — 176 б.

ӘОЖ 003.07:323(574)

Н. Назарбаевтың публицистикасындағы ұлт мәселесі «Ғасырлар тоғысында» және «Тарих толқынында» кітаптары негізінде

Амангелдиева Г.С.

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

Автор статьи анализирует особенности творчества известного писателя, талантливого редактора и общественного деятеля Н. Назарбаева. На основе системного анализа его публицистического наследия, в особенности известных книг «Ғасырлар тоғысында» и «Тарих толқынында», рассматриваются идейно-творческие принципы выдающегося писателя и его непростые взаимоотношения со своими современниками. Автором исследуется индивидуальность творческой лаборатории писателя, отмечается, что национальная идея является основным идеологическим мотивом в его творчестве. В статье также дается анализ мастерства и стиль публициста Н. Назарбаева.

In article it is told about creativity of the known writer, the talented editor and public figure N. Nazarbaev. The ideological- creative principles of a famous writer, his non-interrelation with his contemporaries are considered in this article on the base of systematical analysis of publicists heritage of N. Nazarbaev particularly his well-known books «Ғасырлар тоғысында» and «Тарих толқынында». In article it is considered features of creative laboratory of visible Kazakh writer N. Nazarbaev. Author notice that the national idea is the basic ideological motive in creativity of the writer-publicist. In article the author considers and skill of publicist N. Nazarbaev.

Ұлтаралық қатынас көп ұлтты Қазақстан Республикасында ерекше көңіл аударуды қажет ететін мәселелер қатарына жатады. Қазақстан жерін мекендейтін халықтардың достық, туысқандық қарым-қатынасы, оларды біртұтас мақсатқа жетелейтін жетекші ұлттық мүдде болуы қазіргі саясаттың маңызды бөлігіне айналды. Мұнда Түркия тәжірибесін мысал ретінде алуға болады. Кемал Ататүрік халқын біртұтас ұлттық қозғалысқа біріктіре отырып, ұлттық идеологияны қалыптастырды. Түркияның бүгінгі басшылары Ататүріктің жолын қуып, қазіргі заманға лайықты ізгілікті мақсаттарды көздейтін ұлттық мемлекетке айналған. Қазақстан да жаңа дәуірге бейімделген өзіндік жолын таңдап алды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері мемлекетіміздің іргетасын қалап, көшін түзеуде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегі орасан зор екені барша жұртқа белгілі. Елбасы елді басқарып қана қоймай, публицистикаға бет бұрып, сонау 1996 жылдан бері кітап жазып келеді. Оның публицистикасын зерттеу барысында біз жарыққа шыққан «Ғасырлар тоғысында» кітабын негізге алып отырмыз.

Н. Назарбаев «Ғасырлар тоғысында» кітабы арқылы қазіргі біртұтас Қазақстан және бүкіл еуразиялық кеңістіктің тағдыры үшін барлық маңызды мәселеге асқан жауапкершілікпен қарайтындығын дәлелдеп бергендігін айту ләзім. Бұған негіз болушы жайт, кейбір қиыншылықтардың болуына қарамастан, Қазақстанның егемендік алғаннан кейін дүниежүзілік қауымдастықтан өз орнын табудың қиын жолына батыл қадам басу еді. Бұл жолда шын мәніндегі бостандық пен жеке бастың құқы, қоғамның рухани еркі, оның жан-жақты жанданып үйлесімді дамуы ескерілмек.

Кітапта дүниежүзілік даму барысында зор ықпалын тигізетін ұлтаралық қатынас мәселесіне кең орын берілген. Автор кейбір ұлттық мәселелердің әр түрлі тарихи дәуірде барлық мемлекеттерде толғақты тақырыпқа айналып, жасампаздық күшке, не күйретуші нәтижеге соқтыратынын айтады.

Ұлттық, этникалық қатынастардың, сондай-ақ кіші ұлттар өміріндегі процестердің XX ғасырдың екінші жартысында отарлаушы империяларды күйретіп, жаңа мемлекеттердің құрылуында да ерекше рөл атқаратындығын атап өтеді. Автор осы ғасырдың соңғы кезеңінде болған ғаламат құбылыс — КСРО-ның ыдырауына да осы тұрғыдан қарайды. Бұл арада негізгі екі себеп тілге тиек етіледі. Біріншісі — бұрынғы Кеңес Одағының қару-жарақ саласындағы бәсекелестікпен әскери стратегиялық бірқалыптылықты сақтау жарысында ғылыми-техникалық жағынан жеңіліс табуы. Екіншісі — ұлттық мәселелерді шешудегі және осы саладағы қарым-қатынасты реттеудегі қабілетсіздігі. «Көптеген саясаткерлер пікірі бойынша, бұл ең басты себеп», — дейді автор.

Ұлттық саясаттың жаңа тұжырымдамасын жасауда Н. Назарбаевтың еңбегі орасан зор. Ол тарихи материалдарды кеңінен де терең зерттеп, талдау жасай отырып, таптық тұрғыдан әсірелеп баяндау тәсілінен де, біржақты теориялық жаңа көзқарастардан да бастарта отырып, тек Қазақстан үшін ғана емес, басқа елдерге де бағалы қорытынды жасайды. Президенттің бұл идеялары біртіндеп жүзеге аса бастады. Н. Назарбаевтың қазіргі ұлттық проблемалар жөніндегі негізгі тұжырымдары республиканың жаңа-конституциясынан орын тапты.

Бұл еңбекте мынадай маңызды идея айтылады: ұлттық мәселелерге дұрыс қарау, ұлтаралық қатынасты жанашырлық ниетпен дер кезінде шешіп отыру көп ұлтты мемлекеттің даму барысында маңызды рөл атқармақ. Қазақстан халқының көп ұлтты құрамы бұл жағдайда ұлтаралық шиеленістерге жол бермейтіні өз алдына, қайта қазақстандық патриотизмнің қалыптасуына игі әсерін тигізіп, қоғамымыздың ілгері дамуына, басқа да елдермен, ең алдымен Ресеймен жан-жақты байланыста, қарым-қатынаста болуымызға жағдай туғызады.

«Ғасырлар тоғысында» кітабының тағы бір бағалы жағын атап өткіміз келеді. Бұл еңбек ұлы Абайдың ұждандық, адамгершілік өсиеттеріне негізделген қазақ жұртының дүниетанымдық көзқарасы мен қазақстандық еуразиялық идеяны байытып, жаңартып, жаңғырта түседі. Автор осы тұрғыдан өткен кезеңнің тиімді тәжірибелерін қабылдай отырып, қазіргі кезеңнің озық әлеуметтік қағидаларына сүйенген болашағымыздың өміршең екенін дәлелдейді.

Автор бұрынғы Кеңес Одағында ұлттық саясат бағытындағы сәтсіздіктердің себебі — қайта құру кезеңінде бұл салада түбегейлі, нақты жоспарлардың болмауы деп дәлелді айтады. Ұлтаралық қатынастағы дағдарыстардың басты себептерінің бірі — оның теориялық негізінің анықталып айқындалмауы еді. Ол кездегі биліктің жоғарғы сатысындағылар КСРО-ның соңғы жылдарының өзінде ұлт мәселелерімен шын айналысқан емес. Ел басшылары 80-жылдардың екінші жартысында теориялық негіздің жоқтығынан сол кездегі жағдайға ие бола алмауының салдарынан күш көрсету жолына барып, елді тығырыққа әкеп тірегенін автор дәлелді айтады. 1986 жылы Алматыда болған желтоқсан оқиғалары кезінде орталықтың шиеленістерді күш көрсету тәсілдері арқылы шешпек болған кертартпа іс-әрекеттері осындай зиянды тәжірибенің салдары еді.

Ұлтаралық қатынастың мәселелеріне ғылыми тұрғыдан келіп, өтпелі кезең кезінде өзіміздегі және дүние жүзіндегі бағалы тәжірибелерді мұқият зерттеу қажеттілігі — кітаптағы негізгі ой мен басты талаптардың бірі. Бұл арада біздің көп ұлтты республикамыздың алдында тұрған күрделі міндеттерді шешуге бағытталған аумақты ғылыми жұмыстардың бұған дейін өте аз болғанын мойындауымыз керек. Сондықтан ұлтаралық қатынастар, рухани өрлеу, жандану, мәдениетті, мемлекеттік және басқа да тілдерді, ұлттық дәстүрлерді дамыту проблемаларына арналған теориялық терең зерттеулер қажет екені бәрімізге де аян.

Бұл кітапта дүниежүзілік тағы бір құбылысқа назар аударылады. Н. Назарбаевтың пікірі бойынша, әлемдегі ұлттық қозғалыстар социалистік бағытта жүрмеген, социализм үшін күрес болмаған. Осы арада бұрынғы Ұлыбританияны мысалға келтіруге болады. Ол кездері ұлттық ынтымақтастық сезім таптық қайшылықтарға қарағанда әлдеқайда күшті болған. Таптық сезім оларды біріктіруші күш емес, тек ынтымақтастырушы сезімдердің бірі болған. Ал қазақ халқы ортақ мүдде, ортақ сезім жетегімен, өз бостандығы үшін байы да, кедейі де біртұтас халық болып жұмылып, жоңғар басқыншылығына қарсы шықты. Халық қазақ мемлекеттігін құрушылардың маңайына топтасып, әдеттегі өмірдегі, тұрмыстағы ұсақ-түйектің бәрін сыртқа ысырып тастады, ұлттық намыс, ұлттық мүдде, ынтымақтық бірінші кезекке шықты. Мұндай мысалдар басқа халықтардың да тарихында көптеп кездеседі.

Ұлттық мүдденің таптық мүддеден жоғары болуы ұлттық әр түрлі әлеуметтік топтан құрылып, олардың әрқайсысының өз мүддесі бар екенін теріске шығармайды. Осының бәрі қоғамдық және мемлекеттік өмірге, тұрмысқа, ұлттық және ұлтаралық қатынастарға ықпалын тигізіп, ізін қалдырары сөзсіз. Мұндай түпкі ақиқатты мойындап, ескеріп отыру керек.

Ұлттық сезімнің басымдылығын көптеген факторлар дәлелдейді. Ерте уақытта қалыптасқан ұлттық-этникалық құбылыс әрбір адамның болмысына, тұрмысына, отбасына, қоғам мен мемлекет құрылымдарына ықпалын тигізбей қоймайды. «Адам қайда жүрсе де, туған бойдан, ана әлдиін ести сала, өзін қазақпын, орыспын, украинмын, грузинмін, өзбекпін деп сезінеді. Адамның ол сезімінің қандай үлкен калибрлі идеологиялық снарядпен атқыласаң да, бәрібір құрта алмайсың» [1; 167] дей келе, автор ұлттық ерекшеліктің тұрақты құбылыс екенін, оны жою мүмкін еместігін, әрбір ұлттық мәдениет пен діни сенімнің беріктігін атап өтеді. Барлық басшылықты бір орталыққа бағындырған бұрынғы КСРО-ның дәуірлеген шағында, «адамдардың тарихи жаңа қауымдастығы — кеңес халқы» деген идея, тұжырым қалыптасқан кезеңнің өзінде «...ұлттық-мемлекеттік бірегейлік, тілдік, мәдениеттік және аумақтық тұтастық, тіпті, ол аз десеңіз, бір кездегі мемлекеттіліктің, белгілі бір жұрнақтары жұртшылық санасында бұрынғысынша сақталып қалады» [1; 164]. Ұлттық қағидалардың топтаушы күш екені аталады. Әр ұлттың дамуына бірігіп, ынтымақтаса түсуіне жағдай жасауда осы жайларды ескерген жөн. Автор ұлттық идеяны ұлт артықшылығы деген идеяға айналдыру сол халықтың өзі үшін қауіпті екенін айта келіп, әдеттегі ұлттық сезім болмайынша, басқа ұлттың мәдениетін қадірлеу, бағалау да мүмкін емес екенін атап өтеді.

Автор Л.Н. Гумилевтың пікірлеріне қосылатынын білдіріп, ұлттық даму процестерінің әр жағдайда әр түрлі болатынын, өзіндік ерекшелік қасиеттерінен айырылған, бір-біріне ұқсас жалпы ұлт болмайтынын айтады. Балтық жағалау елдеріндегі, Орталық Азиядағы, Канада мен Испаниядағы, басқа да елдердегі шиеленістерді реттеу кезінде осындай ерекшеліктерді ескерген жөн болар еді. Бұрынғы КСРО-да әр аймақтарда болған ұлттық шиеленістерді әлеуметтік-саяси құбылыс ретінде бірыңғай, ұқсас оқиғалар деген шетелдік талдаушылардың пікірлерімен автор келіспейді. XX ғасырдың орта шенінде билік басына бірінен соң бірі ауысып, түрлі ұйымдар ашылып жатты. Әр біреуі өзіндік даму жолын ұсынды. Күрделі саяси жағдайда, немесе саяси орманда, адасып қалмау басты міндетке айналды. Осындай арпалыс уақытында саяси күрес аренасына шыққан зиялы топтардың іс-әрекеттеріне тоқталуды жөн көрдік, өйткені олардың жасаған жұмыстарына қарап, сол кездің толық тарихи суретін жасауға мүмкіндік бар. Әрине, зиялы қауым болып аталуына белгілі себептер бар; көкірегі ояу, көзі ашық, жоғары-орта білімдері бар, саяси көзқарастары қалыптасқан азаматтар болды. Бұл төңіректе Н.Ә. Назарбаев «Тарих толқынында» кітабының «Алаш мұрасы және осы заман» атты тарауында: «XX ғасырдың басында ұлттық бірлікті нығайту идеясын алға тартқан рухани-зерделі игі жақсылар қазақтың ұлттық идеясын жасау міндетін өз мойнына алды. Олар қоғамның түрлі тарабынан шыққандар, әрі, ең алдымен, дәстүрлі дала аксүйектерінің өкілдері еді. XX ғасырдың басындағы қазақ қоғамында зиялы қауым қалыптасуының ұрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал», — деп көрсеткен [2; 156].

Ұлттық мүддені саудаға салуға болмайды, сол сияқты ұлттық көзқарас ұлтшылдық көзқарасқа ұласудан сақтануы керек. Автор осы тұста этнопопулизм демократиялық қоғамның денесіне тараған вирус екендігін дер кезінде көрсетеді. Н.Ә. Назарбаев А. Токвильдің революцияға берген анықтамасын да келтіреді: «...революция саяси мекемелерді жойды, азаматтық тәртіпті қиратуға кіріседі, заңдарды өзгертті, құлықты, әдетті тіпті тілді қайта жасай бастайды. Үкіметтік механизмді талқандап, қоғамның іргесін теңселтеді, ең аяғында құдайдың өзін алуға ден қояды» [1; 134]. Автор қазақ сахарасында революцияның қоғам мен мен экономиканы басқарудың әкімшілік жүйесін бірден күйретуге үзілді-кесілді кіріспегенін қанағаттанғандықпен айтады.

Өткен кезеңде әрбір ұлттық ерекшелікті ескерген ортақ ұлттық саясат жүргіздік деп келдік. Н. Назарбаев бұл мәселеге басқаша қарайды. Бұл арада әрбір ерекшелікті ескеріп, бір қалыпқа түскен стандартты, жылмағай саясат жүргізуден гөрі әр ұлтқа қатысты нақты саясат жүргізіп, ортақ мақсат — өзара түсіністік, бейбітшілік, тұрақтылықты қамтамасыз ететіндей жағдай жасаудың қажет екенін атап көрсетеді.

Н. Назарбаев республиканың басшысы ретінде бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету кезінде кейбір объективті қайшылықтар туатынын ескертеді. Ұлттық саясат қаншалықты жан-жақты қамтылғанымен, бұл қайшылықтардың объективті және субъективті түрде туу мүмкіншіліктерін жоққа шығара алмайды. Бұл әр ұлттың өзіндік ерекшелігінен, олардың мақсат-мүдделерінен, мәдени дәстүрлерінен туындайды. Бұл ерекшеліктерді қырнап, жылмағай етіп, біл қалыпқа түсіруге болмайды. Сондықтан ұлттық саясат ешбір қайшылықсыз қарым-қатынас жүргізуді көздемейді.

Бірыңғай ұлт және тіл саясатының негізгі мақсаты мұндай жайларға көз жұмып, елемеу, ескермеу емес, мәселені насырға шаптырмау, қайшылықтарға жол бермей, оны дер кезінде байқап, бақылап отыру. Бұл қағида болашақта да ұлттық саясаттың негізі, басты талабы болуы керек.

Осындай құнды, көлемді еңбекті оқығанды XIX ғасырдың белгілі публицисі, тарихшысы, философы Томас Карлейльдің мына бір сөздерін еріксіз еске аласың: «Адамдар бөлініп, бөлектеніп өмір сүре алмайды. Біз өзара мейрімді болып, жақсылық жасау үшін ғана емес, өзара реніш білдіріп, жүз шайысу үшін де бір-бірімізбен байланыста болуымыз керек» [3], — деген екен. Мұндай өзара реніштің заманы өтіп, оның орнына ұлтаралық түсіністік, үйлесімділік, бейбітшілік пен тұрақтылық орнауы керек.

Н.Назарбаевтың «Ғасырлар тоғысында» кітабы өзі көрген, куә болып қатысқан оқиғалар негізінде түйген ойлары мен толғамдарынан туады. Оның басқа да ой-пікір иелері тәрізді, ғылымға, әсіресе қоғамдық ғылым саласындағы зерттеушілерге берері мол. Одан қоғамдық дамудың сипаты мен өзгерістері, оның себептері жайлы методологиялық жаңа бағдар алуға болады. Горбачев заманынан бері біздің ел басшылары теорияға көп жуымайтын. Содан бері бағыт-бағдарсыз, нақты бағдарламасыз, жоспарсыз уақыт легімен жүре бергінеміз де жасырын емес. Осы ағымды басынан өткізіп, ендігі жерде «түбегейлі теориялық тұғырнамасыз, қалыптасқан ахуалды теориялық тұрғыдан жан-жақты пайымдамайынша, салихалы саясат» [1; 27] жүргізуге болмайтынын автор орынды атаған. Әсіресе мұны ол Қазақстанда ұлт саясатын жүргізумен байланысты көрсетеді. Бұл мәселе көп ұлтты республиканың басты проблемасы екенін, Кеңес өкіметінің соңғы шағында оны ушықтырып алғанын еске алсақ, Н. Назарбаевтың ел басшысы есебінде ұлт мәселесін ылғи назарда ұстап отыратынын, оны дұрыс шешудің жолдары жайлы, өзінің ой-пікірі барын мойындауға тура келеді.

Елбасының жарыққа шыққан «Тарих толқынында» атты кітабы әркімнің көкірек күмбезіне тұнған шарболат сезімдерді шалқытады, бұйығы жатқан маркасқа, марғау көңілді сілкілей оятып, намысыңды жанығандай, отты, уытты ойларымен бойыңды шарпиды, баурайды. Бір ойдан бір ой ұшқындайды.

Әлемдік тарих пен әркімнің ғылым саласынан білігі қыруар автор өзі нысанаға алған тақырыбына орай әркімнің деректер мен мағлұматтар кешенін оңтайлы кіріктірумен қатар, арғы-бергі ғұламалардың пікірлерін де орнымен, ұрымтал пайдаланып отырады. Бірақ та ол тарих бұлтарыстары мен зобаландарын әсте бейтарап көзбен тіркеуші деңгейінде қалмайды. Кез келген құбылыс пен оқиғаны халқымыздың, енді ғана еңсе көтерген мемлекетіміздің зәру мүдделерінің биігінен екшеп, безбендейді, бабалар тағдыры мен кешкен тауқыметін сүзбелей отырып, жаңа заман, жаңа өркениет талаптары тұрғысынан өткеннен сабақ алу, жаңғыру мұраттарынан бір сәт айнымайды. Кітаптың және бір ерен қасиеті тарих кешендері мен кезеңдерін жүйелеу барысында бұрынғы таптаурын болған шиырларға табынбай, сұңғыла ойшыл қайраткерлік, сарабал зерттеушілік танытып, көбіне-көп тың да батыл тұжырымдарын, тарихи құбылыстар мен оқиғаларға өз көзқарасын іркілмей, тайсактамай білдіріп отырады. Автор түйіндері дәйекті, иланымды.

Қазіргі тарихи кезеңде ұлттық саясатты қалыптастыруды жүзеге асыру үшін тарих тағылымынан сабақ алып, ұлттық мемлекетті қайта қалпына келтіру, ұлттық сананы қалыптастыру жолындағы Алаш қайраткерлерінің қызметін терең зерделеп, жетекші ойларын басшылыққа алу орынды. Тәуелсіз елде Алаш даналарын тарихи сахнаға қайтарып, ұмытылмас тарихи тұлғалар тағылымына тағзым етуді жастар саясатының бір бағытына айналдыру өте орынды болмақ. «Кезінде «Алаш» партиясының жетекшілері ұсынған көптеген қағидалар күні бүгінге дейін өз маңызын сақтап отыр. Бұл ұлттық емес, патриоттық ұйым. Алдына қойған мақсаты қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, оны осы заманға шындыққа бейімдеу еді» [2; 173].

Бұл тұрғыдан алғанда кітаптың жаңашылдық, ойшылдық қасиеті айрықша ден қойдырады. Адам қай жері ауырса, жанына батса, сол жайында сөз қозғауға, сырласып байқауға бейім тұратыны бекер ме? Ал, Елбасыше? Оның басында жұмыр басты пенде есебінде, бұл да жоқ емес. Бірақ оның жай-күйі, қам-қарекеті жай пендеден әлдеқайда, тіпті, мүлде өзгешелеу, ерекшелееу, зілмауырлау боларына таңданудың реті жоқ. Ол өзі үшін емес, ел-жұрты үшін, қолқа-жүрек перзенттері үшін тірлік кешеді. Ол алдымен өз жайын, қара басының қамын күйттемейді, елінің, жерінің, келер ұрпақтардың қамын жеп, қабырғасы қайысады, жатса-тұрса соны ойлап, қармандан жалықпайды.

Кітаптың оқшау есте қалар ерекшелігі — әркімді ұлт есебінде өзін-өзі тануға, ұлтының тегін, тарихын, мәнезі мен қасиетін саралауға үндейді. Қазақ, біз қандай ұлтпыз, «Мен» дегізгерлік, мақтан етерлік қасиеттеріміз қандай, ел-жұртымыздың арғы-бергі тарихында ұрпақтар айта жүрер тарихи тұлғалар, руханият көсемдеріміз кімдер? Болашағымыз қандай, қайда барамыз, ел есебінде аңсаған-көксеген мұраттарымыз нендей? Кітап авторын әрбір естияр азаматтың намысын түрткілер осы алуанда жүрекжарды сұрақтардың барлығы толғандырады. Туған елінің бар ауыртпалығы жан-жүрегін шамырқандырған Елбасы ештеңені бүкпей, ашық сырласады. Бірде арғы, бірде бергі тарих

қойнауларына сүңгіп, бірде әлем кеңістігіндегі әркілі елдер беталысына зер сала отырып, туған елі — Қазақстанның алыс-жақын болашағына көз тігеді. «Тарихтағы өз орныңды білу, бабаларыңды ру төмпешігінің деңгейінде емес, жалпы ұлттық өреде мақтан тұту, ұлан-байтақ Еуразия тарихында ұлы істерге ұйытқы болған қазақтар мен олардың бабаларының өзіндік орнын танып-түсіну, ұлттық қадір-қасиетінді қорлайтын жаттанды жаралардан арылу — міне, ұлттық тұтастыққа кепіл болатын бігінгі күннің ең қуатты тетіктері осылар» [2; 67], — деп тебірене сыр ашады автор.

Мәселе — ұлттық қасиеттерді дәріптеуде ғана емес, қайта ұлттық салт-сана мен дәстүрдің жаңа заманға орай ұлттық түлеуімізге, бірлігімізге, Қазақстан дейтін мемлекетіміздің нығаюына қызмет ететін оңды, өркенді үлгілерін жарқырата жаңғыртуда, аяққа оралғы болатын кертартпа атаулыны аластауда. Елбасы кітабынан осындай сәулелі, жарқын ойлар маздайды. Қазақ дейтін ештеңеден кенде, ешкімнен кем халық емес. Ол — дана халық, дарынды халық, сайыпқыран халық. Оның көп ғасырлық тарихы да, бүгінгісі де, ертеңгі болашағы да кербез әрі кемел екеніне күмәніңіз болмасын! «Біздің алдымызда төл тарихымызды қалпына келтіріп, оның жетістігі мен кемшілігін, жеңістері мен жеңілістерін барша шындығымен көрсету міндеті тұр» [1; 32], — деп жазады Елбасы.

Мәселе — біз қазақпыз деп әлемдік мәдениет үлгілерінен қымтана, оқшаулануда емес, ұлттық төлтума саралық пен даралықтан еш айырылмай, алыс-жақын әлеумет, өркениет дәстүрлерінің ұлттық есеюімізге, гүлдене көркеюімізге сеп болар келісті, жағымды көріністерінен бойынды қасақана аулақ салмай, толыса кемелденуде.

Н.Ә.Назарбаев өзінің «Ғасырлар тоғысында» атты кітабында: «1986 жылғы Желтоқсан оқиғалары қазақ жастарының сана-сезімінің қаншалықты өскендігін көрсетті. Олар жүз жылға жуық уақыт бойы халықты қазармалық тәртіпте ұстап келген тоталитарлық жүйенің алдында бірінші болып айылдарын жиған жоқ. Жастар бұдан әрі кез келген ұлтқа тән ұлттық мақтаныш сезімін қорлауға жол бермейтінін өз халқының атынан ашық мәлімдеді», — деп дәл бағалаған.

«Желтоқсан пәлен жылдар бойына мызғымас қамал саналып келген Кеңестік империяның іргесін мүжіп, көбесін күйретіп, ақыры жер бетінен жойылып тынуына ұрындырған пәрменді соққы болып тиді. Осы орайда Желтоқсан қозғалысын, біріншіден, ішкі ұлттық маңызы бар оқиға (ұлттың өзін-өзі тану сезімінің оянуы), екіншіден, жалпыодақтық деңгейдегі (одақтас республикалардың егемендігіне серпін берген) оқиға ретінде, үшіншіден, әлемдік маңызы бар (социалистік лагерьдің күйреуінің басталуы) аса салихалы көп сипатты әлеуметтік сілкініс — атышулы тарихи феномен ретінде бағаласа да артық емес», — дейді жазушы, мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаев.

Автор ұлт мәселесін жан-жақты талқылай келе, сөз соңын мына сөздермен аяқтайды: «Мен өз халқымды сүйемін. Оның мені бала кезімнен сабыр мен парасатқа баулығанын мақтаныш тұтамын. Бейбіт тәсілдерге ғана жүгініп, шиеленіс пен кикілжіңнің ережелеріне мойынсұнғым келмейтіндігі де сондықтан» [2; 211]. Әрбір қазақстандық осы бір қағиданы бұлжытпай орындауы Қазақстан мен оның халқының бұдан былай да өркендеп өсіп, дамуының маңызды кепілі болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. — Алматы: Өнер, 1996. — 270 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. — Алматы: Атамұра, 1999. — 294 б.
3. www.referaty.ru

Ұстазымыз туралы бірер сөз



«Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері», «2007 жылдағы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы», «Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне еңбегін сіңірген қызметкер», филология ғылымдарының докторы, профессор **Мажитаева Шара** апамыз 60 жасқа толған мерейлі тойын атап өтті. Шәкірт тәрбиелеу ісіне белсенді үлес қосып жүрген ардақты ұстаз, көптеген жастардың ғылым жолына түсуіне көмектесіп, олардың ғылымдағы ізденістеріне жетекшілік етіп жүрген ғалым апамыз туралы айту міндетіміз деп есептейміз.

Шара Мажитаева 1951 жылы 25 қарашада Жамбыл облысы Қордай ауданындағы Көктөбе ауылында (бұрынғы Ворошилов селосында) туған.

1968 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін 1968–72 жж. Алматы педагогикалық шетел тілдері институтында студент, 1972–75 жж. — Қарағанды мемлекеттік университеті шетел тілдері кафедрасында неміс тілі пәнінің оқытушысы, 1975–77 жж. — Алматы педагогикалық шетел тілдері институтының жанындағы 2 жылдық курстың тыңдаушысы, 1977–87 жж. — Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде оқытушы болып істейді. 1987–91 жж. — Тіл білімі институтында аспирант, 1991 жылдан Қарағанды мемлекеттік университетінің қазақ тілі практикалық курсы кафедрасында аға оқытушы, доцент, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарды. 1994–96 жж. аталған университеттің шетел тілдері факультетіне кафедра меңгерушісі қызметіне ауыстырылады. 2001 жылдан қазақ тіл білімі кафедрасында доцент, профессор, кафедра меңгерушісі қызметін атқарды.

1992 жылы Тіл білімі институтының мамандандырылған Кеңесінде профессор Б.Әбілқасымовтың ғылыми жетекшілігімен «XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы қазақ әдеби тілінің әлеуметтік және лингвистикалық сипаттамасы» атты кандидаттық диссертация қорғады.

2000 жылдың 30 маусымында профессор Б.Әбілқасымовтың ғылыми кеңесшілігімен Тіл білімі институтының Диссертациялық кеңесінде «XX ғасырдың I жартысындағы қазақ әдеби тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. 2005 жылдан — ЖАК профессоры.

Шара Мажитайқызы — 100-ден аса ғылыми және әдістемелік еңбектің авторы. Ғалымның зерттеулері, негізінен, қазақ әдеби тілі тарихына арналған. Бұл салада ол 4 монография, 17 оқу құралы мен оқу-әдістемелік, 100-ден астам ғылыми мақала жариялады.

Оның қазақ әдеби тілі тарихына арналған «XX ғасырдың 20–30-жылдарындағы қазақ әдеби тілінің мәселелері» (1997), «XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілі» (1999), «XX ғасырдағы қазақ әдеби тілі» (2000) атты монографиялары, «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV–XX ғғ.)» атты оқу құралдары қазақ әдеби тілі тарихын зерттеушілер мен филология факультетінің студенттері үшін қажетті еңбектер қатарына жатады. Онда XX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ әдеби тілінің дамуы зерттелуді қажет еткенмен, түрлі объективті себептермен оны түбегейлі қарап, жазуға мүмкіндік болмаған кезең алынған. Зерттеуші жарты ғасырдағы жарық көрген мерзімді баспасөз, көркем әдебиет, ғылыми әдебиет және іс-қағаздары мен кеңсе тіліне байланысты материалдарды қарастырып, солардың негізінде әдеби тілдің дамуына талдау жасайды.

Шара Мажитайқызының лексикография, тіл мәдениеті жайында да бірсыпыра еңбектері бар. Бұл саладағы ғылыми еңбектері қазақ-орыс және қазақ-шетел тілдерін салғастырмалы түрде зерттеуге арналған. Ол құрастырған «Орысша-қазақша-немісше сөз әдебі» (1997 жылы 1-бөлім, 1999 жылы 2-бөлім), «Орысша-қазақша-ағылшынша тілдескіш» (2001) қазақ-орыс-неміс-ағылшын тілін үйренушілер үшін көмекші құрал ретінде кеңінен пайдаланылып жүр. Ол — 4 тілдегі «Қылмыстық құқық терминдерінің сөздігін» құрастырушылардың бірі. Бұндай зерттеулер қазіргі ғаламдандыру кезеңінде өте қажетті еңбектер қатарында жатады. Бұл еңбектер мемлекеттік тілді және басқа да тілдерді меңгеруге септігін тигізері сөзсіз.

Шетелде жарық көрген еңбектеріне 2006 жылы Қырғызстанда (Бішкекте) доцент Ж.Д.Рапишевамен бірігіп «Қазақ тіліндегі ғылыми стильдің қалыптасу тарихы» атты монография мен 2008 жылы Өзбекстанда (Ташкент қаласында) профессор М.Джусуповпен бірлесіп жазған «Фразеология русского языка: лингвистические и методические проблемы» атты монография жатады.

Ш.Мажитаева әр түрлі халықаралық оқу орындарының жетекші ғалымдарымен бірігіп жоғары оқу орнынан кейінгі мамандарды (магистратура, докторантура /PhD) дайындау үшін бірнеше келісім-шарт жасап, меморандумдарға қол қойды, соның негізінде кафедра ізденушілері, магистранттары шетелге іссапармен барып, шетелдік ғалымдардан ақыл-кеңес алуға, кітапханалар мен мұрағаттарда жұмыс істеуге мүмкіндік алды.

Ш.Мажитаева қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысады, факультетаралық тексерулердің және факультеттің өз ішіндегі оқу-әдістемелік жұмысын тексеріп, бағалайтын комиссияның мүшесі болды.

Сондай-ақ ҚР Білім және ғылым министрлігі тарапынан құрылған жоо мемлекеттік аттестациялау комиссиясының жұмысына комиссияның төраға орынбасары, мүшесі ретінде республикамыздағы оннан астам жоғары оқу орнын аттестаттауға қатысты.

Ш.Мажитаева халықаралық ғылыми-теориялық конференциялар мен конгрестерде, республикалық ғылыми-практикалық, ғылыми-әдістемелік конференцияларда үнемі баяндама жасап тұрады. Өзі де университетте «Тіл тағылымы» (2002), «А.Байтұрсынұлы тағылымы» (2003), проф. Т.Қордабаевтың 90 жылдығына арналған «Тілтанымдағы ірі тұлға» (2005), «Тілтанудағы ірі тұлғалар» (2007), «Х.Нұрмұқанов оқулары» атты профессор Х.М.Нұрмұқановтың 80 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияны (2010) ұйымдастырып, өткізуге ат салысты.

Оқу үдерісінде инновациялық технологияларды қолдану бойынша жаңаша жаңғыртып оқытуға арналған 7 оқу-әдістемелік кешен дайындады, 5 электрондық оқу құралын (авторлық куәліктері бар), электрондық дәріс курстарын, мультимедиялық көрсетілімдер құрастырды.

Әр деңгейде өткен конкурс, семинарларға қатысып, мемлекеттік тілді өзгетілді аудиторияда оқытуға белсене ат салысады. «Қазіргі қазақ тілі» пәнінен жоо студенттері арасында жылда өтетін республикалық пәндік олимпиадада студенттерге жетекшілік жасайды. 2008–2009 оқу жылы Қыздар мемлекеттік педагогикалық университетінде өткен «Қазіргі қазақ тілі» бойынша пәндік олимпиадада студенттері 2 орынға ие болды (14–15.05 2009).

Профессор Мажитаева — «2007 жылдағы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мемлекеттік грантының иегері. Мемлекеттік грантты игеру мақсатында ол Өзбекстан, Германияда стажировкада болды (2007), жоо кейін мамандарды (магистратура, PhD докторантура) бірлесіп дайындау үшін Бонн, Ташкент университеттерінің жетекші ғалымдарымен, атап айтқанда, профессорлар Карл Райхл, Маханбет Джусупов және PhD докторы Н.М.Джусуповтармен меморандум, келісім-шарт жасасты. Осы келісім-шарттар мен меморандумдар негізінде 2008 жылы «Лингвистикалық типология және контактология» бағыты бойынша Е.А.Бөкетов атындағы университеттің филология факультетінде PhD докторанттарын дайындау 2008–2009 оқу жылынан басталды. Профессор Ш.Мажитаеваның жетекшілігімен PhD докторанты А.Тажикеева «Қазақ және ағылшын мақал-мәтелдері (гендерлік аспект)» атты ғылыми жұмысын уақытында аяқтап, қорғауға шықты.

Ш.Мажитаеваның ғылыми жетекшілігімен 4 ғылым кандидаты, 9 филология магистрі дайындалды. Ғылым кандидаттарының зерттеу тақырыптары төмендегідей: Құрмамбаева (Рапишева) Ж.Д. «Қазақ тіліндегі ғылыми-көпшілік стильдің қалыптасуы» (2003 ж., Алматы); Түйте Е.Е. «Адамның психикалық жай-күйіне қатысты лексиканың құрылымы мен семантикасы» (2009 ж., Астана); Нығметова Н.Т. «С.Жүнісов драмалық шығармалары тілінің көркемдік ерекшеліктері» (2010 ж., Астана), Хамзина Г. «1960–80-жылдардағы повестер тілінің лексика-стилистикалық және танымдық сипаты (С.Жүнісов, Д.Исабеков, А.Сейдімбеков, О.Бөкей, Б.Нұржекеев шығармалары бойынша)» (2010 ж., Астана).

Филология саласы бойынша дайындалған магистрлік диссертациялардың да тақырыптары қазақ тіл білімінің сан саласын қамтиды.

Ш.Мажитаева — 2003–2007 жылдары Қазақ педагогикалық қыздар институты жанындағы Біріккен докторлық диссертациялық кеңестің, 2008 жылдан Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанындағы докторлық диссертациялық кеңестің мүшесі болып, диссертациялық кеңестердің жұмысына сарапшы төрағасы, мүшесі, оппонент ретінде белсене қатысты.

Білім беру саласындағы еңбегі үшін Ш.М.Мажитаева 2006 жылдың қараша айында «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің құрметті қызметкері» белгісімен марапатталды.

Жоғарыда көрсетілген Ш.Мажитаеваның оқу-әдістемелік жұмыстарын, ғылыми еңбектерін ескере отырып, 2009 жылы Университет кеңесінде оған «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетіне еңбегін сіңірген қызметкер» атағы берілді.

Талай жылдар еңбектенуінің нәтижесінде жеткен жетістіктері ұшан-теңіз, бірнеше тілді жетік меңгерген полиглот-ғалым Шара Мажитаева қазіргі заман талабына сай өмір сүріп, қызмет етіп келеді. Жұмыстан, ізденуден шаршамайтын еңбекқор апамызға шәкірттері атынан қанатыңыз талмай, биіктерге самғай беріңіз дегіміз келеді.

Ж.Д. Рапишева,

*қазақ тіл білімі кафедрасының доценті
филология ғылымдарының кандидаты*

АВТОРЛАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР СВЕДЕНИЯ ОБ АВТОРАХ

- Аманбаева Г.Ю.** — заведующая кафедрой классической и русской филологии доктор филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Амангелдиева Г.С.** — журналистика кафедрасының оқытушысы, магистр, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Әбдуов М.І.** — филология факультетінің деканы филология ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Әбілқасов Ғ.М.** — қазақ тілі және мәдениеті кафедрасының аға оқытушысы, Қарағанды мемлекеттік техникалық университеті.
- Бейсентай А.Б.** — қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Жарылғапов Ж.Ж.** — қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Жұмағұлов С.Б.** — қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Каренов Р.С.** — менеджмент кафедрасының меңгерушісі экономика ғылымдарының докторы, профессор, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Кенжебекова Ж.А.** — қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Киынова Ж.К.** — доцент кафедры русского языка кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы.
- Қуанбаева Д.** — қазақ әдебиеті кафедрасының магистранты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Медеубаева К.** — қазақ тілінің практикалық курсы кафедрасының оқытушысы, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Медеубаева М.Қ.** — қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі, №18 жалпы білім беретін орта мектеп, Қарағанды.
- Мырзахметұлы М.** — филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы.
- Пак М.К.** — доцент кафедры классической и русской филологии доктор филологических наук, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.
- Рапишева Ж.Д.** — қазақ тіл білімі кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Рүстемова Ж.А.** — қазақ әдебиеті кафедрасының доценті филология ғылымдарының кандидаты, Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Сейткужина А.А.** — старший преподаватель кафедры общенаучных дисциплин, кандидат педагогических наук, Академия «Кокше», Кокшетау.
- Смағұлов Ж.Қ.** — қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры филология ғылымдарының докторы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті.
- Шигабиева А.Л.** — магистрант кафедры классической и русской филологии, Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова.

**2011 жылғы «Қарағанды университетінің хабаршысында»
жарияланған мақалалардың көрсеткіші.
«Филология» сериясы**

№ б.

ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛ БІЛІМІ

<i>Аманбаева Г.Ю., Шигабиева А.Л.</i> Қазақстандағы орыс тілінің жай-күйі проблемасы бойынша социолінгвистикалық зерттеу мәселесі	4	31
<i>Ермакова В.А.</i> Әр құрылымдағы тілдердегі «өз-бөгде» оппозитивті концепттерді паремиялық вербализациялау	2	4
<i>Ермекова Ж.Т.</i> Қостілді тұлғаның санасында бейнелер қалыптастырудың синергетикалық феномені	1	12
<i>Қиынова Ж.К.</i> Орыс тілі славянизмдерінің «мәдени жады» аясындағы семантикалық тарихы ..	4	22
<i>Оспанова Ж.М.</i> Менталдылық: әлемнің тілдік интерпретациясы	3	3
<i>Сабитова З.К.</i> Түркі бейнесіндегі тұлпар: орыс тіліндегі тілдік куәліктер	3	9
<i>Саметова Ф.Т.</i> Психолінгвистикалық тәжірибе концептің мәндік толуын айқындау құралы ретінде	2	10
<i>Сейітқожина А.А.</i> Фразеологизм мен мәтіннің эквиваленттілік мәселесі	4	27
<i>Смағұлова А.Б.</i> Сөйлеу формуласының лингвомәденитанымдық потенциалы (диахрониялық аспект)	1	3

ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Әбдікәрім Н.</i> Қазақ, монғол тілдерінде тұрлаулы мүшелердің берілу жолдары, ұқсастығы мен айырмашылықтары	2	16
<i>Ажарбекова Э.Н.</i> Белгісіздік мәнінің модаль сөздер арқылы берілуі	2	22
<i>Әділова А.С.</i> Мәтінаралық байланыстардың танымдық-прагматикалық әлеуеті	2	28
<i>Жұынтаева З.Н.</i> Детерминанттардың тарихи ескерткіштердегі сипаты	2	33
<i>Жұмақанова Л.Т., Мұхамеджанова Ш.Т.</i> Мәдениет контексіндегі тілдік құбылыстар	3	13
<i>Қазанбаева А.З.</i> М.Мақатаев лирикасындағы фразеологизмдердің қолданысы	2	78
<i>Қожақметова Ә.Т.</i> Ахмет Байтұрсыновтың көсемсөзіндегі білім мәселесі	2	72
<i>Құсайынова Ж.А.</i> Модальді мәнді кодтау, декодтау мәселесі	2	49
<i>Мажитаева Ш., Тажикеева А.</i> Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің уәжілігі (гендерлік қыры). ..	2	38
<i>Насыритдинова Ә.Н.</i> Қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық терминдердің қалыптасу кезеңдері. ..	2	57
<i>Рапишева Ж.Д.</i> Алғашқы ғылыми аударма әдебиет үлгілерінің сөздерді терминдеуге қатысы.....	1	18
<i>Рахымберлина С.Ә.</i> Бейресми есімдердің тарихи негіздері	2	66
<i>Сәдуақас Б.Қ., Ысқақов М.Р.</i> Тіл білімі теориясына грамматикалық конверсия терминін енгізу жайында	2	83
<i>Сейілхан А.Қ.</i> Ғаламның тілдік бейнесіндегі қазақтың көркемдік танымы	3	28
<i>Тұрсынова М.А.</i> Қырғыз тіліндегі екінші дәрежелі созылыңқы дауыстылар	3	23
<i>Түйте Е.Е.</i> Адамның психикалық жай-күйін білдіретін лексика	2	44
<i>Түйте Е.Е.</i> Психикалық жай-күйлердің іс-әрекет пен қалыпқа қатыстылығы	3	18

ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОРТАНУ

<i>Ақжүнісова Н.Б.</i> Көркемдік-эстетикалық ізденістер жүйесі	2	90
<i>Ақжүнісова Н.Б.</i> Тарихи романдағы тұлға тағылымы (С.Сматаевтың «Елім-ай» тарихи романы негізінде)	1	89
<i>Әбдиманұлы Ә.</i> Абайтанудың алғашқы баспалдағы	1	30
<i>Әбдуов М.І.</i> Жаманқұл шешеннің әдеби мұрасы	1	23
<i>Әбдуов М.І., Қуанбаева Д.</i> Айтыстағы шешендіктің қызметі	4	33
<i>Әбілқасов Ф.М.</i> Қазақтың би-шешендерінің асыл мұрасы	4	104
<i>Бейсенбай А.Б.</i> Мағжанның поэзиялық аудармалары	4	39
<i>Бралина С.Ж., Демьянова Ю.В.</i> Қазіргі ауызша әңгіменің жанрлық табиғаты	2	95
<i>Жарылғанов Ж.Ж.</i> С.Сейфуллиннің «Айшасы» және романтизм эстетикасы	4	51
<i>Жұмагелдин Ж.Ш.</i> 1940–50-жылдары әдеби мұраны игерудегі ізденістер	3	33
<i>Жұмағали З., Жұмағалиева Г.</i> Халық қамқоршылары	1	72
<i>Жұмағұлов С.Б.</i> Қ.Өмірәлиев және қазақ филологиясы	4	55

<i>Заикина Н.В., Сейдалиева А.Ш.</i> М.Әуезовтың «Абай жолы» романындағы болмыстардың орыс және ағылшын тілдеріне аударылу мәселесі	2	103
<i>Каренов Р.С.</i> «Сорғалаған нөсердей жырын тыңда Дулаттың...»	2	110
<i>Каренов Р.С.</i> Алаштың озық ойлы жырауларының бірі (Дулат жырау Бабатайұлының 210 жылдығына орай)	2	121
<i>Каренов Р.С.</i> Қуатты да терең ойға құрылған поэзиясы бар классик ақын (Нарманбет Орманбетұлына 150 жыл толуына орай)	1	59
<i>Каренов Р.С.</i> Ұрпақтан ұрпаққа өнегесі жайылған ұлағатты ұстаз ақын	3	72
<i>Каренов Р.С.</i> Халқымыздың әдеби өмірінде елеулі із қалдырған айтыс ақыны Сүйінбай Аронұлы ..	3	49
<i>Каренов Р.С.</i> «Зар заман» деп аталған кезеңнің ең көрнекті ақыны	4	73
<i>Каренов Р.С.</i> «Мен өмірді жырлау үшін келгемін...» (Мұқағали Мақатаевтың туғанына 80 жыл толуына орай)	1	48
<i>Каренов Р.С.</i> Шортанбай жыраудың үш зары.....	4	83
<i>Мырзахметұлы М.</i> Түрік халықтары тағдыры тарихтың алапат үш иірімінде	4	62
<i>Рақымов Б.С., Дәулетбаева Ш.С.</i> «Қабанбай батыр» жырының көркемдік мәселелері	2	100
<i>Рахимбаева Б.О., Әметова А.Ж.</i> Сын сапарында сомдалған сыншы	3	42
<i>Рүстемова Ж.А., Медеубаева К.</i> Қазақ балалар әдебиетіндегі жетім балалар тағдыры тақырыбы...	4	98
<i>Смағұлов Ж.Қ.</i> XX ғасырдың 1930-жылдарындағы көркемдік әдіс мәселелері	3	38
<i>Смағұлов Ж.Қ., Кенжебекова Ж.А.</i> Қазақ қоғамы және сал-серілер тұлғасы	4	45
<i>Төлеубаева К.А., Әбдуова Н.М.</i> Халық ақындарының шығармаларындағы мазмұн мен формадағы сабақтастық	1	35
<i>Төлеубаева К.А., Қасымов С.</i> Антиобраз және қаламгер тұғырнамасы	1	84
<i>Хамзин М.Х., Тажина М.А.</i> Орталық Қазақстан өңіріндегі кейбір ақындар шығармашылығындағы танымдық, идеялық ерекшеліктер.....	2	132
<i>Ысқақұлы С.</i> Шарғын Әлғазыұлы және оның Қытайдағы қазақ әдебиетінен алатын орны.....	3	90
<i>Ысқақұлы С.</i> Шылбының шығармашылық шырайы.....	1	43

САЛҒАСТЫРМАЛЫ ТІЛ БІЛІМІ

<i>Гулила Алтенбек.</i> Қазақ мәтіндеріндегі тілдік емес кателердің нәтижелерін тіркейтін Bi-gram буындық бағдарламасы	1	94
<i>Мұхамеджанова Ш.Т., Рахметуллина М.А.</i> Қазақ және француз тілдеріндегі сомафразеологиялық сөз тіркестеріндегі ұлттық-мәдени компоненттері.....	1	102
<i>Омашева Ж.М.</i> Салыстырмалы мотивология: теория және әдістер	2	138

ЖУРНАЛИСТИКА МӘСЕЛЕЛЕРІ

<i>Амангелдиева Г.С.</i> Н.Назарбаевтың публицистикасындағы ұлт мәселесі («Ғасырлар тоғысында» және «Тарих толқынында» кітаптары негізінде)	4	116
<i>Әбішева В.Т.</i> Журналистиканың деонтологиясы: мәселе тарихы жайлы.....	3	97
<i>Жәпек М.</i> Т.Рысқұловтың жарық көрген кейбір тарихи-публицистикалық еңбектеріне шолу	1	110

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

<i>Әбдірахманова Г.Х.</i> Көптілді топтардағы «Арнайы қазақ тілі» пәні бойынша оқыту тәжірибесінен	2	144
<i>Рүстемова Ж.А., Медеубаева М.Қ.</i> Оқыту әдістері және олардың қазақ әдебиетін оқытуда қолданылу ерекшеліктері.....	4	111
<i>Сәдуақас Б.Қ., Ысқақов М.Р.</i> Орыс сыныптарында қазақтың әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін оқыту ..	2	149

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ

<i>Әбдуов М.І.</i> Діни дастандарды зерттеудің маңызы	2	157
---	---	-----

СЫН

<i>Әбдуов М.І., Қазбеков Т.Б.</i> Сегіз қырлы, бір сырлы телегей дарын иесі Құлтума ақын туралы құнды зерттеу	3	103
---	---	-----

МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІ

<i>Мажитаева Ш.М., Рапишева Ж.Д.</i> Әдеби тіліміздің ғасырлық тарихын зерттеген ғалым	3	108
<i>Рапишева Ж.Д.</i> Ұстазымыз туралы бірер сөз.....	4	121
Түлектер құттықтаулары	4	6
Қарағанды мемлекеттік университеті: тарихы мен бүгінгі күні	4	9
Филология факультетінің тарихы	4	12
Шетел тілдері факультеті тарихы жайында	4	15
«Қарағанды университетінің хабаршысы» журналының «Филология» сериясы туралы	4	19
Лингвистикалық ғылым тарихының беттері.....	4	20

**Указатель статей, опубликованных
в «Вестнике Карагандинского университета» в 2011 году.
Серия «Филология»**

№ с.

ОБЩЕЕ И РУССКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Amanbayeva G.Y., Shigabiyeva A.L.</i> On prospects of Russian sociolinguistic monitoring in Kazakhstan	4	31
<i>Ермакова В.А.</i> Паремическая вербализация оппозитивных концептов «свой-чужой» в разноструктурных языках	2	4
<i>Ермекова Ж.Т.</i> Синергетический феномен формирования образов в сознании билингва.....	1	12
<i>Киынова Ж.К.</i> Семантическая история славянизмов в русском языке в свете их «культурной памяти»	4	22
<i>Оспанова Ж.М.</i> Ментальность: языковая интерпретация мира.....	3	3
<i>Сабитова З.К.</i> Тюркский кентавр: языковые свидетельства в русском языке	3	9
<i>Саметова Ф.Т.</i> Психолингвистический эксперимент как средство определения смыслового наполнения концепта.....	2	10
<i>Сейткужина А.А.</i> Проблема эквивалентности фразеологизма и текста	4	27
<i>Смагулова А.Б.</i> Лингвокультурологический потенциал речевых формул (диахронический аспект).....	1	3

КАЗАХСКОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Абдикарим Н.</i> Сходства и различия при выражении главных членов предложений в казахском и монгольском языках	2	16
<i>Адилова А.С.</i> Когнитивно-прагматический потенциал интертекстуальных связей.....	2	28
<i>Ажарбекова Э.Н.</i> Факты выражения неопределенности посредством модальных слов	2	22
<i>Жумаханова Л.Т., Мухамеджанова Ш.Т.</i> Языковые явления в контексте культуры.....	3	13
<i>Жуынтаева З.Н.</i> Характеристика детерминантов в исторических письменных памятниках	2	33
<i>Казанбаева А.З.</i> Особенности употребления фразеологизмов и устойчивых оборотов в лирике Мукагали Макатаева	2	78
<i>Кожяхметова А.Т.</i> Проблема знаний в публицистике Ахмета Байтурсынова.....	2	72
<i>Кусайынова Ж.А.</i> Проблемы кодирования модального значения, декодирования	2	49
<i>Мажитаева Ш., Тажикеева А.</i> Проблема мотивации пословиц и поговорок в казахском языке (гендерное свойство)	2	38
<i>Насыритдинова А.Н.</i> Этапы формирования научно-технических терминов в казахском языке	2	57
<i>Рапишева Ж.Д.</i> Терминологическая научная лексика казахского языка на ранних этапах ее формирования	1	18
<i>Рахымберлина С.А.</i> История развития неофициальных собственных имен.....	2	66
<i>Садуакас Б.К., Искаков М.Р.</i> О вводе термина грамматической конверсии в теорию языкознания.....	2	83
<i>Сейилхан А.К.</i> Казахское художественное познание в языковой картине мира	3	28
<i>Туйте Е.Е.</i> Лексика, выражающая психическое состояние человека	2	44
<i>Туйте Е.Е.</i> Соотнесенность психических состояний к действию и свойству	3	18
<i>Турсынова М.А.</i> Вторичные долгие гласные в киргизском языке	3	23

ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ И ФОЛЬКЛОРИСТИКА

<i>Абдиманулы О.</i> Ранние этапы становления абаеведения	1	30
<i>Абдуов М.И.</i> Литературное наследие оратора Жаманкула.....	1	23
<i>Абдуов М.И., Куанбаева Д.</i> Функция ораторства в айтысе	4	33
<i>Абылкасов Х.М.</i> Бесценное наследие казахских биев-ораторов	4	104
<i>Акжунисова Н.Б.</i> Значение образа в историческом романе (на основе романа С.Сматаева «Елім-ай»).....	1	89
<i>Акжунисова Н.Б.</i> Система художественно-эстетических поисков	2	90
<i>Бейсентай А.Б.</i> Поэтические переводы Магжана.....	4	39

<i>Бралина С.Ж., Демьянова Ю.В.</i> Жанровая природа современного устного рассказа	2	95
<i>Жарылганов Ж.Ж.</i> «Айша» С.Сейфуллина и эстетика романтизма	4	51
<i>Жумагали З., Жумагалиева Г.</i> Представители интересов народа	1	72
<i>Жумагелдин Ж.Ш.</i> Поиски нового в осмыслении литературного наследия 1940–50-х годов.....	3	33
<i>Жумагулов С.Б.</i> К.Омралиев и казахская филология	4	55
<i>Заикина Н.В., Сейдалиева А.Ш.</i> К проблеме перевода реалий в романе М.Ауэзова «Абай Жолы» на русский и английский языки	2	103
<i>Искакулы С.</i> Творческие грани поэта Шылбы	1	43
<i>Каренов Р.С.</i> «Слушайте ритмы эпохи от Дулата Бабатайулы...»	2	110
<i>Каренов Р.С.</i> Акын-наставник — пример для подражания	3	72
<i>Каренов Р.С.</i> Поэзия Дулата жырау Бабатайулы как вершина словесного искусства кочевых казахов	2	121
<i>Каренов Р.С.</i> Поэт-классик, чье поэтическое наследие отличается высокой художественностью и правдивостью (к 150-летию Нарманбета Орманбетулы)	1	59
<i>Каренов Р.С.</i> Творческая деятельность акына Сюинбая Аронулы в контексте отечественной поэзии	3	49
<i>Каренов Р.С.</i> «Я родился, чтобы воспевать жизнь...» (к 80-летию со дня рождения Мукагали Макатаева)	1	48
<i>Каренов Р.С.</i> Выдающийся поэт периода «Зар заман»	4	73
<i>Каренов Р.С.</i> О трех произведениях Шортанбай жырау	4	83
<i>Мырзахметулы М.</i> Судьба тюрских народов в водовороте сложных периодов истории	4	62
<i>Рахимбаева Б.О., Аметова А.Ж.</i> Критик, закаленный временем	3	42
<i>Рахимов Б.С., Даулетбаева Ш.С.</i> Художественные проблемы эпоса «Кабанбай батыр»	2	100
<i>Рустемова Ж.А., Медеубаева К.</i> Тема сиротства в казахской литературе	4	98
<i>Смагулов Ж.К.</i> Проблемы художественного метода в 1930-е годы XX века	3	38
<i>Смагулов Ж.К., Кенжебекова Ж.А.</i> Казахское общество и образ сал-сери	4	45
<i>Толеубаева К.А., Абдуова Н.М.</i> Взаимосвязи формы и содержания в произведениях казахских народных поэтов	1	35
<i>Толеубаева К.А., Касымова С.</i> Антиобраз и принципы писателя	1	84
<i>Хамзин М.Х., Тажина М.А.</i> Познавательные, идейные особенности творчества некоторых акынов Центрального Казахстана	2	132
<i>Искакулы С.</i> Творчество Шаргына Алгазыулы и казахская литература Китая	3	90

СОПОСТАВИТЕЛЬНОЕ ЯЗЫКОЗНАНИЕ

<i>Gulila Altenbek.</i> On the Bi-gram Model Based Auto Proofreading of Non-word Errors in Kazakh Texts	1	94
<i>Абишева В.Т.</i> Деонтология журналистики: к истории вопроса	3	97
<i>Мухамеджанова Ш.Т., Рахметуллина М.А.</i> Национально-культурные компоненты в соматическо-фразеологических словосочетаниях казахского и французского языков	1	102
<i>Омашева Ж.М.</i> Сопоставительная мотивология: теория и методы	2	138

ПРОБЛЕМЫ ЖУРНАЛИСТИКИ

<i>Амангелдиева Г.С.</i> Национальная идея в публицистике Н.Назарбаева (на основе книг «Ғасырлар тоғысында» и «Тарих толқынында»)	4	116
<i>Жапек М.</i> Обзор некоторых историко-публицистических публикаций Т.Рыскулова	1	110

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

<i>Абдрахманова Г.Х.</i> Из опыта обучения казахскому языку в полиязычных группах по дисциплине «Профессиональный казахский язык»	2	144
<i>Рустемова Ж.А., Медеубаева М.Қ.</i> Методы преподавания и особенности их использования при изучении казахской литературы	4	111
<i>Садуакас Б.К., Искаков М.Р.</i> Изучение казахских традиций, обрядов в русских классах	2	149

К 20-ЛЕТИЮ НЕЗАВИСИМОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

<i>Абдуов М.И.</i> Важность исследования религиозных эпосов	2	157
---	---	-----

КРИТИКА

<i>Абдуов М.И., Казбеков Т.Б.</i> Ценное исследование о творчестве Култума-акына — человека многогранно талантливому	3	103
--	---	-----

НАШИ ЮБИЛЯРЫ

<i>Мажитаева Ш.М., Рапишева Ж.Д.</i> Ученый, исследовавший вековую историю казахского литературного языка.....	3	108
<i>Рапишева Ж.Д.</i> Слово о наставнике.....	4	121

Поздравления выпускников	4	6
Карагандинский государственный университет: история и современность	4	9
История филологического факультета	4	12
Об истории факультета иностранных языков	4	15
О серии «Филология» журнала «Вестник Карагандинского университета»	4	19
Страницы истории лингвистической науки	4	20

Правила оформления статей

Для публикации в журнале «Вестник Карагандинского университета» принимаются статьи на казахском, русском и английском языках, содержащие результаты фундаментальных и прикладных исследований в области естественных и гуманитарных наук.

Объем статьи, включая библиографию, не должен превышать 10 страниц текста, набранного на компьютере (редактор Microsoft Word), минимальный объем статьи для гуманитарных направлений 6 страниц, естественных — 4 страницы. В издательство необходимо представить электронную версию статьи в полном соответствии с распечаткой. Страницы статьи должны быть пронумерованы.

К оформлению статей предъявляются следующие требования:

Поля рукописи должны быть: верхнее и нижнее — 25 мм, левое и правое — 20 мм; шрифт — Times New Roman, размер — 11 пт; межстрочный интервал — одинарный; выравнивание — по ширине; абзацный отступ — 0,8 см.

В верхнем левом углу дается УДК статьи.

По центру приводятся:

- название статьи (полужирное написание) на русском и казахском языках. Для серий «Математика», «Физика», «Химия» дополнительно дается название на английском языке.
- фамилии и инициалы авторов;
- полное название учреждения, которое представляет автор (с указанием города). Если авторы из разных учреждений, то соответствие между автором и учреждением устанавливается надстрочными индексами, например:

Иванов И.В.¹, Крылов С.П.²

¹Карагандинский государственный университет им. Е.А.Букетова;

²ТОО «Институт органического синтеза и углехимии НАН РК», Караганда

– электронный адрес;

– аннотации на казахском, русском и английском языках, отвечающие требованиям информативности, содержательности и качества перевода (7–8 строк).

Далее идет текст статьи, в конце которой — список использованной литературы с полным библиографическим описанием.

Список использованной литературы для серий «Математика», «Физика», «Химия» оформляется на английском языке (обязательно).

Например:

Для книг: Фамилии и инициалы авторов. Заглавие. — Сведения о повторности издания. — Место издания: Издательство, Год издания. — Количество страниц.

Например: Ильин В.А., Позняк Э.Г. Линейная алгебра. — 3-е изд. — М.: Наука, 1984. — 294 с.

Для статей из журналов: Фамилии и инициалы авторов. Название статьи // Заглавие издания. Серия. — Год издания. — Том. — Номер. — Страницы.

Например:

Панчук Д.А., Садакбаева Ж.К., Пуклина Е.А. и др. О структуре межфазного слоя на границе металлического покрытия–полимерная подложка // Российские нанотехнологии. — 2009. — Т. 4. — № 5–6. — С. 114–120.

Омарова Г.К. Влияние деформирования на скорость отверждения олигомеров // Вестн. Карагандинского ун-та. Сер. Химия. — 2010. — № 2(58). — С. 17–20.

Для материалов конференций, сборников трудов и т.д.: Фамилии и инициалы авторов. Название статьи // Заглавие издания: Вид издания. — Место, год издания. — Том. — Номер. — Страницы.

Например:

Бакиров Ж.Б. Исследование закритического прогиба пластин с учетом случайных факторов // Строительство: Тр. КарГТУ. — Вып. 1. — Караганда: Изд. КарГТУ, 1996. — С. 171–174.

Касенов Б.К., Ашляева И.В. О термодинамических свойствах арсенатов щелочноземельных металлов // Физико-химические исследования строения и реакционной способности вещества. — Караганда, 1988. — С. 124–131.

Иностранная литература оформляется по тем же правилам.

Первая ссылка в тексте на литературу должна иметь номер [1], вторая — [2] и т.д. по порядку. При ссылках на результат из книги указывается ее номер из списка литературы и (через точку с запятой) номер страницы, на которой опубликован этот результат. Например: [8; 325]. Ссылки на неопубликованные работы не допускаются.

В статье нумеруются лишь те формулы, на которые по тексту есть ссылки.

В таблицах, рисунках, формулах не должно быть разночтений в обозначении символов, знаков. Рисунки должны быть четкими, чистыми. На рисунки и таблицы в тексте должны быть ссылки.

Сведения о каждом из авторов включают следующую информацию: Фамилия Имя Отчество (полностью), должность, звание, ученая степень, место работы, город. Для серий «Математика», «Физика», «Химия» сведения об авторах даются на английском языке.

Обязательно приводятся контактные данные (телефон, e-mail) автора (или авторов).

При наличии источника финансирования исследования по направлениям «Математика», «Физика», «Химия» (гранты, госбюджетные программы) указывается информация о нем.